

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

### Бағалы қағаздар рыногы туралы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

*Осы Заңға өзгерістер енгізу туралы:*

*2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңын қараңыз (2026 ж. 1 мамырдан, 2026 ж. 1 шілдеден, 2027 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

2-бап. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдары

2-1-бап. Бағалы қағаздар нарығын және оның субъектілерін мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

3-бап. Бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу

3-1-бап. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне (бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларды және кәсіптік ұйымдарды қоспағанда) қолданатын шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялар

3-2-бап. Ертерек ден қою шаралары

3-3-бап. Қадағалап ден қою шаралары

3-4-бап. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары

3-5-бап. Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар

3-6-бап. Санкциялар

4-бап. Бағалы қағаздар рыногының объектілері

5-бап. Бағалы қағаздар рыногының субъектілері

5-1-бап. Білікті инвесторлар

#### 2-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу

6-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімі

7-бап. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару

8-бап. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу

9-бап. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі

10-бап. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік

тіркеуден бас тарту

11-бап. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу

12-бап. Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеуі

12-1-бап. Жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес облигацияларды шығару

12-2-бап. Өтеу мерзімі жоқ мемлекеттік емес облигацияларды шығару ерекшеліктері

13-бап. Облигациялық бағдарламаны және облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеудің ерекшеліктері

#### 3-тарау. Облигациялар шығару мен олардың айналысының ерекше талаптары

14-бап. Алып тасталды

15-бап. Мемлекеттік емес облигациялар шығарудың шарттары

16-бап. Айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын мемлекеттік емес облигациялар шығару

17-бап. Айырбасталатын облигациялар шығару

18-бап. Агенттік облигациялардың шығарылымы

18-1-бап. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарудың, айналысы мен өтелуінің ерекшеліктері

18-2-бап. Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы

18-3-бап. Номиналы шетел валютасында көрсетілген мемлекеттік емес облигациялар шығарудың ерекшеліктері

18-4-бап. Орналастырылған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алу

19-бап. Облигацияларды ұстаушылардың өкілі

20-бап. Өкілдің функциялары мен міндеттері

3-1-тарау. Орнықты дамудың мемлекеттік емес облигацияларын және орнықты дамумен байланысты мемлекеттік емес облигацияларды шығару ерекшеліктері

20-1-бап. Орнықты дамудың мемлекеттік емес облигациялары және орнықты дамумен байланысты мемлекеттік емес облигациялар

20-2-бап. Сыртқы бағалау (верификация)

4-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру

21-бап. Инвесторлардың эмиссиялық бағалы қағаздар шығару туралы ақпарат алуға құқығы

22-бап. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру тәртібі

22-1-бап. Шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару және (немесе) орналастыру шарттары мен тәртібі, сондай-ақ шет мемлекеттің аумағында бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы хабарлама

23-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарға ақы төлеу

24-бап. Акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп және акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғамның акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есеп

25-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру

26-бап. Инвесторларға эмиссиялық бағалы қағаздар орналастыруды тоқтата тұру туралы хабарлау

27-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану

5-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысы

28-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысының тәртібі

29-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысын тоқтата тұру

30-бап. Акциялар шығарылымын жою

30-1-бап. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын жою

31-бап. Бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеу. Төлем агенті. Облигацияларды өтеу

31-1-бап. Лицензиаттың қаржы өнімдерін бекітуі туралы хабардар етуі

32-бап. Мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабардар ету

5-1-тарау. Ислам бағалы қағаздарын шығарудың және олардың айналымының ерекшеліктері

32-1-бап. Исламдық қаржыландырудың негізгі принциптері

32-2-бап. Ислам бағалы қағаздарының түрлері

32-3-бап. Исламдық жалдау сертификаттары

32-4-бап. Исламдық қатысу сертификаттары

32-5-бап. Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің қызметі

32-6-бап. Ислам арнайы қаржы компаниясы

32-7-бап. Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі, Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылар өкілінің функциялары мен міндеттері

6-тарау. Туынды бағалы қағаздардың және туынды қаржы құралдарының айналымы

33-бап. Репо операциялар, туынды бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен мәмілелер

34-бап. Алып тасталды

35-бап. Қазақстанның депозитарийлік қолхаттарын шығару

7-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу және олар бойынша құқықтарды бастау

36-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу

37-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар кепілін тіркеу

37-1-бап. Банктерді біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру кезінде кепіл затын ауыстыру және акциялар бойынша құқықтар кепілін тіркеу

38-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды растау

38-1-бап. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған шетелдік есепке алу ұйымының дербес шотындағы эмиссиялық бағалы қағаздарға құқықтарды есепке алудың және растаудың ерекшеліктері

39-бап. Алып тасталды

40-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттары бойынша операцияларды тоқтата тұру.

8-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық құпия

41-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық құпия

42-бап. Алып тасталды

43-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпияны ашу

44-бап. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына қойылатын талаптар

9-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру тәртібі

45-бап. Бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымы

46-бап. Өтініш берушінің (лицензиаттың) жарғылық капиталын қалыптастыру

47-бап. Өтініш берушінің (лицензиаттың) құрылтайшылары мен акционерлері

47-1-бап. Лицензиаттың ұйымдық-құқықтық нысаны және органдары

48-бап. Өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары

49-бап. Лицензиаттың сақтауға міндетті пруденциялық нормативтері, қаржы тұрақтылығының өзге де көрсеткіштері мен өлшемдері (нормативтері)

49-1-бап. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі

50-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті лицензиялау

51-бап. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру. Лицензиядан айыру және қолданылуын тоқтату

52-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы қызмет туралы есептер

53-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға шектеулер және тыйым салу

53-1-бап. Лицензиат тарататын және орналастыратын жарнама

53-2-бап. Инвестициялық консультация беру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну ерекшеліктері

54-бап. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының басшы қызметкерлері

55-бап. Ұйымдық құрылымға қойылатын талаптар

55-1-бап. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және инвестициялық портфельді басқарушылар ірі қатысушыларының аудиті

56-бап. Жосықсыз іс-қимылға тыйым салу. Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау

56-1-бап. Инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды шектеу

10-тарау. Бағалы қағаздарын нақтылы ұстау

57-бап. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды жүзеге асыру тәртібі

58-бап. Нақтылы ұстаушының міндеттері

59-бап. Нақтылы ұстаушының функциялары. Нақтылы ұстаушының функцияларын жүзеге асыруға байланысты тыйым салу

60-бап. Нақтылы ұстау туралы шарт

61-бап. Нақтылы ұстаудағы бағалы қағаздармен мәмілені тіркеу

62-бап. Нақтылы ұстаушының ақпаратты ашуы

11-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызмет

63-бап. Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі

64-бап. Брокердің және (немесе) дилердің мәмілелер жасауы

64-1-бап. Өтініш берушілердің жолданымдарын қарау

12-тарау. Алып тасталды

13-тарау. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет

69-бап. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру

70-бап. Инвестициялық портфельді басқарушылардың функциялары

71-бап. Алып тасталды

72-бап. Инвестициялық комитеттің қызметі. Инвестициялық комитет мүшелеріне қойылатын талаптар

72-1-бап. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы

72-2-бап. Алып тасталды

72-3-бап. Қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары

72-4-бап. Инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының есептілігі

72-5-бап. Алып тасталды

14-тарау. Кастодиандық қызмет

73-бап. Кастодиандық қызметті жүзеге асыру тәртібі

74-бап. Кастодианның функциялары мен міндеттері

75-бап. Кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шарт

15-тарау. Трансфер-агенттік қызмет

76-бап. Трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі

77-бап. Трансфер-агенттің функциялары

15-1-тарау. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі

77-1-бап. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі

77-2-бап. Клиринг ұйымының функциялары

77-3-бап. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру қағидалары

16-тарау. Орталық депозитарий

78-бап. Орталық депозитарий қызметінің негізгі қағидааттары

79-бап. Орталық депозитарийді басқару

79-1-бап. Консультативтік кеңес

80-бап. Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру тәртібі

80-1-бап. Талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотта есепте тұрған активтерді басқару тәртібі

81-бап. Орталық депозитарийдің ережелер жинағы

82-бап. Орталық депозитарийдің қызметін шектеу

17-тарау. Сауда-саттықты ұйымдастырушы

83-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымы

84-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушыны басқару

85-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидалары

86-бап. Қор биржасының мүшелері

87-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметін қаржыландыру

88-бап. Қор биржасының қызметі

89-бап. Қор биржасының тізімі

90-бап. Алып тасталды

90-1-бап. Орталық контрагенттің қызметін жүзеге асыру шарттары мен тәртібі

90-2-бап. Орталық контрагенттің шектеулі жауапкершілігі және құқықтары

18-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіптік ұйымдар және өзара сақтандыру қоғамдары

91-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның міндеттері

92-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың құқықтық жағдайы

93-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның функциялары

94-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттары

95-бап. Алып тасталды

96-бап. Алып тасталды

97-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның уәкілетті органмен өзара қатынастары

98-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау тәртібі

99-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшеліктің тоқтатылуы

100-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелері клиенттерінің құқықтары мен мүдделерін

қорғау

100-1-бап. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының жауапкершілігін өзара сақтандыру қоғамдары

19-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы ақпарат

101-бап. Алып тасталды

102-бап. Эмитенттің ақпаратты жария етуі

103-бап. Лицензиаттың ақпаратты ашып көрсетуі

104-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушының ақпаратты ашып көрсетуі

105-бап. Инвестордың және тіркелген тұлғаның ақпаратты жария етуі

106-бап. Алып тасталды

107-бап. Уәкілетті органның ақпарат алу құқығы

20-тарау. Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін бақылау

108-бап. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушыларының, кәсіби ұйымдар мен эмитенттердің қызметін тексеру

109-бап. Алып тасталды

110-бап. Эмитенттің қызметін бақылау және қадағалау

111-бап. Лицензиаттың қызметін бақылау

112-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметін бақылау

21-тарау. Қорытынды ережелер

113-бап. Уәкілетті органның шешімдеріне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасау

113-1-бап. Акциялар эмиссиясы осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін тіркелген акционерлік қоғамдарда акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп не акциялар эмиссиясы жасалмады деп танудың салдарлары

113-2-бап. Алып тасталды

114-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен мәтін бойынша сөздер өзгертілді (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен бүкіл мәтін бойынша «қызметтік, коммерциялық», «коммерциялық, қызметтік» деген сөздер «коммерциялық» деген сөзбен ауыстырылды, «коммерциялық және қызметтік», «қызметтік және коммерциялық» деген сөздер «коммерциялық» деген сөзбен ауыстырылды (бұр.ред. қара); 2015.12.11. № 391-V ҚР Заңымен бүкіл мәтін бойынша «өзін-өзі реттейтін», «Өзін-өзі реттейтін» деген сөздер тиісінше «кәсіптік», «Кәсіптік» деген сөздермен ауыстырылды (ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара); 2013 ж. 1 қаңтардан бастап 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен бүкіл мәтін бойынша «бірыңғай тіркеуші»,

*«бірыңғай тіркеушінің» деген сөздер «тіркеуші», «тіркеушінің» деген сөздер деп есептелді; 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен бүкіл мәтін бойынша «аффилирленген» деген сөз «үлестес» деген сөзбен ауыстырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара); 2025.19.09. № 219-VIII ҚР Заңымен бүкіл мәтін бойынша «және терроризмді қаржыландыруға» деген сөздер «, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға» деген сөздермен ауыстырылды (2025 ж. 20 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

*2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен кіріспе алып тасталды (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

## 1-тарау. Жалпы ережелер

*07.07.04 ж. № 577-II ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2004.20.12. № 13-III ҚР Заңымен (01.01.05 ж. бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2005.21.04. № 46-III ҚР Заңымен; 2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2005.23.12. № 107-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2006.05.06 № 146-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2007.19.02 № 230-III (бұр.ред.қара); 2008.05.07 № 66-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара) (2009 ж. 1 қаңтарда қолданысқа енді ) 1-бап өзгертілді; 2008.20.11. № 88-IV ҚР Заңымен 1-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара); 2008.10.12. № 101-IV ҚР Заңымен (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2009.12.02. № 133-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2011.22.07. № 475-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1-бап өзгертілді; 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 1-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара)*

### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңның мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

1) агенттік облигация - эмитенті қаржы агенттігі немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға болып табылатын облигация;

2) айырбасталатын бағалы қағаз - акционерлік қоғамның шығару проспектісінде айқындалатын шарттармен және тәртіппен оның басқа түрдегі бағалы қағазына алмастыруға жататын бағалы қағазы;

3) андеррайтер - брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызметтер көрсететін бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 3-1) тармақшамен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

3-1) ашық сауда-саттық әдісі - сауда-саттыққа қатысушының өзі өтініш берген және сауда-саттыққа ықтимал шектеусіз қатысушылар саны арасында болжалды бәсеке болатын сауда-саттық әдісі;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-2) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

3-2) әлеуметтік облигациялар - орналастырудан түскен қаражаты әлеуметтік проблемаларды шешуге және (немесе) оң әлеуметтік өзгерістерге қол жеткізуге бағытталған жаңа және (немесе) қолданыстағы жобаларды ішінара немесе толық қаржыландыруға (қайта қаржыландыруға) бағытталатын облигациялар;

4) бағалы қағаз - мүліктік құқықтарды куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілеулердің жиынтығы;

5) бағалы қағаздарды номиналды ұстау - номиналды ұстау шартына не осы Заңға сәйкес бағалы қағаздарды ұстаушылар атынан және есебінен белгілі бір заңды іс-әрекеттерді жасау, сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу мен растау және осындай ұстаушылардың бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелерді тіркеу;

6) бағалы қағаздардың бағасын белгілеу - ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында белгілі бір уақыт кезінде бағалы қағаз бойынша сұраныстың және (немесе) ұсыныстың жарияланған бағасы;

7) бағалы қағаздардың бастапқы рыногы - эмитенттің бағалы қағаздардың қайталама рыногында өзі бұрын сатып алған эмиссиялық бағалы қағаздарын бұдан әрі орналастыруын қоспағанда, эмитенттің (андеррайтердің немесе эмиссиялық консорциумның) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруы;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 7-1) тармақшамен толықтырылды*

7-1) бағалы қағаздардың биржалық нарығының интеграцияланған ақпараттық жүйесі - қор биржасының материалдық-техникалық құралдары мен ішкі құжаттарының кешені, оларды пайдалана отырып оның пайдаланушылары арасында белгіленімдермен алмасуға қолдау көрсетіледі және мәмілелер жасасу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі;

8) бағалы қағаздардың қайталама рыногы - орналастырылған бағалы қағаздардың айналысы процесінде бағалы қағаздар рыногының субъектілері арасында қалыптасатын құқықтық қатынастар;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 8-1) тармақшамен толықтырылды*

8-1) бағалы қағаздарды шығару шарттары - эмитент, сатылымға болжанатын эмиссиялық бағалы қағаздар, шығарылымның көлемі, шығарылымдағы бағалы қағаздардың саны, олардың шығарылу, орналастырылу, айналыста болу, дивидендтер (сыйақы) төлеу, өтеу рәсімі мен тәртібі туралы мәліметтерді және инвестордың бағалы қағаздар сатып алу туралы шешіміне ықпал етуі мүмкін басқа да ақпаратты қамтитын құжат (бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі, жеке меморандум, айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын облигациялардың шығарылымы туралы мәліметтер, шығарылым талаптарын айқындайтын өзге құжат);

*2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 9) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

9) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесі - белгілі бір уақыт кезінде эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқық ұстаушыларды сәйкестендіруді, бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін эмитент, эмиссиялық бағалы қағаздар және оларды ұстаушылар туралы мәліметтердің жиынтығы, сондай-ақ осы бағалы қағаздар бойынша айналымға немесе құқықтарды жүзеге асыруға арналып тіркелген шектеулердің сипаты және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес өзге де мәліметтер;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 9-1) тармақшамен толықтырылды (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді)*

9-1) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы - өз қызметін бағалы қағаздар нарығында лицензия негізінде не Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлға, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 10) тармақша жаңа редакцияда*

10) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау - бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің және өзге тұлғалардың бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына, оның ішінде шетелдік валюталар мен туынды қаржы құралдарына ұсыныс пен сұраныстың

объективті арақатынасы нәтижесінде орныққан бағалардан (бағамдардан) жоғары немесе төмен бағаларды (бағамдарды) белгілеуге және (немесе) ұстап тұруға, бағалы қағазбен немесе өзге де қаржы құралымен сауда көрінісін жасауға бағытталған әрекеттері;

11) 2021.02.01. № 399-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

12) бағалы қағазды ұстаушы - бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген, бағалы қағаздар бойынша құқықтарға ие тұлға, сондай-ақ пайларын ұстаушылар ортақ үлестік меншік құқығында инвестициялық пай қоры активтерінің құрамына кіретін бағалы қағаздар бойынша құқықтарды иеленетін инвестициялық пай қоры;

13) базалық актив - стандартталған тауарлар партиясы, бағалы қағаздар, валюта, қаржы құралдары және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де көрсеткіштер;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 13-1) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

13-1) бас қаржылық келісім - талаптарымен туынды қаржы құралдарымен мәмілелер, репо операциялар және (немесе) объектісі бағалы қағаздар, валюта және (немесе) өзге де қаржы құралдары болып табылатын өзге де мәмілелер жасалатын, үлгілік талаптарын кәсіптік ұйым немесе осы Заңда белгіленген жағдайларда шетелдік кәсіптік ұйым әзірлеген келісім;

14) 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

15) 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) 15-1) тармақшамен толықтырылды (2019 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді)*

15-1) биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының интеграцияланған ақпараттық жүйесі - орталық депозитарийдің материалдық-техникалық құралдары мен ішкі құжаттарының кешені, оларды пайдалана отырып ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында белгіленімдермен алмасуға қолдау көрсетіледі және мәмілелер жасасу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі;

16) брокер - клиенттің тапсырмасы бойынша, оның есебінен және мүдделерін көздеп, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;

17) бұйрық - қаржы құралдарын ұстаушы (сатып алушы) өзіне тиесілі қаржы құралдарына немесе қаржы құралдарын сатып алуға арналған ақшаға қатысты белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруды көрсете отырып, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушыға табыс ететін құжат;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) 17-1) тармақшамен толықтырылды*

17-1) бірыңғай оператор - Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы [заңнамасына](#) сәйкес айқындалған мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор;

18) 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

19) дара инвестор - институционалдық инвестор болып табылмайтын инвестор;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР [Заңымен](#) 20) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

20) делистинг - бағалы қағаздарды сауда-саттық ұйымдастырушының ресми тізімінен шығарып тастау;

21) депозитарийлік қолхат - осы депозитарийлік қолхаттың базалық активі болып табылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың белгілі бір санына меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 22) тармақша жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 22) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

22) депозитарийлік қызмет - басқа номиналды ұстаушылар, орталық депозитарийдің клиенттері болып табылатын ұйымдар үшін бағалы қағаздарды номиналды ұстау қызметтерін көрсету және қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру жөніндегі қызмет;

23) 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*  
*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 24) тармақша жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

24) депонент - орталық депозитарийдің осы Заңның 59-бабының 1-тармағында айқындалған функцияларды жүзеге асыратын клиенті;

25) дефолт - эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы;

26) дилер - ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында оған тікелей кіру құқығымен өз мүдделерін көздеп және өз есебінен эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 26-1) тармақшамен толықтырылды; 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 26-1) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

26-1) ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы;

*2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 27) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

27) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздар - шығарылуын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган тіркеген бағалы қағаздар;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 27-1) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

27-1) «жасыл» облигациялар - орналастырудан түскен қаражаты жаңа және (немесе) қолданыстағы «жасыл» жобаларды ішінара немесе толық қаржыландыруға (қайта қаржыландыруға) бағытталатын облигациялар;

28) жеке шот - бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде қамтылатын, эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдары бойынша мәмілелерді тіркеу және құқықтарды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны біржақты сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 29) тармақша өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

29) жеке шоттан үзінді - орталық депозитарий немесе номиналды ұстаушы беретін және белгілі бір уақыт кезінде қаржы құралдары бойынша тіркелген тұлғаның құқықтарын растайтын, бағалы қағаз болып табылмайтын құжат;

30) 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңына сәйкес 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылды *(бұр.ред.қара)*

31) инвестициялық жоба - инвестициялаудан белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған және инвестицияларды көздейтін, сондай-ақ белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаты бар іс-шаралар кешені;

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 32) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 32) тармақша өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

32) инвестициялық комитет - бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының меншікті активтеріне және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушыға инвестициялық басқаруға берілген активтерге қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдауды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының (трансфер-агентті қоспағанда) алқалы органы;

*2018.04.07. № 174-VI ҚР Заңымен 33) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

33) инвестициялық портфель - бағалы қағаздар рыногы субъектісінің меншігіндегі немесе басқаруындағы әртүрлі қаржы құралдарының не Қазақстан Республикасының инвестициялық және венчурлік қорлар туралы [заңнамасында](#) белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық қор мүлкінің жиынтығы;

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 34) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

34) инвестициялық портфельді басқарушы - азаматтық құқықтар объектілерін басқару жөніндегі қызметті клиенттің мүдделерін көздеп және соның есебінен өз атынан жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы;

35) инсайдер - инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға;

36) инсайдерлік ақпарат - бағалы қағаздар, (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат;

37) институционалдық инвестор - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыру мақсатымен қаражат тартушы заңды тұлға;

*2015.31.10. № 380-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2025.15.03. № 172-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 38) тармақша жаңа редакцияда*

38) инфрақұрылымдық облигация - эмитент міндеттемелерінің орындалуы мемлекет пен эмитент арасында жасалған инфрақұрылымдық жобаны іске асыру жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты шеңберінде мемлекет кепілгерлігімен қамтамасыз етілген, мемлекетке берілетін объект құнына сәйкес сомадағы облигация;

*2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 39) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

39) ипотекалық облигация - ипотекалық қарыз шарттары бойынша талап ету құқығы кепілімен (ипотекалық куәліктер кепілін қоса алғанда), сондай-ақ тізбесі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін өзге де өтімділігі жоғары активтер кепілімен қамтамасыз етілген облигация;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 40) тармақша жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

40) ислам арнайы қаржы компаниясы - ислам бағалы қағаздарын шығаруды жүзеге асыратын, осы Заңға сәйкес акционерлік қоғамның не жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын заңды тұлға, сондай-ақ мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы;

41) ислам арнайы қаржы компаниясы бөлген активтер - ислам арнайы қаржы компаниясы сатып алатын мүлік және талап ету құқықтары, олар бойынша түсімдер;

42) ислам бағалы қағаздары - шығару шарттары исламдық қаржыландыру принциптеріне сәйкес келетін, материалдық активтердегі бөлінбейтін үлесті иелену құқығын және (немесе) оларды пайдаланудан түскен активтерге және (немесе) табыстарға,

қаржыландырылуы үшін осы бағалы қағаздар шығарылған нақты жобалардың қызметтеріне немесе активтеріне билік ету құқығын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаздар;

43) ислам бағалы қағаздарын өтеу - ұстаушыға тиесілі ислам бағалы қағаздары санының осы шығарылымдағы ислам бағалы қағаздарының жалпы саны қатынасына барабар үлеске сәйкес келетін ақша сомасын бөлінген активтер есебінен ислам бағалы қағаздарын шығару проспектісінде белгіленген мерзімдерде төлеу;

44) ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі - эмитентпен жасалған шарттың негізінде ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүддесінде әрекет ететін ұйым;

45) ислам бағалы қағаздарының номиналды құны - ислам бағалы қағаздарын шығару проспектісінде белгіленген шарттар бойынша оларды бастапқы орналастыру аясында сатып алу кезінде инвестор төлейтін ислам бағалы қағаздары құнының ақшалай түрі;

46) кастодиан - қаржы құралдары мен клиенттер ақшасын есепке алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, клиенттердің құжаттық қаржы құралдарының сақталуы жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдай отырып, оларды сақтауды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;

47) клиент - бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы көрсететін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдаланғысы келетін тұлға;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 47-1) тармақшамен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 47-1) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

47-1) клирингтік қатысушы - клирингтік ұйыммен (орталық контрагентпен) клирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асыру туралы шарт жасасқан заңды тұлға;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 47-2) тармақшамен толықтырылды; 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 47-2) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

47-2) клирингтік қызметті жүзеге асыруға арналған шоттар - клирингтік ұйымның осы Заңның 77-1-бабы 4-1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген активтерін есепке алу үшін клирингтік ұйымның атына ашылған шоттар;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 47-3) тармақшамен толықтырылды; 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 47-3) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

47-3) клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік қорлары - клирингтік қатысушылардың жарналары есебінен қалыптастырылған және клирингтік қатысушыларға қызмет көрсету, сондай-ақ клирингтік қатысушылардың клирингтік ұйым (орталық контрагент) алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету кезінде клирингтік ұйым (орталық контрагент) қызметінің тәуекелдерін төмендетуге арналған қаражат;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 47-4) тармақшамен толықтырылды*

47-4) клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) резервтік қоры - клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) меншікті активтері есебінен қалыптастырылған және клирингтік ұйым (орталық контрагент) қызметінің тәуекелдерін төмендетуге арналған қаражат;

*2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 48) тармақша өзгертілді (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

48) қазақстандық депозитарийлік қолхат - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарының белгілі бір санына меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз;

*2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 49) тармақша өзгертілді (бұр.ред. қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 49) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара); 2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 49) тармақша өзгертілді*

49) қамтамасыз етілген облигация - эмитент міндеттемелерін орындау эмитент мүлкінің кепілімен, банк кепілдігімен және (немесе) мемлекет кепілдігімен және (немесе) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға уәкілеттік берілген банк болып табылатын ұлттық даму институтының кепілдігімен және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, акцияларының бақылау пакеттері ұлттық басқарушы холдингке тиесілі кәсіпкерлікті дамытудың арнаулы қорының және (немесе) өзге де заңды тұлғаның және (немесе) ұлттық басқарушы холдингтің кепілдігімен толық немесе ішінара қамтамасыз етілген облигация;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 50) тармақша жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

50) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі - қаржы құралдарымен мәмілелерге қатысушылардың талаптары және (немесе) міндеттемелері туралы ақпаратты айқындау, тексеру және беру процесі;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 51) тармақша өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

51) қаржы құралдарын материалсыздандыру - құжаттық нысанда шығарылған қаржы құралдарымен куәландырылатын құқықтарды растау тәсілін осы құқықтарды орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі электрондық жазбалармен растау арқылы өзгерту;

52) қаржы рыногы - қаржы қызметін көрсету мен тұтынуға және қаржы құралдарының айналымына байланысты қатынастар жиынтығы;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 52-1) тармақшамен толықтырылды; 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 52-1) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

52-1) қатысудың клирингтік сертификаты - орталық контрагенттің функцияларын орындайтын клирингтік ұйым шығаратын және оның иесінің клирингтік ұйымның кепілдік қорындағы активтердің үлесіне құқығын куәландыратын эмиссиялық емес бағалы қағаз;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 52-2) тармақшамен толықтырылды*

52-2) ковенанттар (шектеулер) - басталуы мемлекеттік емес облигациялар эмитентінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген міндеттемелердің туындауына алып келетін жағдайлар;

*2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 53) тармақша өзгертілді*

53) қор биржасы - акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде жиырма бес пайызы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне тиесілі, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 53-1) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

53-1) қор биржасының ресми тізімі - енгізу және болу үшін бағалы қағаздар мен бағалы қағаздар эмитенттері қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің және қор биржасының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келетін қор биржасы тізімінің бір бөлігі;

54) қор биржасының сауда жүйесі - осы қор биржасының мүшелері арасында эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер оларды пайдалана отырып жасалатын қор биржасының материалдық-техникалық құралдарының, ішкі құжаттарының және өзге де қажетті активтері мен рәсімдерінің кешені;

55) қор биржасының трейдері - осы қор биржасының сауда жүйесін пайдалана отырып, қор биржасы мүшесінің атынан мәмілелер жасасуға және өзге де іс-әрекеттерді орындауға уәкілеттік берілген жеке тұлға;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 55-1) тармақшамен толықтырылды; 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 55-1) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа*

*енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 55-1) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

55-1) қор биржасының тізімі - қор биржасының сауда жүйесінде айналысқа рұқсат етілген қаржы құралдарының қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес жасалған тізімі;  
*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 55-2) тармақшамен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

55-2) корпоративтік оқиғалар - эмитент қызметіне елеулі әсер ететін, бағалы қағаздарды ұстаушылар мен эмитент инвесторларының осы Заңның [102-бабында](#) айқындалған мүдделерін қозғайтын оқиғалар;

56) құжатсыз бағалы қағаз - құжатсыз нысанда (электрондық жазбалардың жиынтығы түрінде) шығарылған бағалы қағаз;

57) құжаттық бағалы қағаздар - құжаттық нысанда шығарылған (қағаздағы немесе арнайы техникалық құралдарды пайдаланбастан бағалы қағаздың мазмұнын тікелей оқу мүмкін болатын өзге де материалдық жеткізгіштегі) бағалы қағаздар;

58) левередж - эмитенттің міндеттемелері мен өзіндік капиталы мөлшерлерінің арасындағы арақатынас;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 59) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 59) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

59) листинг - қор биржасының бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізу және онда болу үшін қор биржасының ішкі құжаттарында бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы (листингтік) талаптар белгіленген осы тізімге бағалы қағаздарды енгізу;

*2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 60) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 60) тармақша жаңа редакцияда (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

60) лицензиат - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген лицензия негізінде бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 60-1) тармақшамен толықтырылды; 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 60-1) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

60-1) маржалық жарна - клирингтік ұйым (орталық контрагент) алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде клирингтік қатысушы енгізетін ақша және (немесе) өзге қаржы құралдары;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 60-2) тармақшамен толықтырылды*

60-2) маржиналдық мәміле - бағалы қағаздарды номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығына ие брокер және (немесе) дилер өз клиентінің тапсырмасы негізінде жасайтын, брокер және (немесе) дилер клиентке қайтарымдылық, мерзімділік пен төлемділік талаптарында ұсынған ақшаны немесе бағалы қағаздарды пайдалана отырып есеп айырысу жүргізілетін бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі;

61) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар - мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылмайтын акциялар, облигациялар және өзге де эмиссиялық бағалы қағаздар;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 61-1) тармақшамен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

61-1) мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган құратын, мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығаруды жүзеге асыратын ислам арнайы қаржы компаниясы;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 62) тармақша жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

Документ: Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасының Заңы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

62) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз - Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және жергілікті атқарушы органдар қарыз алушы болатын қарызға қатысты оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын немесе жалдау шарты негізінде активтерді пайдаланудан табыстар алуға оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 63) тармақша жаңа редакцияда; 2025.19.09. № 219-VIII ҚР Заңымен 63) тармақша өзгертілді (2025 ж. 20 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара); 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 63) тармақша жаңа редакцияда (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

63) мінсіз іскерлік бедел - адамның, оның ішінде:

аталған адамның қаржы ұйымын мәжбүрлеп таратуға алып келген төлем қабілетсіздігіне не банкке реттеу режимін қолдануға алып келген құқыққа қайшы әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасау;

аталған адамның алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы, оның ішінде адамға қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкері лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы заңды күшіне енген сот актісінің болуы;

қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның мәліметтері негізінде әрекеттері қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға ықпал еткен үшінші тұлғалармен қарым-қатынасының (үшінші тұлғалардың бақылауы мен ықпалының) болуы фактілерінің жоқтығымен расталатын кәсіпқойлығы мен адалдығы;

64) мүдделер қақтығысы - бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар мен олардың клиенттерінің мүдделері бір-біріне сай келмейтін жағдай;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 64-1) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

64-1) нетто-міндеттеме (нетто-талап) - бас қаржылық келісімде айқындалған тәртіппен және шарттарда тарату неттингін жүзеге асыру (қолдану) нәтижесінде туындайтын (есептелетін) ақшалай міндеттеме (ақшалай талап);

*2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 65) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

65) номиналды ұстауды есепке алу жүйесі - номиналды ұстау қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының бағалы қағаздарды ұстаушылар және оларға тиесілі бағалы қағаздар туралы мәліметтері бар, уақыттың белгілі бір кезінде бағалы қағаздарды сәйкестендіруді, олармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін есепке алу жүйесі, сондай-ақ осы бағалы қағаздардың айналымына немесе олар бойынша құқықтарды жүзеге асыруға арналып тіркелген шектеулердің сипаты және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге де мәліметтер;

66) облигацияларды өтеу - эмитенттің орналастырылған облигацияларды сыйақы және облигацияның номиналды құнын төлеу (кейіннен сату мақсатынсыз) немесе оны облигациялар шығару проспектісінде белгіленген тәртіппен сол эмитенттің акциясына (акцияларына) айырбастау арқылы айналымнан алып қою жөніндегі іс-әрекеті;

67) облигацияларды ұстаушылардың өкілі - бағалы қағаздардың қайталама рыногындағы облигациялар айналымы, облигациялар бойынша сыйақы төлеу және оларды өтеу процесінде эмитентпен жасалған шарт негізінде облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін көздеп іс-әрекет жасайтын ұйым;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 67-1) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

67-1) облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарлама - эмитенттің орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі жалпы стратегиясын, өзі шығаратын «жасыл» және (немесе) әлеуметтік облигациялардың және (немесе) орнықты даму облигацияларының және (немесе) орнықты дамумен байланысты облигациялардың орнықты даму саласындағы халықаралық танылған стандарттарға сәйкестігін, оның ішінде осы облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны нысаналы пайдалану, осы ақшаны басқару (есепке алу), сыртқы бағалауды алу, верификация, кейіннен ақпаратты ашу бөлігінде сәйкестігін айқындайтын құжат;

68) облигациялық бағдарлама - эмитент облигациялардың бірнеше шығарылымын, оның ішінде шығарылымның тиісті проспектісінде айқындалатын әртүрлі құрылыммен шығаруды жүзеге асыруға құқылы болатын шекте облигациялар шығару;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 69) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))*

69) облигацияның номиналды құны - облигация құнының шығарылым шарттарында айқындалған ақшалай мәні;

70) оқшаулау - бағалы қағаздардың сақталуына кепілдік беру мақсатымен жүзеге асырылатын, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде және номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде бағалы қағаздармен жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге уақытша тыйым салу;

*2015.24.11. № 422-V ҚР [Заңымен](#) 71) тармақша жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); 2019.03.07. № 262-VI ҚР [Заңымен](#) 71) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))*

71) оригинатор - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның талаптарына сай келетін, сатып алу-сату шартының негізінде активтерді ислам арнайы қаржы компаниясына беретін және (немесе) ислам арнайы қаржы компаниясының құрылтайшысы болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган;

72) орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздар - бағалы қағаздардың бастапқы рыногында инвесторлар ақысын толық төлеген эмиссиялық бағалы қағаздар;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 72-1) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

72-1) орнықты дамумен байланысты облигациялар - сипаттамалары эмитенттің өзі айқындаған орнықты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізуіне қарай өзгеруі мүмкін мемлекеттік емес облигациялар;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 72-2) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

72-2) орнықты даму облигациялары - орналастырудан түскен қаражаты «жасыл» және әлеуметтік жобалардың ішінара немесе толық үйлесімін қаржыландыруға (қайта қаржыландыруға) бағытталатын облигациялар;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) 73) тармақша жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))*

73) орталық депозитарий - осы Заңның [45-бабының 2-1-тармағында](#) көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыратын мамандандырылған коммерциялық емес акционерлік қоғам;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) 74) тармақша өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))*

74) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесі - депозитарлық қызметті және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде орталық депозитарий қалыптастыратын мәліметтер жиынтығы;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР [Заңымен](#) 75) тармақша жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))*

75) орталық контрагент - қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын және ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында, сондай-ақ тауар биржасында қаржы құралын әрбір сатушы және әрбір сатып алушы үшін жасалатын мәмілелер бойынша тарап ретінде әрекет ететін ұйым;

*2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 76) тармақша өзгертілді (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

76) өзін-өзі реттейтін ұйым - бағалы қағаздар рыногында өз қызметінің бірыңғай қағидалары мен стандарттарын белгілеу мақсатымен қауымдастық (одақ) нысанында қаржы ұйымдары құрған заңды тұлға;

*2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 77) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 77) тармақша жаңа редакцияда (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

77) өтініш беруші - бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алу мақсатында қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға құжаттарды ұсынған заңды тұлға, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы;

*2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 78) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

78) пруденциялық нормативтер - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген және лицензиат сақтауға тиіс нормалардың қаржылық көрсеткіштері;

79) резервтік қор - қалыптастыру және пайдалану тәртібі ислам бағалы қағаздарын шығару перспектiсiнде айқындалатын ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған ақшаны инвестициялау нәтижесiнде туындайтын залалдарды жабуға арналған қаражат;

80) рейтинг - белгiлi бiр эмитенттiң шамамен алғандағы кредит қабiлетiн немесе оның бағалы қағаздарының сапасы мен сенiмдiлiгiн белгiлейтiн бағаның жеке сандық және әрiппен белгiленген көрсеткiшi;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 81) тармақша жаңа редакцияда (2019 ж. 1 шiлдеден бастап қолданысқа енгiзiлдi) (бұр.ред.қара)*

81) сауда-саттықты ұйымдастырушы - осы Заңға сәйкес орталық депозитарийдiң клиенттерi арасындағы белгiленiмдермен алмасу жүйесiн пайдалану және оған қолдау көрсету арқылы сауда-саттықты ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етудi жүзеге асыруы кезiндегi қор биржасы немесе орталық депозитарий;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгiзiлдi) (бұр.ред. қара) 82) тармақша жаңа редакцияда*

82) тарату неттингi - бас қаржылық келiсiмнiң ережесi, оның негiзiнде бас қаржылық келiсiмде айқындалған оқиға басталған кезде барлық ақшалай мiндеттемелер (ақшалай талаптар), сондай-ақ қамтамасыз ету ақысын берудi (енгiзудi) қоса алғанда, бас қаржылық келiсiм шеңберiнде жасалған барлық мәмiлелер бойынша мүлiктi беру жөніндегi барлық мiндеттемелер (талаптар) көрсетiлген мiндеттемелер (талаптар) осындай оқиға басталған кезде орындалуға жататынына не орындалуға жатпайтынына қарамастан, жаңарту, тоқтату арқылы немесе бас қаржылық келiсiмде айқындалған өзгеше тәсiлмен орындалу мерзiмi басталған болып есептелетiн бiр нетто-мiндеттемеге (нетто-талапқа) ауыстырылады (автоматты түрде немесе тараптардың бiреуiнiң таңдауы бойынша);

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 83) тармақша жаңа редакцияда (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгiзiлдi) (бұр.ред.қара)*

83) төлем агенті - банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы немесе банк операцияларының жекелеген түрлерiн жүзеге асыратын ұйым;

84) трансфер-агент - өз клиенттерінің арасында құжаттар (акпараттар) қабылдау мен беру жөнінде қызмет көрсететін бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 85) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

85) туынды бағалы қағаздар - осы туынды бағалы қағаздардың базалық активіне қатысты құқықтарды куәландыратын бағалы қағаздар (туынды бағалы қағаздар туынды қаржы құралы болып табылмайды, бірақ туынды қаржы құралының базалық активі бола алады);

86) тіркелген тұлға - бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушыны есепке алу жүйесінде ашылған жеке шоты бар тұлға;

87) 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңына сәйкес 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылды *(бұр.ред.қара)*

88) 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред. қара)*  
*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 89) тармақша өзгертілді (2019 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

89) ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногы - эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналым саласы, олармен жасалатын мәмілелер қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 90) тармақша жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 90) тармақша өзгертілді (2019 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

90) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы - бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының айналым саласы, онда бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен, оның ішінде шетел валюталарымен және туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылады;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 91) тармақша жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

91) халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) - бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарын сәйкестендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында оларға орталық депозитарий беретін әріптік-цифрлық код;

92) хеджирлеу - хеджирлеу объектісі бағасының немесе өзге де көрсеткішінің қолайсыз өзгеруі нәтижесінде туындайтын ықтимал залалды өтеу мақсатында жасалатын туынды қаржы құралдарымен операциялар. Бұл ретте, активтер және (немесе) міндеттемелер, сондай-ақ көрсетілген активтерге және (немесе) міндеттемелерге немесе күтілетін мәмілелерге байланысты ақша легі хеджирлеу объектісі деп танылады;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 92-1) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді); 2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 92-1) тармақша жаңа редакцияда (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

92-1) шетелдік есепке алу ұйымы - орталық депозитарийдің клиенті болып табылатын, шетелдік есепке алу ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған талаптарды ескере отырып, осы Заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген номиналды ұстаушының функцияларына ұқсас функцияларды жүзеге асыратын шетелдік ұйым;

*2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 92-2) тармақшамен толықтырылды (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді)*

92-2) шетелдік кәсіптік ұйым - уәкілетті орган бекіткен тізбеге кіретін, қаржы нарықтарында бірыңғай қағидаларды және (немесе) стандарттарды белгілейтін, заңды тұлға болып табылмайтын халықаралық ұйым, шетелдік заңды тұлға немесе шетелдік ұйым;

*2026.16.01. № 259-VIII ҚР [Заңымен](#) 92-3) тармақшамен толықтырылды (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)*

92-3) шетелдік есепке алу ұйымы - орталық депозитарийдің клиенті болып табылатын, шетелдік есепке алу ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған талаптарды ескере отырып, осы Заңның [59-бабының 1-тармағында](#) белгіленген номиналды ұстаушының функцияларына ұқсас функцияларды жүзеге асыратын шетелдік ұйым;

*2026.16.01. № 259-VIII ҚР [Заңымен](#) 92-4) тармақшамен толықтырылды (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)*

92-4) шетелдік кәсіптік ұйым - уәкілетті орган бекіткен тізбеге кіретін, қаржы нарықтарында бірыңғай қағидаларды және (немесе) стандарттарды белгілейтін, заңды тұлға болып табылмайтын халықаралық ұйым, шетелдік заңды тұлға немесе шетелдік ұйым;

93) шетелдік мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз - қарыз алушы шет мемлекеттің үкіметі болатын қарызға қатысты оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз не шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздарға жатқызылған өзге де бағалы қағаз;

94) шығарылым құрылымы - шығарылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың саны, олардың түрі, номиналды құны (облигациялар үшін) туралы мәліметтер;

95) ішкі құжаттар - бағалы қағаздар рыногы субъектісінің, оның органдарының, құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдарының, өкілдіктерінің), қызметкерлерінің қызмет жағдайлары мен тәртібін, қызметтер көрсетуін және оларға ақы төлеу тәртібін реттейтін құжаттар;

96) эмиссиялық бағалы қағаздар - бір шығарылым шегінде біртекті белгілері мен реквизиттері болатын, осы шығарылым үшін бірыңғай жағдайлар негізінде орналастырылатын және айналымға түсетін бағалы қағаздар;

97) эмиссиялық бағалы қағаздар айналымы - бағалы қағаздардың қайталама рыногында бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасу;

*2019.03.07. № 262-VI ҚР [Заңымен](#) 98) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))*

98) [Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімі](#) - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган қалыптастыратын эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымдары мен олардың эмитенттері туралы мәліметтердің жиынтығы;

99) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру - бағалы қағаздардың бастапқы рыногында бағалы қағаздарды сату;

100) 2021.02.01. № 399-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 101) тармақша өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))*

101) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы - эмиссиялық бағалы қағаздардың азаматтық құқықтар объектісі ретінде пайда болуына бағытталған эмитенттің іс-әрекеттері немесе орналастырылуы, айналымда болуы және өтелуі осы эмиссиялық бағалы қағаздар шығару шарттарына сәйкес жүзеге асырылатын белгілі бір бағалы қағаздардың жиынтығы;

102) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының күшін жою - эмиссиялық бағалы қағаздың азаматтық құқықтар объектісі ретінде болуын тоқтату;

103) эмиссиялық консорциум - эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызмет көрсету мақсатында бірлескен қызмет туралы шарт негізінде құрылған андеррайтерлердің бірлестігі;

104) эмитент - эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдары**

1. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдары Қазақстан Республикасының [Конституциясына](#) негізделеді және Қазақстан Республикасы [Азаматтық кодексінен](#), осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

*2008.20.11. № 88-IV ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара); 2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, осы Заңның нормалары банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, инвестициялық қорлар, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздарды, эмиссиялық бағалы қағаздарды, өзге де қаржы құралдарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу процесінде туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды; 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

4. «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес енгізілген ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына және өзге де заңды тұлғаларға осы Заңның және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы Заңға сәйкес қабылданатын нормативтік құқықтық актілерінің нормалары ерекше реттеу режимінің шарттарында көзделген шекте қолданылады.

*2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 2-1-баппен толықтырылды (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді)*

## **2-1-бап. Бағалы қағаздар нарығын және оның субъектілерін мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары**

1. Эмиссиялық бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын шығарудың, орналастырудың, айналдыру мен өтеудің, бағалы қағаздар нарығы субъектілерін құру мен олардың қызметі ерекшеліктерінің, бағалы қағаздар нарығының қауіпсіз, ашық және тиімді жұмыс істеуін, инвесторлардың және бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтарын қорғауды, бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың адал бәсекелестігін қамтамасыз ету мақсатында бағалы қағаздар нарығын реттеу, бақылау және қадағалау тәртібін айқындаудың құқықтық негіздерін құру бағалы қағаздар нарығын және оның субъектілерін мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты болып табылады.

2. Бағалы қағаздар нарығын және оның субъектілерін мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар қызметінің стандарттарын белгілеу;
- 2) бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымын дамыту және оның тиімділігін арттыру;
- 3) қаржылық тұрақтылықты ұстап тұру мақсатында қадағалау ресурстарын тәуекелдерге неғұрлым бейім бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметіне шоғырландыру;

- 4) бағалы қағаздар нарығында көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін, тұтынушылар үшін бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметі туралы ақпараттың толықтығы мен қолжетімділігін, сондай-ақ халық үшін қаржылық сауаттылық пен қаржылық қолжетімділік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету.

3. Бағалы қағаздар нарығын және оның субъектілерін мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) реттеу ресурстары мен құралдарын тиімді пайдалану;
- 2) бағалы қағаздар нарығы субъектілері қызметінің ашықтығы;
- 3) бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің жауапкершілігі.

### **3-бап. Бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу**

*2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред. қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып, бағалы қағаздар рыногын қалыптастыру мен дамыту саласындағы басымдықтарды айқындайды;

2) Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар рыногының жұмыс істеуін қамтамасыз ету және ұлттық бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымын қалыптастыру, бағалы қағаздар рыногында инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізеді;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 3) тармақша жаңа редакцияда*

3) осы Заңның 2-1-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген мақсат пен міндеттерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындағы бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің, басқа да жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті бағалы қағаздар нарығын және оның субъектілерінің қызметін реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің тізбесі уәкілетті орган туралы ережеде айқындалады;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 4) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

4) қаржы нарығының активтерін бағалы қағаздар деп таниды, оларды тіркеу тәртібін, шығару, айналысқа жіберу, өтеу шарттары мен тәртібін айқындайды;

5) 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

*2010.15.07. № 337-IV ҚР Заңымен 6) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)*

6) Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін, лицензиардың электрондық тізілімін және бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға берілетін рұқсаттардың тізілімін жүргізеді;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 7) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

7) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың орналастырылуын және айналысын тоқтата тұрады және қайта бастайды, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымдарының күшін жояды;

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 7-1) тармақшамен толықтырылды*

7-1) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялануға тиіс бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылуы мүмкін бұқаралық ақпарат құралдарының түрлері мен оларға қойылатын талаптарды айқындайды;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 7-2) тармақшамен толықтырылды (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді)*

7-2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және шарттарда, эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару талаптарындағы және облигациялардың

жеке меморандумдарындағы акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есептің бекітілгені туралы, акциялар шығарылымының күшін жою туралы ақпаратты ашып көрсетеді;

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 8) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред. қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 8) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

8) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру қағидаларын, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау шарттары мен тәртібіне, осы мәмілелерді есепке алуға қойылатын талаптарды айқындайды;

9) бағалы қағаздар рыногындағы қызметті кәсіби қызмет ретінде мойындайды;  
*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 10) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

10) бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің түрлерін жүзеге асыруға лицензияларды беру, тоқтата тұру және одан айыру тәртібін белгілейді;  
*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 11) тармақша жаңа редакцияда*

11) пруденциялық нормативтердің түрлерін және лицензиаттардың қаржылық орнықтылығының сақталуға міндетті өзге де нормалары мен лимиттерін, олардың мәндерін есептеу тәртібі мен әдістемесін, оның ішінде лицензиат өзіне қабылдайтын тәуекелдерге байланысты пропорционалды түрде белгілейді;

*2007.12.01 № 222-III ҚР Заңымен 12) тармақша өзгертілді (күшіне енетін мерзімін қара) (бұр.ред.қара)*

12) бағалы қағаздар рыногында қызмет түрлері бойынша лицензиялар береді, лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұрады, қайта жаңғыртады және лицензиялардан айырады;

13) 2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен алып тасталды (бұр. ред. қара)  
*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 14) тармақша өзгертілді; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 14) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

14) мыналардың:  
орталық депозитарийдің;  
*14) тармақшаның үшінші абзацы 2019 ж. 1 қаңтарға дейін қолданылды (бұр.ред.қара)*  
бірыңғай оператордың;  
өтініш берушілердің (лицензиаттардың) басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім береді;

15) 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен алып тасталды (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

16) 2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен алып тасталды (бұр. ред. қара)

17) 2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен алып тасталды (бұр. ред. қара)

18) 2007.19.02 № 230-III ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред.қара)  
*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 19) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 19) тармақша жаңа редакцияда*

19) өз құзыреті шегінде бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;  
*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 19-1) тармақшамен толықтырылды; 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 19-1) тармақша жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

19-1) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына осы Заңның [3-3-бабында](#) белгіленген қадағалап ден қою шараларын және (немесе) осы Заңның [3-6-бабында](#) белгіленген санкцияларды қолданады;

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 19-2) тармақшамен толықтырылды; 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 19-2) тармақша жаңа редакцияда*

19-2) бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне (бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларды және кәсіптік ұйымдарды қоспағанда) осы Заңның [3-1-бабында](#) белгіленген шектеулі ықпал ету шараларын және (немесе) санкцияларды қолданады;

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 19-3) тармақшамен толықтырылды*

19-3) бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінуге құқылы;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 19-4) тармақшамен толықтырылды*

19-4) кәсіби ұйымға орындалуы үшін міндетті нұсқама жібереді;

20) 2007.19.02 № 230-III ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

21) бағалы қағаздар рыногының субъектілері туралы өзінің қолындағы мәліметтерді пайдалана отырып (бағалы қағаздар рыногындағы қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда), бағалы қағаздар рыногының мәселелері жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ олардың бағалы қағаздар рыногының субъектілеріне қолданған шаралары туралы ақпаратты жариялайды;

22) бағалы қағаздар рыногын реттеу жөнінде қолданылатын шараларды үйлестіру, бағалы қағаздар рыногындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мен олардың жолын кесу мәселелері және өзара мүдделілік туғызатын өзге де мәселелер бойынша бағалы қағаздар рыноктарын реттейтін шетелдік органдармен өзара іс-әрекет жасайды;

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен 22-1) тармақшамен толықтырылды*

22-1) қор биржасындағы сауда-саттықты тоқтата тұрудың және қалпына келтірудің шарттары мен тәртібін айқындайды;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 22-2) тармақшамен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

22-2) номиналды ұстаушылардың электрондық көрсетілетін қызметтерді ұсыну [тәртібі](#) мен талаптарын айқындайды;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 22-3) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

22-3) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін, оның ішінде бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың өзіне қабылдайтын тәуекелдерге байланысты пропорционалды түрде айқындайды;

*2010.15.07. № 337-IV ҚР Заңымен 23) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара); 2011.05.07. № 452-IV ҚР Заңымен 23) тармақша жаңа редакцияда (ресми [жарияланғанынан](#) кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

23) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. 2025.30.06. № 205-VIII ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен 3-1-баппен толықтырылды; 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2014.10.06. № 206-V ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 3-1-бап өзгертілді; 2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 3-1-бап жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара);*

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 3-1-баптың тақырыбы өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-1-баптың тақырыбы жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

**3-1-бап. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне (бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларды және кәсіптік ұйымдарды қоспағанда) қолданатын шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялар**

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасын бұзушылықтарды анықтаған, бағалы қағаздар нарығы субъектісінің немесе оның лауазымды адамдарының (болған кезде) құқыққа сыйымсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі анықталған, сондай-ақ уәкілетті органның осы Заңда және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де талаптары орындалмаған жағдайларда, уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектісіне мынадай шектеулі ықпал ету шараларының бірін қолдануға:

- 1) орындалуы міндетті жазбаша нұсқама беруге;
- 2) жазбаша ескерту шығаруға;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

- 3) жазбаша келісім жасауға құқылы.

4) 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен алып тасталды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен алып тасталды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2020.29.06. № 351-VI ҚР Заңымен (2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 3-тармақ өзгертілді*

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектісіне анықталған бұзушылықтарды және (немесе) олардың жасалуына ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды белгіленген мерзімде жоюға бағытталған, орындалуы міндетті түзету шараларын қабылдауға және (немесе) анықталған бұзушылықтарды және (немесе) олардың жасалуына ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - іс-шаралар жоспары) белгіленген мерзімде ұсыну қажеттілігіне берілген нұсқау жазбаша нұсқама болып табылады.

Жазбаша нұсқамада белгіленген мерзімде ұсынылған іс-шаралар жоспарында бұзушылықтардың, олардың туындауына алып келген себептердің сипаттамасы, жоспарланған іс-шаралардың тізбесі, оларды жүзеге асыру мерзімдері, сондай-ақ жауапты лауазымды адамдар көрсетіледі.

Уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына шағым жасау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына шағым жасау оның орындалуын тоқтата тұрмайды.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

4. Уәкілетті орган қатарынан күнтізбелік алты ай ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының осы жазбаша ескерту шығарылған бұзушылыққа ұқсас қайта бұзылғанын анықтаған жағдайда, уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығының

субъектісіне осы баптың 10-тармағында көзделген санкцияларды қолдану мүмкіндігі туралы хабарламасы жазбаша ескерту болып табылады.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

5. Уәкілетті орган мен бағалы қағаздар нарығының субъектісі арасында жасалған, анықталған бұзушылықтарды жою қажеттілігі және осы бұзушылықтарды жою мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою жөніндегі шаралардың тізбесін және (немесе) анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін бағалы қағаздар нарығының субъектісі өзіне қабылдайтын шектеулердің тізбесін бекіту туралы жазбаша келісім жазбаша келісім болып табылады.

Жазбаша келісімге бағалы қағаздар нарығының субъектісі тарапынан міндетті түрде қол қойылуға тиіс.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 6-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

6. Бағалы қағаздар нарығының субъектісі уәкілетті органды осы құжаттарда көзделген мерзімдерде жазбаша нұсқама мен жазбаша келісімде көрсетілген шаралардың орындалғаны туралы хабардар етуге міндетті.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 7-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 7-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

7. Бағалы қағаздар нарығының субъектісіне шектеулі ықпал ету шараларын қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 8-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 8-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

8. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектісіне бұрын қолданылған шектеулі ықпал ету шараларына қарамастан, оған санкциялар қолдануға құқылы.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 9-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 9-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

9. Іс-шаралар жоспарында, жазбаша келісімде не жазбаша нұсқамада белгіленген мерзімдерде бағалы қағаздар нарығының субъектісіне байланысты емес себептер бойынша бұзушылықтарды жою мүмкіндігі болмаған жағдайда, уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын, жазбаша келісімді не жазбаша нұсқаманы орындау мерзімін уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен ұзартуы мүмкін.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 10-тармақ жаңа редакцияда*

10. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектісіне Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен әкімшілік жаза қолдану түріндегі санкцияларды қолдануға құқылы.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 3-2-баппен толықтырылды*

### **3-2-бап. Ертерек ден қою шаралары**

1. Бағалы қағаздар рыногында инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган олардың қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде

белгіленген факторларды анықтау үшін көрсетілген ұйымдардың қызметіне талдау жасауды жүзеге асырады.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2. Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық жағдайына талдау жасау нәтижесінде және (немесе) оларды тексеру қорытындылары бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілген факторлар анықталған жағдайда, уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның қаржылық тұрақтылығын арттыру, оның қаржылық жағдайының нашарлауына және бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруына байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу жөніндегі ертерек ден қою шаралары көзделетін іс-шаралар жоспарын ұсыну жөнінде жазбаша нысанда талап жібереді.

Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым көрсетілген талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде әрбір тармақ бойынша орындалу мерзімдерін және жауапты басшы қызметкерлерді көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдаған жағдайда, бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым жоспарда белгіленген мерзімдерде оның орындалу нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ете отырып, жоспарды іске асыруға кіріседі.

Іс-шаралар жоспары мақұлданбаған кезде уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын қолданады.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 3-тармақ өзгертілді*

3. Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның қаржылық тұрақтылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспары осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде ұсынылмаған, осы жоспардың іс-шаралары орындалмаған немесе уақтылы орындалмаған жағдайда, бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шаралары қолданылады.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

4. Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау тәртібі және бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа*

*енгізілді) (бұр.ред.қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

5. Банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және Ұлттық пошта операторы бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асырған кезде, оларға осы баптың талаптары қолданылмайды.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 3-3-баппен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

### **3-3-бап. Қадағалап ден қою шаралары**

1. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар клиенттерінің, бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың заңды мүдделерін қорғау, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, олардың қаржылық жағдайының нашарлауына және бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметіне байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу мақсатында уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына, инвестициялық портфельді басқарушылардың ірі қатысушыларына, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаларға, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың басшы қызметкерлеріне қадағалап ден қою шараларын қолданады.

2. Қадағалап ден қою шараларын қолдануға мыналар негіз болып табылады:

1) уәкілетті органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзу;

2) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметте уәкілетті орган бақылау және қадағалау жөніндегі функцияларды жүзеге асыру шеңберінде, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып анықтаған, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың тұрақты жұмыс істеуіне және (немесе) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар клиенттерінің және (немесе) бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың мүдделеріне қатер төндіретін жағдайдың жасалуына алып келуі мүмкін кемшіліктер және (немесе) тәуекелдер;

3) басшы қызметкерлердің бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың тұрақты жұмыс істеуіне және (немесе) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар клиенттерінің және (немесе) бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың мүдделеріне қатер төндіруі мүмкін құқыққа сыйымсыз әрекеттерін немесе әрекетсіздігін анықтау;

4) басшы қызметкердің (басшы қызметкерлердің) әрекеттері (әрекетсіздігі) уәкілетті органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді және (немесе) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына және (немесе) олардың клиенттеріне және (немесе) бағалы қағаздар нарығындағы инвесторларға залал келтіргенін куәландырады деп тану үшін жеткілікті деректер;

5) инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаның нәтижесінде инвестициялық портфельді басқарушыға залал келтірген немесе келтірілуі мүмкін әрекеттерді жасауы;

6) инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаның орнықсыз қаржылық жағдайы;

7) осы Заңға сәйкес бұрын қолданылған қадағалап ден қою шараларын орындамау;

*2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 8) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

8) уәкілетті органға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есептілікті немесе мәліметтерді, сондай-ақ уәкілетті орган немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сұрататын өзге ақпаратты ұсынбау не оларды анық емес ұсыну;

9) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының тексеру жүргізуге оны белгіленген мерзімдерінде жүргізу мүмкіндігін бермей кедергі келтіруі;

10) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының аудиторлық есепте көрсетілген, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қаржылық жағдайына әсер ететін кемшіліктерді осы Заңның [55-1-бабының 6-тармағында](#) көзделген мерзімдерде жоймауы;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 11) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

11) уәкілетті органға осы Заңның [3-2-бабының 2-тармағында](#) көзделген іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімдерде ұсынбау, оны уәкілетті органның мақұлдамауы, осы жоспардың іс-шараларын орындамау немесе уақтылы орындамау, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторды (факторларды) іс-шаралар жоспарында белгіленген және (немесе) уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде жоймау.

3. Қадағалап ден қою шараларын қолданудың орындылығын айқындау және қадағалап ден қою шарасын таңдау кезінде мыналар ескеріледі:

1) тәуекел деңгейі, бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының сипаты;

2) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының ауқымы және маңыздылығы;

3) бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің жүйелілігі мен ұзақтығы;

4) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің қаржылық жағдайға әсері;

5) таңдап алынған қадағалап ден қою шарасын қолдану нәтижесінде жағдайды түзету қабілеті;

6) бұрын қолданылған қадағалап ден қою шараларының болуы және тиімділігі (нәтижелілігі);

7) қолданылатын қадағалап ден қою шарасының оны қолдану негіздеріне барабарлығы;

8) анықталған бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және (немесе) тәуекелдердің туындауына негіз болған себептер;

9) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының қызметінде анықталған бұзушылықтарды және (немесе) кемшіліктерді жоюға бағытталған дербес шараларды қолдануы, осыған байланысты қолданылған шараларды іске асыру жөніндегі нақты шараларды жүзеге асырудың (жүзеге асырмаудың) тиімділігі және (немесе) осындай шараларды қолдануға әзірлігі.

4. Уәкілетті орган мынадай қадағалап ден қою шараларын қолданады:

1) осы Заңның [3-4-бабына](#) сәйкес қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары;

2) осы Заңның [3-5-бабына](#) сәйкес қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар;

3) осы Заңның [72-3-бабына](#) сәйкес қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

5. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыға, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаға бұрын қолданылған қадағалап ден қою шараларына қарамастан, оларға осы баптың 4-тармағында айқындалған қадағалап ден қою шараларының кез келгенін қолдануға құқылы.

6. 2026.16.01. № 259-VIII ҚР [Заңымен](#) алып тасталды (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))

2018.02.07. № 168-VI ҚР [Заңымен](#) 3-4-баппен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

### **3-4-бап. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары**

2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 1-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))

1. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаның қызметінде, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып анықталған кемшіліктер, тәуекелдер немесе бұзушылықтар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қаржылық орнықтылығына елеулі әсер етпейтін, оның қаржылық жағдайына қатер төндірмейтін жағдайларда қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларын қолданады.

2. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары мыналарды қамтиды:

2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 1) тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))

1) анықталған кемшіліктер, тәуекелдер немесе бұзушылықтар туралы бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаның жекелеген органдарының назарына осы ақпаратты жеткізе отырып (қажет болған кезде уәкілетті орган айқындайтын), хабардар ету;

2) уәкілетті органның анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымдарын беру;

3) уәкілетті орган кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды қайта анықтаған, сондай-ақ қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары орындалмаған жағдайда, қадағалап ден қоюдың өзге шараларын қолдану ықтималдығы туралы ескерту.

3. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шарасы уәкілетті органның хатымен ресімделеді.

2018.02.07. № 168-VI ҚР [Заңымен](#) 3-5-баппен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

### **3-5-бап. Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар**

2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 1-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))

1. Уәкілетті орган анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою мақсатында бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаның қаржылық жағдайын жақсарту және (немесе) тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі шараларды:

2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 1) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))

1) меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентін және (немесе) өтімділік коэффициентін уәкілетті орган белгілеген ең төмен мәндерден жоғары ұстап тұру;

2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 1-1) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

1-1) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторды (факторларды) жою;

2) жекелеген операция түрлерін жүргізуді, жекелеген мәміле түрлерін жасауды тоқтата тұру және (немесе) шектеу не оларды жүзеге асырудың ерекше тәртібін белгілеу;

3) шығыстарды қысқарту, оның ішінде жұмыскерлерді қосымша жалдауды тоқтату немесе шектеу, басшы қызметкерлердің ақшалай сыйақыларын және басқа да материалдық көтермелеу түрлерін шектеу арқылы қысқарту;

4) белгілі бір актив түрлеріне инвестицияларды тоқтата тұру және (немесе) шектеу және (немесе) олардың көлемін төмендету не оларды жүзеге асырудың ерекше тәртібін белгілеу; *2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

5) уәкілетті органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы клиенттерінің және (немесе) бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына ықпал еткен себептерді және (немесе) жағдайларды жою;

6) халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша провизияларды (резервтерді) қалыптастыру;

7) үлестес тұлғамен мәмілелерді шектеу;

8) жай және (немесе) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді есепке жазуды және (немесе) төлеуді тоқтату;

9) ішкі саясаттар мен рәсімдерді, тәуекелдің жол берілетін мөлшеріне лимиттерді, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау рәсімін қайта қарау; *2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 10) тармақша өзгертілді (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

10) осы Заңның [54-бабында](#) және (немесе) уәкілетті органның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актісінде аталған адамдарды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету, оның ішінде бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы осы Заңның 54-бабында аталған адамдарды уәкілетті орган осы қадағалап ден қою шарасын қолданғанға дейін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттеткен жағдайда, шеттету жөніндегі талаптарды қою арқылы қолданады. Басшы қызметкерге осы қадағалап ден қою шарасын қолданған кезде уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алады.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілерін иеленуші тұлға уәкілетті органның осы Заңның [54-бабында](#) аталған тұлғаларды шеттету туралы қадағалап ден қою шарасын қолдану жөніндегі жазбаша хабарламасын алған күннен кейінгі күннен бастап алқалы органның шеттетілген тұлғаның қатысуымен болған барлық кейінгі шешімі жарамсыз деп есептеледі;

11) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы инвестициялық комитетінің мүшелерін инвестициялық комитеттің құрамындағы міндеттерін орындаудан шеттету не инвестициялық комитеттің құрамын өзгерту;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 12) тармақша жаңа редакцияда (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

12) брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның (банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын қоспағанда) өз есебінен және өз клиенттерінің есебінен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауы;

13) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына тиесілі мүліктің құнына бағалау жүргізу;

14) олардың қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды қою арқылы қолданады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шаралар жазбаша нұсқама немесе жазбаша келісім нысанында қолданылады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

3. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаға осы баптың 1-тармағында белгіленген орындалуы міндетті шараларды қабылдауға және (немесе) оларды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - іс-шаралар жоспары) белгіленген мерзімде ұсыну қажеттілігіне нұсқау жазбаша нұсқама болып табылады.

Іс-шаралар жоспарында кемшіліктердің, тәуекелдердің немесе бұзушылықтардың, олардың туындауына алып келген себептердің сипаттамасы, жоспарланған іс-шаралардың тізбесі, оларды жүзеге асыру мерзімдері, сондай-ақ жауапты басшы қызметкерлер көрсетіледі.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

4. Анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою мерзімдерін және (немесе) анықталған кемшіліктер, тәуекелдер және (немесе) бұзушылықтар жойылғанға дейін аталған тұлғалар өздеріне қабылдайтын шектеулердің тізбесін көрсете отырып, уәкілетті орган мен бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлға арасында жасалған, осы баптың 1-тармағында белгіленген шараларды орындау туралы жазбаша келісім жазбаша келісім болып табылады.

Жазбаша келісім бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлға тарапынан міндетті түрде қол қоюға жатады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

5. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлға уәкілетті органды жазбаша нұсқамада және жазбаша келісімде көрсетілген шаралардың осы құжаттарда көзделген мерзімдерде орындалғаны туралы хабардар етуге міндетті.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

6. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаға байланысты емес себептер бойынша бұзушылықтарды жазбаша нұсқамада және (немесе) іс-шаралар жоспарында, жазбаша келісімде белгіленген мерзімдерде жою мүмкіндігі болмаған жағдайда, жазбаша нұсқаманы және (немесе) іс-шаралар жоспарын, жазбаша келісімді орындау бойынша мерзім уәкілетті орган белгілеген күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 3-6-баппен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

### **3-6-бап. Санкциялар**

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

1. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына бұрын оған қолданылған қадағалап ден қою шараларына қарамастан, осы Заңның [51-бабында](#) белгіленген негіздер бойынша бағалы қағаздар нарығында қызметтің барлық немесе

жекелеген түрлерін жүргізуге лицензияның қолданысын тоқтата тұру не одан айыру түріндегі санкцияларды қолдануға құқылы.

2. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының бағалы қағаздар нарығында қызметтің барлық немесе жекелеген түрлерін жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе одан айыру туралы шешім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Лицензияның қолданылуы осындай шешім бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының назарына жеткізілген күннен бастап тоқтатыла тұрды деп есептеледі.

3. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе одан айыру жөнінде қабылданған шешім туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

4. Бағалы қағаздар нарығында қызметтің барлық немесе жекелеген түрлерін жүргізуге лицензиядан айыру туралы шешімге бағалы қағаздар нарығына қатысушы атынан оның акционерлері ғана шағым жасауға құқылы.

Бағалы қағаздар нарығында қызметтің барлық немесе жекелеген түрлерін жүргізуге арналған лицензиядан айыру туралы шешімге Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы болып табылатын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының атынан Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi ғана шағым жасауға құқылы.

#### **4-бап. Бағалы қағаздар рыногының объектілері**

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы резиденттерінің - ұйымдарының шығаруын осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган тіркеген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

2) Қазақстан Республикасының резиденттері емес ұйымдардың шығаруын уәкілетті орган тіркеген немесе Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында айналысқа жіберілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

3) Қазақстан Республикасы резиденттерінің - ұйымдарының шығаруы шет мемлекеттің заңдарына сәйкес тіркелген және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногына айналысқа жіберілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

4) халықаралық қаржы ұйымдарының шығаруын уәкілетті орган тіркеген немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында айналысқа жіберілген эмиссиялық бағалы қағаздары;

5) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар;

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 5-1) тармақшамен толықтырылды*

5-1) шетелдік мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-2) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

5-2) шығарылуы «Астана» халықаралық қаржы орталығының актілеріне сәйкес тіркелген бағалы қағаздар;

б) туынды бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногының объектілері болып табылады.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара)*

2. Эмиссиялық бағалы қағаздардың түрлері [Азаматтық кодекспен](#), осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен айқындалады.

#### **5-бап. Бағалы қағаздар рыногының субъектілері**

1. Жеке және институционалдық инвесторлар, эмитенттер, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары, сауда-саттықты ұйымдастырушылар және өзін-өзі реттейтін ұйымдар бағалы қағаздар рыногының субъектілері болып табылады.

*2023.11.12. № 44-VIII ҚР Заңымен 1-1-тармақпен толықтырылды (2024 ж. 11 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді)*

1-1. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары бейрезиденттердің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін осы Заңда көзделген мақсаттар үшін жинауға құқылы.

*2008.20.11. № 88-IV ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара)*

2. Жеке инвесторлар эмиссиялық бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестицияны дербес немесе брокерлік және дилерлік қызметті немесе инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары көрсететін қызметті пайдалана отырып жүзеге асырады.

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

3. Институционалдық инвесторлар, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялары бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар көрсететін қызметтерді пайдалана отырып, инвестицияларды жүзеге асырады.

4. 2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен алып тасталды (бұр. ред. қара)

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 5-1-бапмен толықтырылды*

#### **5-1-бап. Білікті инвесторлар**

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара); 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

1. Мыналар білікті инвесторлар болып табылады:

1) заңды тұлғалар;

2) осы бапта белгіленген тәртіппен білікті инвесторлар деп танылған жеке тұлғалар.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-1-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

1-1. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жеке тұлғаларды білікті инвесторлар деп тану тәртібі мен шарттары, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың білікті инвесторлар болып табылмайтын жеке тұлғаларға қызметтер көрсету [ерекшеліктері](#) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

2. 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен алып тасталды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)

3. 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен алып тасталды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)

4. Өзін білікті инвестор деп тануға өтініш берген тұлға өзі туралы берген ақпараттың дәйектілігі үшін жауапты болады.

Өзі берген дәйексіз ақпараттың негізінде тұлғаны білікті инвестор деп тану оның мүддесін көздейтін және оның есебінен жасалған мәмілелердің жарамсыздығына негіз болып табылмайды.

5. Тұлға бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының бір түріне немесе бірнеше түріне, білікті инвесторларға арналған қызметтердің бір түріне немесе бірнеше түріне қатысты білікті инвестор болып танылуы мүмкін.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 6-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

6. Тек қана білікті инвесторлардың қаражаты есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының [тізбесі](#) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Білікті инвесторлардың қаражаты есебінен ғана сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның инвестициялық басқаруындағы инвесторларды білікті инвесторлар деп тануынсыз, осындай инвесторлардың қаражаты есебінен сатып алынуы мүмкін.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 7-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

7. Осы баптың 3-тармағында 1-1-тармағында көрсетілген, білікті инвестор деп тануды жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы:

1) білікті инвесторды бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының немесе көрсетілетін қызметтердің қандай түрлеріне қатысты оның білікті инвестор деп танылғаны туралы хабардар етуге;

2) білікті инвестор деп танылған тұлғадан оны білікті инвестор деп тану үшін сәйкес болуы қажет талаптардың сақталуын растауды талап етуге және көрсетілген талаптардың сақталуына тұрақты түрде тексеруді жүзеге асыруға;

3) өзі білікті инвесторлар деп таныған тұлғалардың тізілімін жүргізуге міндетті.

8. Білікті инвесторды білікті инвесторлар тізілімінен шығару ол білікті инвесторлар тізіліміне енгізілу шарттарына сай келмеген жағдайда жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу**

### **6-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімі**

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

1. Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен, тіркелген эмиссиялық бағалы қағаздар және олардың эмитенттері туралы уәкілетті орган енгізген мәліметтер және басқа да орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының дерекқорлары негізінде қалыптастырылады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

2. Шығарылымы жойылған немесе Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне олар туралы мәліметтер енгізілмеген эмиссиялық бағалы қағаздар бағалы қағаздар рыногында мәмілелердің объектісі бола алмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігі шығарылымы шет мемлекеттің заңнамасына немесе «Астана» халықаралық қаржы орталығының актілеріне сәйкес «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында тіркелген бағалы қағаздарға қолданылмайды.

3. 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

### **7-бап. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару**

1. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарудың, оларды тіркеудің, орналастырудың, айналысқа жіберудің және өтеудің талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының [заңдарымен](#) белгіленеді.

2. 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

**8-бап. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу**

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу уәкілетті орган осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шарттарда және тәртіппен жүзеге асыратын, бағалы қағаздар шығарылымын тіркеуге, сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымының шарттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге байланысты іс-шаралар кешені болып табылады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу мыналарды:

1) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін қарауды;

2) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағазға орталық депозитарий берген халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) туралы мәліметтерді қоса алғанда, эмитент және оның бағалы қағаздары туралы мәліметтерді Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізуді;

3) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу кезінде эмитентке электрондық нысанда:

мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті;

бағалы қағаздар шығарылымының шарттарын жіберуді;

4) бағалы қағаздар шығарылымының шарттарына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркеу кезінде эмитентке электрондық нысанда:

мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті (жарияланған акциялар саны ұлғайған және (немесе) олардың түрі өзгерген және (немесе) эмитенттің атауы және тұрған жері өзгерген немесе жарияланған облигациялар саны азайған кезде);

өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, шығарылым шарттарын жіберуді қамтиды.

*07.07.04 ж. № 577-II ҚР Заңымен 2-1-тармақпен толықтырылды*

2-1. Инвестициялық пай қорларының пайларын шығаруды мемлекеттік тіркеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының жеке заң актісімен айқындалады.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2019.25.11. № 272-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 2 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 3-тармақ өзгертілді; 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

3. Егер осы Заңда өзге де мерзімдер айқындалмаса, уәкілетті орган мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы туралы құжаттарды олар мемлекеттік тіркеуге ұсынылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Эмитент мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарды уәкілетті органға электрондық нысанда ұсынады.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

4. Эмитент пен оның лауазымды адамдары мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге қойылатын талаптарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

5. Уәкілетті органның мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды мақсатқа сай еместік желеуімен мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқығы жоқ.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2006.05.06 № 146-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2008.20.11. № 88-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2009.11.07. № 185-IV ҚР Заңымен (жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2009.12.02. № 133-IV*

*ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2011.10.02. № 406-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2012.12.01. № 539-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 9-бап өзгертілді; 2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 9-бап жаңа редакцияда*

### **9-бап. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі**

1. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) эмитенттің атауы және оның орналасқан жері туралы ақпарат;
- 2) эмиссиялық бағалы қағаздар туралы, оларды төлеу және олар бойынша кіріс алу тәсілдері туралы мәліметтер;
- 3) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналысы, өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ осы Заңның [15](#) және [18-4-баптарында](#) белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары, олар бар болса;
- 4) ковенанттар (шектеулер), олар бар болса (акциялар шығарылымы проспектісін қоспағанда);
- 5) эмиссиялық бағалы қағаздарды конвертациялау шарттары, мерзімдері мен тәртібі (конвертацияланатын бағалы қағаздарды шығару кезінде);
- 6) шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын облигациялар эмитенті мүлкінің құнын көрсете отырып, осы мүлік туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша);
- 7) облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты туралы;
- 8) эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленетін құрылтайшылары туралы немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер;
- 9) эмитенттің басқару органы және атқарушы органы туралы мәліметтер (акциялар шығарылымының проспектісін қоспағанда);
- 10) эмитент қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, эмитенттің қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері;
- 11) эмитент туралы және ол орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздар туралы қосымша мәліметтер.

2. Осы баптың 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда, эмитент мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды олар туындаған немесе эмитенттің немесе облигацияларды ұстаушылардың тиісті органдары шешім қабылдаған күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

3. Осы баптың 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісіндегі мәліметтерді өзгертуді эмитент облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының шешімі негізінде бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

1) орналастырылған (сатып алынғандарын қоспағанда) облигациялардың жалпы санының кемінде сексен бес пайызын иеленетін ұстаушылар осы шешім үшін дауыс берген кезде;

2) эмитент сатып алған облигацияларды қоспағанда, облигациялар ұстаушылардың құрамында осы шығарылым облигацияларының он пайызынан астамын дербес иеленген екі және одан көп тұлға болған жағдайда, шығарылым шарттарын өзгерту үшін осындай

облигациялар ұстаушылардың жалпы санының жетпіс бес және одан көп пайызы дауыс берген кезде жүзеге асырады.

Осы тармақтың талабы қаржы ұйымдарына немесе бас ұйым ретінде банк конгломератына кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда олар қайта құрылымдауды жүргізген кезде қолданылмайды.

#### 4. Эмитент:

1) орналастырылған акциялар санын азайтуды көздейтін акциялар шығарылымының проспектісіне;

2) жарияланған облигациялар санын ұлғайтуды көздейтін мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы емес.

5. Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес арнайы қаржы компаниясы шығаратын облигациялар шығарылымының проспектісіне қойылатын қосымша талаптар Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасында белгіленеді.

6. Ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспектісі исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңеспен келісуге жатады.

Эмитент ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірілетін жағдайларда, ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспектісінде белгіленген ислам бағалы қағаздарын орналастыру, айналысы және өтеу шарттарын өзгертуге құқылы емес.

7. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін), мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды жасау және ресімдеу [қағидалары](#) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

8. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі (облигациялық бағдарлама проспектісі) уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Шетел валютасында номиналданған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылған жағдайда, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі уәкілетті органға ағылшын тілінде қосымша ұсынылады.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 9-тармақпен толықтырылды*

9. Осы баптың талаптары айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын облигацияларға, жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес облигацияларға қолданылмайды.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 10-бап өзгертілді (бұр.ред. қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 10-баптың тақырыбы жаңа редакцияда (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

#### **10-бап. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден бас тарту**

*07.07.04 ж. № 577-II ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Эмитент мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды ұсыну шарттары мен тәртібін бұзған және құжаттарды қарау процесінде олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, уәкілетті орган шығарылымды мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы.

Документ: Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасының Заңы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

2. 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) алып тасталды (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))  
2020.29.06. № 351-VI ҚР [Заңымен](#) (2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)) 3-тармақ өзгертілді

3. Эмитент уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген [тәртіппен](#) шағымдануға құқылы.

2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) 11-бап жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 11-баптың тақырыбы жаңа редакцияда (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

### **11-бап. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу**

2019.25.11. № 272-VI ҚР [Заңымен](#) (2020 ж. 2 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)) 1-тармақ өзгертілді

1. Жарияланған акцияларды шығару туралы шешімді акционерлік қоғамның құрылтай жиналысы (жалғыз құрылтайшысы) немесе акционерлердің жалпы жиналысы (дауыс беретін барлық акцияларды иеленетін акционер) қабылдайды.

Акционерлік қоғам жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды:

1) акционерлік қоғам заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген;

2) егер бұрын акциялар шығарылымы жарияланған акциялар шығарылымын жарамсыз деп тану туралы сот шешімі негізінде жойылған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционердің шешімімен) жарияланған акцияларды шығару туралы шешім қабылдаған күннен кейін күнтізбелік бір ай ішінде ұсынуға міндетті.

2. Уәкілетті орган акционерлік қоғам заңды тұлға ретінде тіркелген күннен кейін не жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану туралы сот шешімі негізінде акционерлік қоғамның акциялар шығарылымы жойылған күннен кейін бір жыл өткеннен кейін жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруға құқылы емес.

3. Егер акционерлік қоғамның акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу осы баптың 1-тармағында көрсетілген күннен бастап бір жыл өткеннен кейін жүзеге асырылмаса:

1) акционерлік қоғам ерікті түрде таратылуды немесе басқа ұйымдық-құқықтық нысанға қайта ұйымдастырылуды жүзеге асыруға міндетті;

2) уәкілетті орган акционерлік қоғамды тарату не қайта ұйымдастыру мақсатында сотқа жүгінуге құқылы.

2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 4-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))

4. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу акционерлік қоғам уәкілетті органға электрондық нысанда ұсынған мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі бар, еркін нысанда жасалған, акционерлік қоғамның уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған өтініш;

2) осы баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасында белгіленген жағдайда, жарияланған акцияларды шығару туралы құрылтай жиналысы (жалғыз құрылтайшы шешімінің) немесе акционерлердің жалпы жиналысы (дауыс беретін барлық акцияларды иеленетін акционер шешімі) хаттамасының көшірмесі;

3) осы баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасында белгіленген жағдайда жарияланған акциялар шығарылымын жарамсыз деп тану туралы сот шешімінің көшірмесі;

4) акциялар шығарылымы проспектісі;

5) акционерлік қоғамның құрылтайшылары арасында орналастырылатын жарияланған акцияларға ақы төленгенін растайтын құжаттар.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))*

5. Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келген кезде уәкілетті орган жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады және жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті және акциялар шығарылымы проспектісін электрондық нысанда акционерлік қоғамға жібереді.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))*

6. Акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркеу үшін акционерлік қоғам уәкілетті органға электрондық нысанда мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі бар, еркін нысанда жасалған, акционерлік қоғамның уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған өтініш;

2) өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескерілген акциялар шығарылымы проспектісі;

3) акционерлік қоғамның акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге негіз болған акционерлік қоғам органының отырысы шешімінің (хаттамасының) көшірмесі немесе хаттамасынан үзінді көшірме;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [32-бабында](#) белгіленген жағдайларда, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамның жарияланған акцияларын мәжбүрлі түрде шығару туралы сот шешімінің көшірмесі (акционерлік қоғамның жарияланған акциялары болмаған немесе олар мерзімі өткен салықтық берешекті өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда).

5) жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы (жарияланған акциялар саны ұлғайған және (немесе) олардың түрі өзгерген, акционерлік қоғамның атауы өзгерген, акционерлік қоғамның орналасқан жері өзгерген кезде);

6) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [32-бабында](#) белгіленген жағдайларда жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамның жарияланған акцияларын мәжбүрлі түрде шығару туралы сот шешімінің көшірмесі (акционерлік қоғамның жарияланған акциялары болмаған немесе олар мерзімі өткен салық берешегін өтеуге жеткіліксіз болған жағдайда).

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 7-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))*

7. Акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келген кезде уәкілетті орган акционерлік қоғамға электрондық нысанда мыналарды жібереді:

1) жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (жарияланған акциялар саны ұлғайған және (немесе) олардың түрі өзгерген, акционерлік қоғамның атауы өзгерген және (немесе) тұрған жері өзгерген кезде);

2) өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескерілген проспект.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 8-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))*

8. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден бас тартылған жағдайда, акционерлік қоғам осы баптың 4 және 6-тармақтарында көрсетілген құжаттарды бас тартуды алған күннен бастап қырық бес жұмыс күні ішінде қайта ұсынады, бұл ретте уәкілетті органның құжаттарды қарау мерзімі қайтадан есептеледі.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 9-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

9. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу тәртібі, сондай-ақ жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 12-бап жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 12-баптың тақырыбы жаңа редакцияда (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

#### **12-бап. Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеуі**

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін эмитент уәкілетті органға электрондық нысанда мынадай құжаттарды:

1) ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі бар, еркін нысанда жасалған, акционерлік қоғамның уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған өтінішті;

2) облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу, облигацияларды орналастыру нәтижесінде эмитент алған қаражатты пайдалану тәртібі, облигацияларды шығару көлемі, саны мен түрі, облигациялардың номиналды құны, облигацияларды ұстаушылардың құқықтары туралы мәліметтер қамтылған мемлекеттік емес облигацияларды шығару туралы эмитент органы шешімінің көшірмесін не облигациялық бағдарламаның шығарылу көлемі туралы мәліметтер қамтылған облигациялық бағдарламаны шығару туралы эмитент органы шешімінің көшірмесін;

3) мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін);

4) эмитент жарғысының көшірмесін (болған кезде);

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

5) қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда, эмитент міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етудің болуын растайтын құжаттарды;

6) 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен алып тасталды *(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

7) облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасалған шарттың көшірмесін (облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасасу міндеті осы Заңның талаптарында көзделген және (немесе) шарт жасасу эмитенттің бастамасымен болған жағдайда);

8) 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен алып тасталды *(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

9) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған эмитенттер үшін эмитенттің кірісін оның қатысушылары арасында бөлу тәртібін;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 10) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара); 2026.16.01. № 259-VIII ҚР*

*[Заңымен 10\) тармақша өзгертілді \(2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред. қара\)](#)*

10) эмитенттің (жаңадан құрылған эмитенттерді қоспағанда) аудиторлық есеппен расталған, соңғы қаржы жылы үшін жылдық қаржылық есептілігінің (эмитенттің еншілес ұйымдары болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілігінің) көшірмесін;

11) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды берер алдында соңғы тоқсанның аяғындағы не мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды берер алдында соңғы тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейін ұсынған жағдайда, соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша эмитенттің қаржылық есептілігінің көшірмесін ұсынуға міндетті;

*[2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді \(2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#)*

2. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының бейрезидент-эмитенті уәкілетті органға электрондық нысанда қосымша мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент орналасқан мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі, дұрыстығын нотариат куәландырған оның қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса тіркеледі;

2) Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің құрылтай құжаттарының көшірмелері, дұрыстығын нотариат куәландырған оның қазақ және орыс тілдеріндегі аудармалары қоса тіркеледі;

3) шетел мемлекетінің қаржы нарығын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеуге өтініш беру күніне дейін үш айдағы кезеңде Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитенттің пруденциялық нормативтерді және бейрезиденттің уәкілетті органы белгілеген өзге де нормалар мен лимиттерді сақтауы туралы хаты (егер Қазақстан Республикасының бейрезиденті-эмитент қаржы ұйымы болып табылса).

3. Құрылтайшылар (жалғыз құрылтайшы) жарғылық капиталды төлегеннен кейін ғана эмитент мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеуге құжаттарды ұсынуға құқылы.

*[2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді \(2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#)*

4. Өзара сақтандыру қоғамдарының мемлекеттік емес облигациялар шығаруға құқығы жоқ.

*[2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда \(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред. қара\)](#)*

5. Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келген кезде уәкілетті орган мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады және эмитентке мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік пен облигациялар шығарылымы проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін) электрондық нысанда жібереді.

*[2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда \(2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#)*

6. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркеу үшін эмитент уәкілетті органға электрондық нысанда мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі бар, еркін нысанда жасалған, эмитенттің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған өтініш;

2) өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескерілген электрондық түрдегі облигациялар шығарылымы проспектісі (облигациялық бағдарлама проспектісі);

3) облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге негіз болған эмитент органы отырысы шешімінің (хаттамасының) көшірмесі немесе хаттамасынан үзінді көшірме.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 7-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

7. Облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келген кезде уәкілетті орган эмитентке электрондық нысанда мыналарды жібереді:

1) мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (мемлекеттік емес облигациялар саны азайған және (немесе) олардың түрі, айналыс мерзімі өзгерген және (немесе) эмитенттің атауы өзгерген және (немесе) тұрған жері өзгерген кезде);

2) өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескерілген мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісі (облигациялық бағдарлама проспектісі).

8. Осы баптың 1-тармағының 4), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, егер осы құжаттар мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) немесе мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы (облигациялық бағдарлама) проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсынылатын күнге дейін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған болса, эмитент уәкілетті органға ұсынбайды.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 9-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

9. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 10-тармақпен толықтырылды*

10. Осы баптың талаптары айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын облигацияларға, жеке орналастыруға жататын облигацияларға қолданылмайды.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 12-1-баппен толықтырылды*

**12-1-бап. Жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес облигацияларды шығару**

1. Жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес облигацияларды шығару деп осы Заңның мақсатына орай инвесторлардың шектеулі саны арасында орналастырылатын облигацияларды шығару танылады.

2. Жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес облигацияларды шығару шарттары жеке меморандумда айқындалады, оның мазмұнына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

3. Осы облигацияларды орналастыруға қатысатын инвесторлар саны елуден аспауға тиіс.

4. Жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес облигацияларды білікті инвесторлар болып табылмайтын инвесторлардың арасында орналастыруға тыйым салынады.

5. Жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу тәртібі, шарттары және мерзімдері, сондай-ақ жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге, жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеуге арналған құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

6. Жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне енгізуге жол беріледі.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 12-2-баппен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

### **12-2-бап. Өтеу мерзімі жоқ мемлекеттік емес облигацияларды шығару ерекшеліктері**

1. Өтеу мерзімі жоқ мемлекеттік емес облигацияларды шығаруды акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған эмитент мынадай талаптар сақталған кезде:

1) өтеу мерзімі жоқ мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттар уәкілетті органға ұсынылған күні эмитент өз қызметін кемінде бес жыл жүзеге асырса;

2) өтеу мерзімі жоқ мемлекеттік емес облигацияларды шығаруды мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарды уәкілетті органға ұсыну алдындағы соңғы бес жылдың қорытындылары бойынша осы Заңның [15](#) және [18-4-баптарында](#) көзделген шарттарды бұзу жағдайлары болмаса, жүзеге асырады.

2. Өтеу мерзімі жоқ мемлекеттік емес облигацияларды білікті инвесторлар болып табылмайтын инвесторлар арасында орналастыруға тыйым салынады.

3. Өтеу мерзімі жоқ мемлекеттік емес облигациялар акцияларға айырбасталуға жатпайды.

4. Өтеу мерзімі жоқ мемлекеттік емес облигацияларды шығару туралы шешімді және оларды шығару шарттарын айқындауды акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды. Бұл шешім қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

5. Өтеу мерзімі жоқ мемлекеттік емес облигациялар шығару көлемі акционерлік қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің он пайызынан аспайды.

6. Өтеу мерзімі жоқ мемлекеттік емес облигацияларды ұстаушылар мұндай облигацияларды, оның ішінде осы Заңның [15](#) және [18-4-баптарында](#) көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайды.

*2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 7-тармақпен толықтырылды (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)*

7. Осы баптың 3 және 5-тармақтарында белгіленген талаптар өтеу мерзімі жоқ мемлекеттік емес облигациялардың эмитенті банк болып табылатын жағдайларға қолданылмайды.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 13-бап жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

### **13-бап. Облигациялық бағдарламаны және облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеудің ерекшеліктері**

1. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуді уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялардың алғашқы шығарылымын мемлекеттік тіркеу эмитенттің қалауы бойынша осы облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде жүзеге асырылуы мүмкін, бұл ретте осы

құжаттарды уәкілетті орган олар ұсынылған күннен кейін он жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

Тіркелген облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін эмитент уәкілетті органға ұсынған құжаттарды уәкілетті орган олар ұсынылған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

2. Осы Заңның [10-бабының 1-тармағында](#) айқындалған негіздерден басқа, уәкілетті орган:

1) эмитенттің бастамасы бойынша еркін делистингі қоспағанда, осы облигациялық бағдарлама шегінде жүзеге асырылған мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының делистингі жүргізілген;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

2) облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нәтижесінде айналыста жүрген мемлекеттік емес облигациялар шығарылымдарының жалпы сомасы осындай облигациялық бағдарламаның тіркелген көлемінен асып кеткен жағдайда, эмитентке облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы.

3) 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

Осы тармақтың күші Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қаржы ұйымына немесе бас ұйым ретінде банк конгломератына кіретін және қаржы ұйымы болып табылмайтын ұйымға ол қайта құрылымдауды жүргізген кезде қолданылмайды.

3. Эмитент облигациялық бағдарлама шегінде құрылымы бойынша әртүрлі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымдарын жүзеге асыруға құқылы.

### **3-тарау. Облигациялар шығару мен олардың айналысының ерекше талаптары**

**14-бап.** 2011.28.12. № 524-IV ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр.ред. қара)*

*07.07.04 ж. № 577-II ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2005.21.04. № 46-III ҚР Заңымен ; 2006.20.02. № 127-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2009.13.02. № 135-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2009.11.07. № 185-IV ҚР Заңымен (жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2011.01.03. № 414-IV ҚР Заңымен (2010 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2011.10.02. № 406-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 15-бап өзгертілді; 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 15-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 15-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)*

**15-бап. Мемлекеттік емес облигациялар шығарудың шарттары**

*2012.12.01. № 539-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. Егер мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды уәкілетті органға ұсыну күнге эмитентте айналыстағы бағалы қағаздарды (акцияларды қоспағанда) шығару шарттарын (оның ішінде сыйақы төлеу немесе бағалы қағаздарды өтеу жөніндегі міндеттемелерін) уақтылы орындамаған немесе орындамаған, сондай-ақ айналыстағы бағалы қағаздардың (акцияларды және облигацияларды ұстаушылар келіскен жағдайда облигациялардың ерікті делистингін қоспағанда) делистинг жағдайлары болмаса ғана және инфрақұрылымдық облигациялар эмитентін қоспағанда, эмитент мынадай талаптардың бірін сақтаған жағдайда:

Документ: Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасының Заңы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

1) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды уәкілетті органға ұсыну күні эмитентте уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес рейтинг агенттіктері бірінің талап етілетін ең төменгі рейтингі болса;

2) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды уәкілетті органға ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің левередж шамасы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көрсетілген шамадан аспаса;

3) жаңадан шығарылған облигациялар ипотекалық облигациялар болып табылса, эмитент облигациялар шығарылымын жүзеге асыруға құқылы.

Осы тармақтың талаптары:

1) ұлттық басқарушы холдингке;

2) Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес айқындалған, осы арнайы қаржы компаниясының жалғыз құрылтайшысы (акционері) болып табылатын оригинатор немесе орындаушы облигациялардың эмитентіне осы тармақта қойылатын талаптарды сақтаған кезде жобалық қаржыландыру немесе секьюритилендіру мәмілелері шеңберінде облигациялар шығаруды жүзеге асыратын арнайы қаржы компаниясына;

3) Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес жобалық қаржыландыру мәмілелері шеңберінде облигациялар шығаруды жүзеге асыратын, оларда мемлекет тапсырыс беруші ретінде танылатын арнайы қаржы компаниясына қолданылмайды.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

2. Осы облигацияларды шығару проспектісінде белгіленген облигациялар айналымы мерзімі ішінде эмитент мынадай шарттарды сақтауға:

1) эмитент активтерінің құрамына кіретін мүлікті иеліктен шығару күні эмитент активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызынан асатын сомаға иеліктен шығармауға;

2) эмитент облигацияларының шығарылымына байланысты емес міндеттемелерді облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күніне аталған эмитент активтерінің жалпы құнының он пайызынан астамын орындамау фактілеріне жол бермеуге;

3) эмитенттің құрылтай құжаттарына эмитент қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді көздейтін өзгерістер енгізбеуге;

4) ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертпеуге міндетті.

Эмитент осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шарттарды бұзған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген шарттарды өзгертуге келісімі болған жағдайларды қоспағанда, эмитент жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигацияларды ұстаушылардың талап етуі бойынша облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен облигацияларды сатып алуға міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 4) тармақшасының талабы микроқаржы ұйымын шаруашылық серіктестіктен акционерлік қоғам етіп қайта құру кезінде оған қолданылмайды.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының талаптары:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда ұйым міндеттемелерін қайта құрылымдауды жүргізген кезде оған;

2) банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында аталған эмитенттер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда облигациялар шығарылымын жүзеге асыруға құқылы.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды*

4. Эмитент мемлекеттік емес облигациялар шығарудың шарттарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 5-тармақпен толықтырылды*

5. Осы баптың талаптары айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын облигацияларға, жеке орналастыруға жататын облигацияларға қолданылмайды.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 16-бап жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

**16-бап. Айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын мемлекеттік емес облигациялар шығару**

1. Айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру және олардың айналысы қор биржасының сауда жүйесінде ғана жүзеге асырылады.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

2. Айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу тәртібі, шарттары және мерзімдері, сондай-ақ айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

**17-бап. Айырбасталатын облигациялар шығару**

1. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған эмитент айырбасталатын облигациялар шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Айырбасталатын облигациялар шығару мүмкіндігі акционерлік қоғамның жарғысында көзделуге тиіс.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2. Облигацияларды акционерлік қоғамның акцияларына айырбастау облигацияларды эмитенттің акцияларына айырбастаудың облигациялар шығару проспектісінде және (немесе) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген талаптары мен тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

*2009.13.02. № 135-IV ҚР Заңымен 18-бап өзгертілді (бұр.ред.қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 18-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 18-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)*

**18-бап. Агенттік облигациялардың шығарылымы**

Агенттік облигациялардың шығарылымы, айналымы және оларды өтеу шарттары мен тәртібі, агенттік облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу мақсатында қаржы агенттігі және кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға уәкілетті органға табыс ететін құжаттардың тізбесі, шығарылымды мемлекеттік тіркеу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

*2005.21.04. № 46-III ҚР Заңымен 18-1-баппен толықтырылды*

**18-1-бап. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарудың, айналысы мен өтелуінің ерекшеліктері**

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және

(немесе) толықтыруларды тіркеу тәртібі, сондай-ақ инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымы проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Инфрақұрылымдық облигацияларды эмитент акциясына айырбастауға тыйым салынады.

*2008.04.12. № 97-IV ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); 2015.31.10. № 380-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2025.15.03. № 172-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 3-тармақ жаңа редакцияда*

3. Инфрақұрылымдық облигациялардың айналысы мерзімі ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының талаптарын облигациялар ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін кемсітуге алып келетіндей етіп өзгертуге жол берілмейді не инфрақұрылымдық облигацияларды ұстаушылардың барлығының немесе олардың өкілдерінің келісімімен жол беріледі.

*2011.10.02. № 406-IV ҚР Заңымен 18-2-баппен толықтырылды*

#### **18-2-бап. Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы**

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

1. Эмитенттің осы Заңның 9-бабы 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында және 15-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген, облигацияларды шығару шарттарын өзгерту туралы шешім қабылдауы мақсатында облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы өткізіледі.»;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2. Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқығы бар облигацияларды ұстаушылардың тізімін орталық депозитарий облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы өткізілетін күннен үш жұмыс күні бұрын бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінің негізінде жасайды.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқығы бар облигацияларды ұстаушылардың тізімі жасалғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі облигацияларды иеліктен шығарған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысына қатысу құқығы облигациялардың жаңа ұстаушысына ауысады. Бұл ретте облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысына қатысу үшін аталған тұлға облигацияларға меншік құқығын растайтын құжаттарды эмитентке ұсынады.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

3. Эмитент облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін кемінде он жұмыс күні бұрын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде (егер осы облигациялар қор биржасының ресми тізіміне енгізілген жағдайда) орналастырады.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 4-тармақ өзгертілді*

4. Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу тәртібі эмитенттің басқару органы бекітетін эмитенттің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысында дауыс беру «бір облигация - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының шешім қабылдауы осы Заңның [9-бабының 3-тармағында](#) белгіленген талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4-1-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

4-1. Егер барлық орналастырылған облигация бір ұстаушыға тиесілі болған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы өткізілмейді. Осы Заңда облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді осындай ұстаушы жеке-дара қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімделуге жатады.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

5. Облигацияларды ұстаушылардың (жалғыз ұстаушының) жалпы жиналысының шешімі қабылданған күнінен кейін үш жұмыс күні ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға тиіс. Көрсетілген мерзімде эмитент қабылданған шешім туралы уәкілетті органды, орталық депозитарийді хабардар етеді.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 6-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

6. Осы Заңның [9-бабы 1-тармағының 2\), 3\), 4\), 5\), 6\) және 7\) тармақшаларында](#) көрсетілген, облигациялар шығарылымы проспектісіндегі мәліметтерді өзгерту мәселелері бойынша облигацияларды ұстаушылардың (жалғыз ұстаушының) жалпы жиналысы өткізілген күннен бастап облигацияларды ұстаушылардың (облигацияларды ұстаушының) жалпы жиналысында қабылданған шешім қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған күннен кейінгі күнге дейінгі кезеңде облигацияларды орналастыру және олардың айналысы тоқтатыла тұрады.

Облигацияларды ұстаушылар осы Заңның 9-бабы 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген, облигацияларды шығару шарттарын өзгерту туралы шешім қабылдаған жағдайда, облигацияларды орналастыруды және олардың айналысын тоқтата тұру мерзімі облигациялар шығарылымы проспектісіне өзгерістер мемлекеттік тіркелген күннен кейінгі күнге дейін ұзартылады.

Эмитент осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген жағдайларда орталық депозитарий мен қор биржасын (облигациялар қор биржасының ресми тізімінде болған жағдайда) облигацияларды орналастыруды және олардың айналысын тоқтата тұру туралы хабардар етеді.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 18-3-баппен толықтырылды; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 18-3-баптың тақырыбы жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

**18-3-бап. Номиналы шетел валютасында көрсетілген мемлекеттік емес облигациялар шығарудың ерекшеліктері**

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

1. Эмитенттер Қазақстан Республикасының аумағында номиналды құны шетел валютасында көрсетілген облигацияларды шығаруға құқылы.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

2. Номиналы шетел валютасында көрсетілген мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, номиналы шетел валютасында көрсетілген мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу тәртібі, сондай-ақ номиналы шетел валютасында көрсетілген мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, номиналы шетел валютасында көрсетілген мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 18-4-баппен толықтырылды; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 18-4-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

#### **18-4-бап. Орналастырылған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алу**

1. Эмитент орналастырылған мемлекеттік емес облигацияларды қайталама нарықта сатып алуға құқылы.

2. Эмитент орналастырылған мемлекеттік емес облигацияларды:

1) эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;

2) тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен қор биржасы эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;

3) эмитент облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен шартты бұзған немесе оның қолданысын тоқтатқан күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспаған (егер облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасасу міндеті осы Заңның талаптарында көзделген және (немесе) оны жасасуға эмитент бастамашылық жасаған жағдайда) жағдайларда сатып алуға міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талап «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шығарылу шарттары қамтамасыз етілмеген міндеттемені субординарлық борышқа жатқызу шарттарына сай келетін, екінші деңгейдегі банктерге және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына олар шығарған (шығаратын) мемлекеттік емес облигацияларға қатысты қолданылмайды.

3. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісінде қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленуі мүмкін, олар басталған кезде эмитент өзі орналастырған облигацияларды сатып алуға міндетті.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген жағдайларда, эмитент орналастырылған мемлекеттік емес облигацияларды мына бағалардың ең жоғарысы бойынша:

жиналған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен;

қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған мемлекеттік емес облигациялардың нарықтық бағасымен (осындай баға болған кезде);

Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған бағамен (егер эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналысқа түспесе) сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

### **19-бап. Облигацияларды ұстаушылардың өкілі**

*2005.21.04. № 46-ІІІ ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.10.02. № 406-ІV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-ІV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2018.02.07. № 166-ІVІ ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2022.12.07. № 138-ІVІІ ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. Қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигацияларды немесе секьюритизлендіру мәмілесі шеңберіндегі облигацияларды шығару, орналастыру, олардың айналысы және оларды өтеу кезінде эмитент алдында облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіруді облигацияларды ұстаушылардың өкілі (бұдан әрі - өкіл) жүзеге асырады.

Өкілді таңдауды бағалы қағаздар рыногында кастодиандық және (немесе) брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар арасынан эмитент дербес жүзеге асырады.

Өкіл эмитенттің үлестес тұлғасы болмауға тиіс.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

2. Өкілдің өз функциялары мен міндеттерін орындау тәртібі, эмитент пен өкілдің арасында жасалатын облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар, өкілдің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі мен жағдайлары, сондай-ақ осы Заңның 20-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес уәкілетті органға ақпарат беру мерзімдері уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде белгіленеді.

*2022.12.07. № 138-VІІ ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

3. Осы баптың талаптары жеке орналастыруға жататын облигацияларды шығаруға, орналастыруға, айналысқа жіберуге және өтеуге қолданылмайды.

### **20-бап. Өкілдің функциялары мен міндеттері**

1. Өкіл мынадай функцияларды жүзеге асырады:

*2022.12.07. № 138-VІІ ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

1) эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы облигациялар шығару проспектісінде немесе жеке меморандумда белгіленген міндеттемелерін орындауын бақылайды;

*2011.28.12. № 524-ІV ҚР Заңымен 1-1) тармақшамен толықтырылды*

1-1) эмитенттің облигацияларды орналастырудан алған ақшаны нысаналы пайдалануын бақылайды;

2) эмитенттің облигацияны ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің жай-күйін бақылайды;

*2022.12.07. № 138-VІІ ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

3) эмитентпен, бөлінген активтердің құрамына кіретін мүлікті қоспағанда, эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүлікке қатысты кепіл шартын жасасады;

*2011.28.12. № 524-ІV ҚР Заңымен 3-1) тармақшамен толықтырылды*

3-1) эмитенттің қаржылық жағдайына мониторингті және оның корпоративтік оқиғаларына талдау жасауды жүзеге асырады;

*2011.28.12. № 524-ІV ҚР Заңымен 4) тармақша жаңа редакцияда (бұр. ред. қара);*

*2022.12.07. № 138-VІІ ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

4) облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған, оның ішінде меншігінде эмитенттің орналастырылған (сатып алғандарды шегергенде) облигацияларының елу және одан көп пайызы бар облигацияларды ұстаушылардың атынан сотқа эмитенттің облигациялар шығару проспектісінде немесе жеке меморандумда белгіленген міндеттемелерді орындамауы мәселелері бойынша талап-арыз беру арқылы шаралар қолданады;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4-1) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

4-1) «Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтерін басқаруды (бөлінген активтерді өткізу және кепілге салынған мүлікке өндіріп алуды қолдану құқығымен және бөлінген активтердің құрамына кіретін өзге де қамтамасыз ету) жүзеге асырады;

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 5) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред. қара)*

5) облигацияларды ұстаушыларға және уәкілетті органға осы тармақтың 1), 1-1), 2), 3), 3-1) және 4) тармақшаларына сәйкес өзінің іс-әрекеттері туралы және мұндай іс-әрекеттерінің нәтижелері туралы тоқсанына кем дегенде бір рет хабарлайды.

*2005.21.04. № 46-III ҚР Заңымен 1-1-тармақпен толықтырылды*

1-1. Инфрақұрылымдық облигацияларды ұстаушылардың өкілі осы баптың 1-тармағында айқындалған функцияларымен қатар, жобаның уақтылы және сапалы іске асырылуының, сондай-ақ оның инфрақұрылымдық облигациялар шығарудың талаптарына сәйкес келуінің мониторингін жүргізеді.

2. Өкіл облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында:

1) облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін бұзуға әкеп соғуы мүмкін мән-жайларды анықтауға және көрсетілген мән-жайлар туралы оларға күнтізбелік үш күн ішінде хабарлауға;

2) эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүлікке кепіл құқығын ресімдеуге және тіркеуге байланысты құқықтық қатынастарда облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіруге;

3) Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген тәртіппен эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің жай-күйіне бақылауды жүзеге асыруға;

4) облигациялар бойынша сыйақының уақтылы төленуін бақылауды жүзеге асыруға;

5) уәкілетті орган мен облигацияларды ұстаушыларға эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің жай-күйі туралы хабарлауға;

6) уәкілетті орган мен облигацияларды ұстаушыларға эмитентпен шартты бұзған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде өзінің өкіл ретіндегі өкілеттіктерінің тоқтатылғаны туралы хабарлауға;

7) уәкілетті орган мен облигацияларды ұстаушыларға олардың сұратуы бойынша өзінің өкіл ретіндегі қызметіне қатысты ақпарат пен құжаттарды беруге;

8) қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;

9) эмитент облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кепілге салынған мүлікті өткізуге міндетті.

*2011.10.02. № 406-IV ҚР Заңымен 2-1-тармақпен толықтырылды*

2-1. Өкіл облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында:

Документ: Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасының Заңы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

1) облигацияларды шығару проспектісінде белгіленген облигацияларды ұстаушылардың алдындағы өзінің міндеттемелерін орындау туралы талаптармен эмитентке;

2) уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарына;

3) сотқа жүгінуге құқылы.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 2-2-тармақпен толықтырылды*

2-2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген функцияларды іске асыру мақсатында өкіл облигацияларды ұстаушылардың тізімі туралы ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.

Эмитент уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және өкілмен жасалған шартта көзделген тәртіппен және шарттарда өкілге осы баптың 1-тармағында көрсетілген функцияларды іске асыру үшін оның сұратқан ақпаратын ұсынуға міндетті.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

3. Өкілдің осы баптың 1 және 2-тармақтарында айқындалған функциялар мен міндеттерді орындау тәртібі мен мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды (2015 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

4. Өкіл өзінің интернет-ресурсында осы баптың 1-тармағының 1), 1-1), 2), 3), 3-1) және 4) тармақшаларына сәйкес өзінің іс-әрекеттерінің нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ эмитент пен өкіл арасында жасалған шартқа сәйкес эмитент ұсынатын ақпаратты орналастыруға міндетті.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-1-тараумен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (*

**3-1-тарау. Орнықты дамудың мемлекеттік емес облигацияларын және орнықты дамумен байланысты мемлекеттік емес облигацияларды шығару ерекшеліктері**

**20-1-бап. Орнықты дамудың мемлекеттік емес облигациялары және орнықты дамумен байланысты мемлекеттік емес облигациялар**

1. Орнықты дамудың мемлекеттік емес облигацияларына мыналар жатады:

- 1) «жасыл» облигациялар;
- 2) әлеуметтік облигациялар;
- 3) орнықты даму облигациялары.

2. Орнықты дамудың мемлекеттік емес облигацияларын және орнықты дамумен байланысты мемлекеттік емес облигацияларды шығару шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

3. «Жасыл» облигацияларды шығару мен орналастыру нәтижесінде алынған қаражат тек қана мынадай салалардағы жобаларды қаржыландыруға (қайта қаржыландыруға) бағытталуға тиіс:

- 1) жаңартылатын энергия;
- 2) энергетикалық тиімділік (жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан өнеркәсіптік объектілердің, ғимараттардың, құрылыстардың, құрылысжайлардың энергетикалық тиімділігін арттыру);
- 3) қоршаған ортаның ластануын болғызбау және бақылау;
- 4) су мен қалдықтарды орнықты пайдалану (су үнемдеу, қалдықтар мен сарқынды сулар, су ресурстарын сақтау және қалпына келтіру);
- 5) ауыл және орман шаруашылығын орнықты жүргізу, жер пайдалану, биологиялық әртүрлілікті сақтау;

б) экологиялық туризм;

7) экологиялық таза көлік (оның ішінде төмен көміртекті көлік құралдары, экологиялық таза көліктік инфрақұрылым);

8) климаттың өзгеруіне бейімделу (климаттың өзгеруі салдарына инфрақұрылымның төзімділігін арттыру, климаттың өзгеруін байқау және осындай өзгерістердің ерте алдын алу жүйесі);

*2023.19.04. № 223-VII ҚР Заңымен 9) тармақша жаңа редакцияда (2023 ж. 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

9) «жасыл» облигациялар арқылы қаржыландырылуға жататын, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен «жасыл» жобалардың сыныптамасына (таксономиясына) және (немесе) Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының «жасыл» облигациялар стандартын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, орнықты даму саласындағы халықаралық танылған стандарттарда көзделген сыныптамаларға сәйкес келетін өзге де жобалар.

4. Әлеуметтік облигацияларды шығару мен орналастыру нәтижесінде алынған қаражат тек қана мынадай салалардағы жобаларды қаржыландыруға (қайта қаржыландыруға) бағытталуға тиіс:

1) қолжетімді инфрақұрылым құру (халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету, сарқынды суларды тазарту, санитариялық жағдайларды жақсарту, көлік, энергетика);

2) денсаулық сақтауға, білім беруге, оның ішінде кәсіптік оқытуға, қаржыландыруды алуға және қаржылық көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету;

3) қолжетімді тұрғынжай салу;

4) халыққа көмек, жұмыссыздықпен күрес жөніндегі бағдарламалар;

5) азық-түлік қауіпсіздігі (оның ішінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің еңбек өнімділігін арттыру саласында);

6) қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау және оларды дамыту (мүліктік теңсіздікті қысқартуды, мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдау бағдарламаларын, әйелдер кәсіпкерлігін, гендерлік теңдік саласындағы жобаларды қоса алғанда, активтерге, көрсетілетін қызметтерге, ресурстарға және оларды бақылауға тең құқықпен қол жеткізу, тең құқықпен нарыққа шығу және қоғам өміріне араласу);

7) Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының әлеуметтік облигацияларының стандартын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, орнықты даму саласындағы халықаралық танылған стандарттарда айқындалған өзге де әлеуметтік жобалар.

5. Орнықты даму облигацияларын шығару мен орналастыру нәтижесінде алынған қаражат осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген тек қана «жасыл» және әлеуметтік жобалардың үйлесімін қаржыландыруға (қайта қаржыландыруға) бағытталуға тиіс.

6. Орнықты дамумен байланысты мемлекеттік емес облигацияларды шығару кезінде эмитент болашақта алдын ала белгіленген мерзімдерде орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелерін жақсартуға міндеттенеді.

Эмитенттің орнықты даму саласындағы қызметінің көрсетілген нәтижелері сандық бағалауға, салыстырмалы талдауға және сыртқы бағалауға болатын тиімділіктің өлшенетін түйінді көрсеткіштері түрінде көрсетілуге тиіс.

Осы Заңның [9-бабы 1-тармағының 2\), 3\), 4\), 5\) және 6\) тармақшаларында](#) көзделген сипаттамаларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, орнықты дамумен байланысты мемлекеттік емес облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары тиімділіктің түйінді көрсеткіштеріне эмитенттің қол жеткізу нәтижелеріне қарай өзгеріп отырады.

Эмитент оларға қол жеткізген жағдайда қолданысқа енгізілетін, эмитенттің орнықты даму саласындағы қызметі тиімділігінің түйінді көрсеткіштері, сондай-ақ орнықты дамумен байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық

сипаттамалары осы облигацияларды шығарудың шарттары шеңберінде және (немесе) облигацияларды шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламада көрсетілуге жатады.

#### **20-2-бап. Сыртқы бағалау (верификация)**

1. Эмитенттер «жасыл», әлеуметтік облигациялардың, орнықты даму облигацияларының және орнықты дамумен байланысты облигациялардың, сондай-ақ осы облигацияларды шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның орнықты даму саласындағы халықаралық танылған стандарттардың негізгі қағидаттарына сәйкестігі тұрғысынан облигацияларды шығару алдында сыртқы бағалауды алу үшін тәуелсіз сарапшыға жүгінеді.

2. «Жасыл» және (немесе) әлеуметтік облигациялар және (немесе) орнықты даму облигациялары және (немесе) орнықты дамумен байланысты облигациялар шығарылғаннан және орналастырылғаннан кейін эмитенттер осы облигацияларды орналастырудан түсетін кірістер мен қаражатты пайдалану мен бөлуге және олардың облигацияларды шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламада және (немесе) облигацияларды шығару шарттарында мәлімделген мақсаттарға сәйкестігіне қатысты бағалау мен талдау жүргізу (верификация) үшін сыртқы аудиторлық ұйымды немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған өзге де ұйымдарды тартады.

3. «Жасыл», әлеуметтік облигацияларды, орнықты даму облигациялары мен орнықты дамумен байланысты облигацияларды шығаруға жүргізілген тәуелсіз сыртқы бағалаудың және (немесе) оны верификациялаудың нәтижелері туралы ақпарат тәуелсіз сыртқы бағалау және (немесе) верификациялау нәтижесі алынғаннан кейін он жұмыс күні ішінде эмитенттің интернет-ресурсында ашып көрсетілуге жатады.

Эмитент өзінің интернет-ресурсында эмитенттің осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген облигацияларды орналастырудан алынған қаражатты пайдалану қорытындылары, сондай-ақ орнықты даму саласындағы мәлімделген мақсаттарға қол жеткізу нәтижелері туралы ақпаратты ашып көрсетуді жүзеге асырады.

### **4-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру**

#### **21-бап. Инвесторлардың эмиссиялық бағалы қағаздар шығару туралы ақпарат алуға құқығы**

1. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде эмитент (андеррайтер, эмиссиялық консорциум) инвестордың бірінші талап етуі бойынша оған танысу үшін эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісін немесе оның көшірмесін беруге міндетті.

2. Эмитент (андеррайтер, эмиссиялық консорциум) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісінің көшірмесін бергені үшін инвестордан оны дайындауға жұмсалған шығыс көлемінен аспайтын мөлшерде ақы алуға құқылы.

3. Инвестор эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісі көшірмесінің уәкілетті органдағы проспектісіне сәйкес келуін тексеру туралы, осы мақсатта мұндай көшірмені уәкілетті органға бере отырып, уәкілетті органға өтініш жасауға құқылы.

#### **22-бап. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру тәртібі**

*2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-ІV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2012.12.01. № 538-ІV ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтарға дейін қолданылды) (бұр. ред. қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген шектеулер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Эмитент (андеррайтер, эмиссиялық консорциум) эмиссиялық бағалы қағаздар орналастыруды ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында аукцион немесе жазылым жүргізу арқылы жүзеге асыруға құқылы.

Шығару проспектісінде ұйымдастырылған рынокта не ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған рыноктарда осы облигациялардың айналымы көзделген облигациялар ұйымдастырылған рынокта ғана орналастырылуға тиіс.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында орналастыру сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2006.05.06 № 146-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара) 2-тармақ өзгертілді*

2. Эмитенттің тиісті органы эмиссиялық бағалы қағаздарды инвесторлардың шек қойылмаған тобы арасында орналастыру туралы шешім қабылдағаннан кейін эмитент күнтізбелік он күн ішінде мемлекеттік және орыс тілдерінде бұқаралық ақпарат құралдарында эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру туралы хабарлама жариялауға міндетті.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру туралы хабарда:

1) эмитенттің толық атауы және орналасқан жері;

2) эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу күні, олардың түрі және орналастырылуға тиісті саны;

*2006.05.06 № 146-III ҚР Заңымен 2-1-тармақшамен толықтырылды*

2-1) акционерлердің акцияларды артықшылықпен сатып алу құқығын іске асырудың мерзімдері мен тәртібі туралы мәліметтер;

3) эмитенттің бөлімшелері мен лауазымды адамдары, эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісімен немесе олар туралы өзге де ақпараттармен танысуға мүмкін болатын андеррайтердің (эмиссиялық консорциумның) атауы мен орналасқан жері туралы мәліметтер;

4) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру бағасы мен оларды төлеу туралы мәліметтер болуға тиіс.

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)*

3. Эмиссиялық бағалы қағаздарды ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында орналастыру эмитентке (андеррайтерге, эмиссиялық консорциумға) инвесторлар табыс еткен жазбаша өтінімдер негізінде аукцион өткізу немесе жазылым жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Аукциондар немесе жазылуды өткізу шарттары мен тәртібі эмитенттің ішкі құжаттарымен белгіленеді және ол орналастырылатын эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуға ниеті бар инвесторларға қойылатын талаптарды қамтуға тиіс.

4. 2006.05.06 № 146-III ҚР Заңымен алып тасталды (бұр. ред. қара)

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)*

5. Эмитентке (андеррайтерге, эмиссиялық консорциумға) акцияларды орналастыру кезінде:

1) эмитенттің орналастырылған акцияларды кері сатып алуын жүзеге асыру құқығын не міндетін көздейтін мәмілелерді жасасуға (жасауға);

2) талаптарында (шығарылым талаптарында) эмитенттің орналастырған акцияларын эмитенттің сатып алу құқығы немесе міндеті көзделетін шарттар жасасуға (туынды бағалы қағаздарды сатып алуға) тыйым салынады.

Эмитенттің (андеррайтердің, эмиссиялық консорциумның) облигацияларды орналастыру кезінде облигациялардың жекелеген ұстаушыларына облигацияларды шығару проспектісінде белгіленбеген қосымша құқықтарды беруіне тыйым салынады.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 6-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

6. Бағалы қағаздарға ақы төлеу «төлеміне қарай беру» қағидаты бойынша орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда, эмитент (андеррайтер, эмиссиялық консорциум) инвестор бағалы қағаздарға ақы төлеу жөніндегі міндеттемесін орындаған күннен кейін екі жұмыс күні ішінде бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесіндегі инвестордың жеке шотына сатып алынған эмиссиялық бағалы қағаздарды аудару туралы бұйрықты орталық депозитарийге (нақтылы ұстаушыға) табыс етуге міндетті.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 7-тармақпен толықтырылды*

7. Эмитент мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру тәртібін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 22-1-бап жаңа редакцияда (2022 ж. 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

**22-1-бап. Шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару және (немесе) орналастыру шарттары мен тәртібі, сондай-ақ шет мемлекеттің аумағында бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы хабарлама**

*2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

1. Қазақстан Республикасының резидент ұйымы базалық активі осы бағалы қағаздар болып табылатын эмиссиялық бағалы қағаздарды және (немесе) туынды бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында орналастырудың басталуымен бір мезгілде оларды Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының қор биржасы арқылы, мынадай көлемде:

2026 жылғы 1 қаңтарға дейін - орналастыруға жоспарланатын жалпы көлемнің кемінде жиырма пайызы;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - орналастыруға жоспарланатын жалпы көлемнің кемінде отыз пайызы;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап - орналастыруға жоспарланатын жалпы көлемнің кемінде елу пайызы көлемінде шет мемлекеттің аумағындағыдай орналастыру шарттарымен иеленуге ұсынуға тиіс.

Бұл ретте орналастыруға жоспарланатын жалпы көлемнің кемінде жиырма пайызы Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының қор биржасында орналастырылуға тиіс.

2. Базалық активі осы бағалы қағаздар болып табылатын эмиссиялық бағалы қағаздарды және (немесе) туынды бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында орналастыруды жүзеге асырған Қазақстан Республикасының резидент ұйымы уәкілетті органды осы баптың 1-тармағының талаптарын ескере отырып, осы бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы уәкілетті органның [нормативтік құқықтық актісінде](#) белгіленген нысан бойынша және мерзімдерде хабардар етеді.

3. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының бағалы қағаздарын депозитарлық қолхаттарды немесе базалық активі аталған ұйымдардың эмиссиялық бағалы қағаздары болып табылатын өзге де бағалы қағаздарды шығару және орналастыру арқылы өткізуді жоспарлайтын тұлға уәкілетті органды осы бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша және мерзімдерде хабардар етеді.

4. Депозитарлық қолхаттарды шығару қағидаларында депозитарлық қолхаттарды ұстаушылар туралы ақпаратты орталық депозитарийге және уәкілетті органға оның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес беру тәртібі қамтылуға тиіс.

### **23-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарға ақы төлеу**

1. Акцияларға ақы төлеудің тәртібі мен ерекшеліктері Қазақстан Республикасының [заң актілерімен](#) белгіленеді.

*2008.20.11. № 88-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2011.10.02. № 406-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-тармақ жаңа редакцияда*

2. Облигацияларды төлеу:

1) айналым мерзімі өткен, осы эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегере отырып) облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен облигацияларды;

2) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банкті реттеу бойынша шараларды уәкілетті орган қолданған жағдайда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен банк облигацияларын төлеген жағдайларды қоспағанда, ақшамен ғана жүзеге асырылады.

Орналастырылатын облигация толық төленгенге дейін эмитент облигацияларды ұстаушылардың тізілімдері жүйесіндегі (номиналды ұстаушыны есепке алу жүйесіндегі) оны сатып алушының жеке шотына осы облигацияны есепке жатқызу туралы бұйрық беруге құқылы емес.

Бұрын талап ету құқықтарымен төленген облигациялар бойынша талап құқықтарымен облигацияларды төлеуге жол берілмейді.

*2009.12.02. № 133-IV ҚР Заңымен бап 2-1-тармақпен толықтырылды*

2-1. Ислам бағалы қағаздарына төлем жасау тек қана ақшалай жүзеге асырылады. Эмитенттің орналастырылатын ислам бағалы қағаздарына толық төлем жасалғанға дейін осы ислам бағалы қағазын ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесіндегі (номиналды ұстаушыны есепке алу жүйесіндегі) оны сатып алушының жеке шотына есепке жатқызу туралы бұйрық беруге құқығы жоқ.

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 3-тармақ өзгертілді*

3. Облигацияларды жазылым жүргізу арқылы орналастыру облигацияларды шығару шарттарында белгіленген талаптар мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

*2009.11.07. № 185-IV ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды (жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді); 2011.01.03. № 414-IV ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара)*

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарының талаптары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қаржы ұйымына немесе бас ұйым ретінде банк конгломератына кіретін және қаржы ұйымы болып табылмайтын ұйымға ол міндеттемелерін қайта құрылымдауды жүргізген кезде қайта құрылымдау жоспарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 24-бап жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

**24-бап. Акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп және акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғамның акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есеп**

1. Акционерлік қоғам акционерлік қоғамның акцияларын толық орналастырғанға дейін акцияларды орналастырудың әрбір есепті кезеңінің қорытындылары бойынша акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есептерді акционерлік қоғамның акцияларын орналастырудың есепті кезеңі аяқталған күннен кейін немесе оларды толық орналастырған күннен кейін күнтізбелік қырық бес күн ішінде уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Андеррайтер акционерлік қоғамның акцияларын одан әрі орналастыру мақсатында оларды қатаң міндеттемелер әдісімен сатып алған жағдайда, акционерлік қоғам акцияларды орналастырудың есепті кезеңінің қорытындылары бойынша акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Егер есепті кезеңде акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру жүзеге асырылмаған жағдайда, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп уәкілетті органға ұсынылмайды.

2. Қатарынан күнтізбелік он екі ай акцияларды орналастырудың есепті кезеңі болып табылады.

Акционерлік қоғамның жарияланған акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркелген күн акционерлік қоғамның акцияларын орналастырудың бірінші есепті кезеңі басталған күн болып табылады.

Өткен он екі айлық есепті кезеңнің аяқталған күнінен кейінгі күн акционерлік қоғамның акцияларын орналастырудың келесі есепті кезеңі басталған күн болып табылады.

Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына акционерлік қоғамның жарияланған акцияларын есептен шығару бойынша соңғы операция күні акционерлік қоғамның жарияланған акциялары толық орналастырылған күн болып табылады, осы операция жүргізілгеннен кейін эмитенттің осы жеке шотында акционерлік қоғамның жарияланған акциялары қалмайды.

3. Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау және бекіту үшін акционерлік қоғам уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

- 1) еркін нысанда жасалған ілеспе хатты;
- 2) акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті;
- 3) акционерлік қоғамның акцияларына ақы төлеуді растайтын құжаттардың көшірмелерін;
- 4) акцияларды орналастырудың есепті кезеңі аяқталған айдың немесе акционерлік қоғамның барлық жарияланған акциялары орналастырылған кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасалған шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті ұсынады.

4. Акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастаған жағдайда, акционерлік қоғам уәкілетті органға акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті осындай айырбастау күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ұсынуға міндетті.

5. Акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті қарау және бекіту үшін акционерлік қоғам уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

- 1) еркін нысанда жасалған ілеспе хатты;
- 2) акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті;
- 3) акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастауға негіз болған шешімнің (хаттаманың) көшірмесін ұсынады.

6. Акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті немесе акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті уәкілетті орган сегіз жұмыс күні ішінде қарайды.

Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келген кезде уәкілетті орган акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті немесе акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті бекітеді.

7. Егер осы баптың 3, 4 және 5-тармақтарында көрсетілген құжаттарды қарау процесінде олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеу фактілері анықталатын болса, уәкілетті орган акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті немесе акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті бекітуден бас тартады.

Акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті немесе акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті бекітуден бас тартылған жағдайда, акционерлік қоғам бас тарту алынған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде пысықталған есепті уәкілетті органға қайта ұсынуға міндетті.

8. Акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті, акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті бекіту тәртібі, акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті, акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті бекіту үшін құжаттарға қойылатын талаптар, сондай-ақ акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті, акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті жасау және ресімдеу қағидалары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

#### **25-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру**

*2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР Заңымен 1 тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)*

##### **1. Уәкілетті орган:**

*2018.02.07. № 166-VІ ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1) эмитент акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті табыс етпеген;

2) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау процесінде есепте көрсетілген мәліметтердің эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін табыс етілген құжаттарға сәйкес еместігі анықталған;

*2007.19.02. № 230-ІІІ ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

3) эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару, орналастыру және өтеу шарттары бұзылған;

*2007.19.02. № 230-ІІІ ҚР Заңымен 4) тармақшамен толықтырылды*

4) сыйақы төлеу немесе бұрын шығарылған облигацияларды өтеу жөніндегі міндеттемелерді уақтылы орындамау немесе орындамау фактілері болған жағдайларда эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.

*2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2018.02.07. № 166-VІ ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-тармақ өзгертілді*

2. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімді уәкілетті орган эмитентке және орталық депозитарийге жібереді.

Орталық депозитарий уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімін алған кезден бастап осы бағалы қағаздарды орналастыру жөніндегі мәмілелерді тіркеуді тоқтата тұруға міндетті.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 3-тармақ өзгертілді; 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

3. Эмитент анықталған бұзушылықтарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде жоюға ықпал ететін барлық әрекетті жасауға міндетті. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды қайта бастау анықталған бұзушылықтар жойылғаннан кейін уәкілетті органның жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешім шығарылған күннен кейінгі келесі күнтізбелік күннен кешіктірмей, эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастырады.

## **26-бап. Инвесторларға эмиссиялық бағалы қағаздар орналастыруды тоқтата тұру туралы хабарлау**

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Инвесторларға эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырудың тоқтатыла тұратыны туралы хабарлауды эмитент ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастыру арқылы жүргізеді.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы хабарда:

1) эмитенттің толық атауы мен орналасқан жері;

2) эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу күні;

3) уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы мәліметтер болуға тиіс.

## **27-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану**

1. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу сот тәртібімен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тануға:

1) эмитенттің Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуы;

2) эмитентті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруға негіз болған құжаттардан дәйектемесіз ақпараттың табылуы;

3) эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу жүргізуге негіз болған құжаттардан дәйектемесіз ақпараттың табылуы негіз болып табылады.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 3 тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)*

3. Соттың эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тануы уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жоюы үшін негіз болып табылады.

Акционерлік қоғам акциялар шығарылымы жойылған күннен бастап үш айдың ішінде акциялардың жаңа шығарылымын тіркеу немесе қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы шешім қабылдайды.

## 5-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысы

### 28-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысының тәртібі

1. Эмиссиялық бағалы қағаздардың қайталама бағалы қағаздар рыногындағы айналысы бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында осы бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасуы арқылы жүзеге асырылады.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелер жасасудың және оларды бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде немесе бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде тіркеудің талаптары мен тәртібі осы Заңға және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленеді.

### 29-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысын тоқтата тұру

1. Уәкілетті орган осы Заңда және Қазақстан Республикасының:

1) инвесторлардың эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуы процесінде олардың құқықтары мен мүдделерін;

2) эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелер жасасудың талаптары мен тәртібін белгілейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген талаптар бұзылған жағдайда, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде және (немесе) бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде барлық немесе жекелеген жеке шоттардағы эмиссиялық бағалы қағаздардың бәрін немесе бір бөлігін оқшаулау арқылы эмиссиялық бағалы қағаздар айналысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген негіздер бойынша эмиссиялық бағалы қағаздар айналысын тоқтата тұру туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган эмитентке және мәміле жасасуға қатысатын (қатысқан) тұлғаларға анықталған бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқама жібереді. Аталған тұлғалар анықталған тәртіп бұзушылықтарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде жоюға және нұсқаманың орындалғаны туралы не анықталған бұзушылықтарды жою мүмкін еместігі туралы уәкілетті органға жазбаша есеп беруге міндетті.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

3. Уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздар айналысын тоқтата тұру туралы шешімді эмитентке және орталық депозитарийге жібереді.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

4. Орталық депозитарий уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұру туралы хабарламасын алған кезден бастап бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесіндегі және нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі айналысы тоқтатыла тұрған бағалы қағаздармен мәмілелердің тіркелуін тоқтата тұруға міндетті.

5. Нақтылы ұстаушы орталық депозитарийдің хабарламасын алған кезден бастап жиырма төрт сағаттың ішінде өзінің клиентін клиенттің нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі шоты бойынша бағалы қағаздармен мәміле жасасуын тіркеуді тоқтата тұруы туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 6-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

6. Бұзушылықтар жойылғаннан кейін бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесіндегі және бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді қайта жаңғырту уәкілетті органның эмитентке және орталық депозитарийге бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді қайта жаңғырту туралы

шешім қабылданған кезден бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жіберілген жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

### **30-бап. Акциялар шығарылымын жою**

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2014.19.03. № 179-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

1. Акционерлік қоғам:

1) акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімін алған;

2) ерікті түрде таратылатын акционерлік қоғамның тарату балансын бекіткен;

3) акционерлік қоғамды мәжбүрлеп тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімін алған;

4) акционерлік қоғамды шаруашылық серіктестік немесе өндірістік кооператив етіп қайта құру кезінде беру актісіне қол қойған;

5) беру актісіне қол қойған (бірігу арқылы қайта ұйымдастырылатын акционерлік қоғамдар үшін);

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен б) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

б) беру актісіне қол қойған (осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген қосылатын акционерлік қоғамды қоспағанда, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылған жағдайда қосылатын акционерлік қоғам үшін);

7) бөлу балансына қол қойған (бөліну арқылы қайта ұйымдастырылған жағдайда, бөлінетін акционерлік қоғам үшін) күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей акциялар шығарылымының күшін жою үшін уәкілетті органға өтініш жасауға міндетті.

Қаржы ұйымы болып табылатын қосылатын акционерлік қоғам қосылу арқылы қайта ұйымдастырылған жағдайда уәкілетті органның лицензияның қолданысын тоқтату туралы хатын алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей акциялар шығарылымының күшін жою үшін уәкілетті органға жүгінуге міндетті.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 1-1-тармақпен толықтырылды*

1-1. Таратылатын акционерлік қоғам таратылатын қоғамның тарату теңгерімі бекітілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде акциялар шығарылымын жою мақсатында уәкілетті органға өтініш білдіреді.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 1-2-тармақпен толықтырылды; 2012.24.12. № 60-V ҚР Заңымен 1-2-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара); 2014.19.03. № 179-V ҚР Заңымен 1-2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

1-2. Акциялардың күшін жоюға қажетті құжаттарды ұсынбай-ақ, уәкілетті орган Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде таратылуы немесе қайта ұйымдастырылуы (осы акционерлік қоғамға басқа заңды тұлғаның біріктіру немесе осы акционерлік қоғамнан жаңа акционерлік қоғамның бөлініп шығу жағдайларын қоспағанда) туралы мәліметтер қамтылатын акционерлік қоғамдардың акциялар шығарылымының күшін жою туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред. қара)*

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 2-1-тармақпен толықтырылды; 2014.29.09. № 239-V ҚР Заңымен 2-1-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара)*

2-1. Сот не сот орындаушылары жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану немесе мәжбүрлеп тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімін табыс еткен жағдайда уәкілетті орган акциялар шығарылымын жою туралы шешім қабылдайды және бұл жөнінде эмитентті хабардар етеді.

*2015.24.11. № 422-V ҚР [Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда \(2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#); 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен 3-тармақ өзгертілді \(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#)*

3. Жарияланған акциялар шығарылымының күшін жою тәртібі, жарияланған акциялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесі және оларға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Уәкілетті орган жарияланған акциялардың шығарылымын, егер құжаттарды қарау процесінде олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеу фактілері анықталса, жоюдан бас тартуға құқылы.

4. Шығарылымына қатысты уәкілетті орган жою туралы шешім қабылдаған акциялармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасуға тыйым салынады.

5. 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

*2007.19.02. № 230-III ҚР [Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда \(бұр.ред.қара\)](#); 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен 6-тармақ өзгертілді \(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#); 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда \(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред. қара\)](#)*

6. Акциялар шығарылымының күшін жою туралы шешімді уәкілетті орган эмитентке жібереді.

*2007.19.02. № 230-III ҚР [Заңымен 30-1-баппен толықтырылды](#); 2011.10.02. № 406-IV ҚР [Заңымен 30-1-бап жаңа редакцияда \(бұр.ред.қара\)](#); 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен 30-баптың тақырыбы өзгертілді \(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#)*

### **30-1-бап. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын жою**

*2012.24.12. № 60-V ҚР [Заңымен \(бұр. ред. қара\)](#); 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен \(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#) 1-тармақ өзгертілді*

1. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын жою туралы шешімді уәкілетті орган мынадай негіздердің бірі бойынша:

*2015.27.04. № 311-V ҚР [Заңымен 1\) тармақша өзгертілді \(бұр.ред. қара\)](#)*

1) мынадай шарттардың бірі сақталған кезде:

осы шығарылымдағы бірде-бір мемлекеттік емес облигация орналастырылмаған;

бағалы қағаздардың қайталама нарығында эмитент осы шығарылымның барлық орналастырылған мемлекеттік емес облигациясын сатып алған;

осы шығарылымның мемлекеттік емес облигацияларының айналыста болу мерзімі өткен соң;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, қаржы ұйымдарын, сондай-ақ бас ұйым ретінде банк конгломератына кіретін және қаржы ұйымы болып табылмайтын ұйымдарды қайта құрылымдау рәсімдерін жүзеге асырған кезде мемлекеттік емес облигациялар облигациялар шығарылымын жою туралы эмитент органының шешімі болғанда;

2) тарату үдерісінің аяқталғанын растайтын құжаттарды мәжбүрлі тәртіппен таратылатын эмитенттің тарату комиссиясы ұсынғанда қабылдайды.

Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға қажетті құжаттарды ұсынбай-ақ, уәкілетті орган Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде таратылуы туралы мәліметтер қамтылатын эмитенттің мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою туралы шешім қабылдауға құқылы.

Мемлекеттік емес облигациялар айналысының мерзімі өткен соң олардың шығарылымының күшін жою кезінде орталық депозитарий мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының шарттарында көзделген барлық міндеттемелерді эмитент орындағанға

дейін осы мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы эмитентінің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын есепке алуды жүзеге асырады.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою тәртібі, мемлекеттік емес акциялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесі және оларға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Уәкілетті орган мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын, егер құжаттарды қарау процесінде олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеу фактілері анықталса, жоюдан бас тартуға құқылы.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

3. Мемлекеттік емес облигациялар эмитентінің ерікті түрде тарату туралы шешімді, егер осындай шешім қабылданған күні ол шығарған мемлекеттік емес облигациялар толық көлемде өтелмесе немесе мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы жойылмаса, қабылдауға құқығы жоқ.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 31-баптың тақырыбы жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

### **31-бап. Бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеу. Төлем агенті. Облигацияларды өтеу**

#### **Төлем агенті**

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

1. Қайталама бағалы қағаздар рыногындағы эмиссиялық бағалы қағаздар айналысы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының [зандарында](#) және эмиссиялық бағалы қағаздар шығару шарттарында белгіленген бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеу тәртібін сақтауға міндетті.

*07.07.04 ж. № 577-II ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-тармақ өзгертілді*

2. Облигацияларды өтеу кезінде олардың номиналды құны және (немесе) облигациялар бойынша табыс осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) оларды алуға құқығы бар тұлғаларға төленеді.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

3. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеуді (облигацияларды өтеу кезінде төленетін облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақыны қоспағанда) эмитент дербес немесе төлем агентінің көрсетілетін қызметтерін пайдалана отырып жүзеге асырады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-1-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

3-1. Банктік аударым операцияларын жүргізуге лицензиясы бар эмитенттерді қоспағанда, эмитент соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, облигацияларды өтеуге арналған ақшаны облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған соманы есепке жатқызу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде, әрбір облигация ұстаушыға төленуге жататын сома туралы ақпараты бар облигацияларды ұстаушылардың тізімін қоса бере отырып аударыды.

Орталық депозитарий облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған ақшаны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен осы облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына аударуды жүзеге асырады.

Банктік аударым операцияларын жүргізуге лицензиясы бар эмитенттер облигацияларды ұстаушыларға осы эмитенттер шығарған облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған ақшаны төлеуді дербес жүзеге асыруға құқылы.

Өз облигацияларын өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындағаннан кейін банктік аударым операцияларын жүргізуге лицензиясы бар эмитенттер орталық депозитарийге әрбір облигация ұстаушыға төлем сомасының мөлшері туралы ақпарат бар облигацияларды ұстаушылардың тізімін қоса бере отырып, облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған ақшаны облигацияларды ұстаушыларға төлеу туралы хабарламаны беруге міндетті.

Сәйкестендірілмеген («жоғалған») облигацияларды ұстаушылар болған жағдайда, банктік аударым операцияларын жүргізуге лицензиясы бар бағалы қағаздар эмитенті осы ұстаушыларға тиесілі төлем сомасын орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орталық депозитарийге аударуды жүзеге асырады. *2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 4-тармақ жаңа редакцияда; 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеуді жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді. *2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

5. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеуді жүзеге асыру үшін төлем агентін сайлау туралы шешімді эмитенттің органы өз жарғысына сәйкес қабылдайды.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

6. Төлем агентінің көрсетілетін қызметтерін пайдалану туралы шешім қабылданған жағдайда, эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінде төлем агенті туралы мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

1) төлем агентінің толық атауы;

2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеуді жүзеге асыратын барлық филиалдарының тұрған жері, деректемелері.

7. 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 8-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара); 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 8-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред. қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен (2021 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 8-тармақ өзгертілді*

8. Эмитенттің кінәсінен эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша табыс және (немесе) оларды өтеу кезінде облигациялардың номиналды құны төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда, эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға негізгі міндеттеме сомасын және әрбір мерзімі өткен күн үшін ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төлеуге міндетті.

9. Төлем агенті қызметін жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

*2014.16.05. № 203-V ҚР Заңымен 31-1-баппен толықтырылды; 2016.29.03. № 479-V ҚР Заңымен 31-1-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 31-1-бап өзгертілді (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

**31-1-бап. Лицензиаттың қаржы өнімдерін бекітуі туралы хабардар етуі**

Лицензиат уәкілетті органды қаржы өнімдерін бекітуге уәкілетті лицензиат органының қаржы өнімдерін бекітуі туралы олар бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Бекітілуі туралы лицензиат уәкілетті органды хабардар ететін қаржы өнімдерінің тізбесі, лицензиат қаржы өнімдерін бекіткені туралы уәкілетті органды хабардар ету тәртібі, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттардың және хабарламада көрсетілетін бекітілген қаржы өнімдері жөніндегі мәліметтердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 32-бап жаңа редакцияда*

**32-бап. Мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабардар ету**

Орталық депозитарий эмитенттің мемлекеттік емес облигацияларды уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде өтегені туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

*2009.12.02. № 133-IV ҚР Заңымен 5-1-тараумен толықтырылды*

**5-1-тарау. Ислам бағалы қағаздарын шығарудың және олардың айналымының ерекшеліктері**

**32-1-бап. Исламдық қаржыландырудың негізгі принциптері**

Мыналар исламдық қаржыландырудың негізгі принциптері болып табылады:

1) эмитенттің ислам бағалы қағаздарын шығару кезінде ислам бағалы қағаздары құнының проценті түріндегі сыйақыны есептеп шығаруға, сондай-ақ ислам бағалы қағаздары бойынша табысқа кепілдік беруге құқығы жоқ;

2) ислам бағалы қағаздарын шығару және орналастыру нәтижесінде алынған қаражат темекі, алкогольдік өнімдерді, қару-жарақ пен оқ-дәріні шығаруға және (немесе) саудалауға, құмар ойын бизнесімен байланысты қызметті, сондай-ақ исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес қаржыландыруға тыйым салған кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрлерін қаржыландыруға бағытталмауға тиіс.

Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес ислам бағалы қағаздары эмитентінің қызметіне қойылатын сақталуға міндетті өзге де талаптарды қосымша айқындауға құқылы.

**32-2-бап. Ислам бағалы қағаздарының түрлері**

1. Ислам бағалы қағаздарына:

1) ислам инвестициялық қорларының акциялары мен пайлары;

2) исламдық жалдау сертификаттары;

3) исламдық қатысу сертификаттары;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ислам бағалы қағаздары болып танылған өзге де бағалы қағаздар жатады.

2. Инвестициялық портфельді басқарушылар ислам инвестициялық қорлары пайларының эмитенттері болып табылады.

Ислам арнайы қаржы компаниялары исламдық жалдау сертификаттары мен исламдық қатысу сертификаттарының эмитенттері болып табылады.

*2011.22.07. № 475-IV ҚР Заңымен 32-3-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2014.29.09. № 239-V ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 32-3-бап өзгертілді; 2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 32-3-бап жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

### **32-3-бап. Исламдық жалдау сертификаттары**

1. Ислам арнайы қаржы компаниясы шығарылу кезінде айналыс мерзімін алдын ала белгілей отырып шығаратын, ұстаушылары жалдау (қаржы лизингі) шарты бойынша кірістер алу құқығына ие болатын ислам бағалы қағаздары исламдық жалдау сертификаттары болып табылады.

2. Исламдық жалдау сертификаттары оларды ұстаушыларға мынадай:

1) жалдау (қаржы лизингі) шарты бойынша кірістер алу;

2) егер мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы ислам арнайы қаржы компаниясы болып табылатын жағдайда, мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтерін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға кері сатудан түсетін кірісті алу;

3) бөлінген активтерді құрайтын мүлік үлесіне сәйкес келетін, ұстаушыға тиесілі исламдық жалдау сертификаттары санының орналастырылған исламдық жалдау сертификаттарының жалпы санына пропорционалды мөлшерде ақша сомасын алу;

4) эмитенттің (оригинатордың) қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде исламдық жалдау сертификаттарын шығару проспектісінде айқындалған тәртіппен эмитенттің (оригинатордың) қаржылық есептілігімен танысу;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 5) тармақша өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

5) ұстаушылардың исламдық жалдау сертификаттарына орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алу құқықтарын;

6) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, сондай-ақ ислам бағалы қағаздарын шығару шарттарында көзделген өзге де құқықтарды береді.

3. Ислам арнайы қаржы компаниясы исламдық жалдау сертификаттарын шығару, оларды орналастырудың нәтижесінде алынған ақшаға мүлікті иелену, сондай-ақ осы мүлікті жалға беру (қаржы лизингі) шарты бойынша түскен төлемдерді исламдық жалдау сертификаттарын ұстаушылар арасында бөлу үшін құрылады.

Мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын (исламдық жалдау сертификаттарын) шығару және онымен байланысты мемлекеттік мүлікті иелену және осы мүлікті тиісті саланың уәкілетті органына жалға беру, сондай-ақ мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару шарттарына сәйкес мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын өтеу үшін ғана құрылады.

Мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару шарттарына сәйкес оларды кері сатып алу міндеттемесімен бөлінген активтерді сатып алу-сату шартын және тиісті саланың уәкілетті органымен осы бөлінген активтерді жалдау шартын жасайды.

Мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтерінің құрамына мүлікті сатуды мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару туралы шешімінің негізінде жүзеге асырады.

Бөлінген активтерді мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясынан кері сатып алуды мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтерін құрайтын мүлікті басқа мүлікке ауыстыруға мұндай ауыстыру мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару шарттарына сәйкес жүзеге асырылатын жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жол беріледі.

4. Исламдық жалдау сертификаттарының айналысы ислам арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтеріне кіретін мүлікті жалдау (қаржы лизингі) шартын жасасқаннан кейін мүмкін болады.

5. Оригинатор ислам арнайы қаржы компаниясынан мүлікті иеленген жағдайда, исламдық жалдау сертификаттарын шығару проспектісінде исламдық жалдау сертификаттарын мерзімінен бұрын өтеу шарты көзделуі мүмкін.

6. Исламдық жалдау сертификаттарын шығарудың, орналастырудың, олардың айналысының және өтеудің өзге де шарттары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

### **32-4-бап. Исламдық қатысу сертификаттары**

1. Ислам арнайы қаржы компаниясы бағалы қағаздарды шығару кезінде олардың айналым мерзімін алдын ала белгілей отырып, жаңа инвестициялық жобаны ұйымдастыру, қолда бар инвестициялық жобаны дамыту немесе қарапайым серіктестік шарты негізінде кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру үшін тартылған қаражатты пайдалану мақсатымен не акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында заңды тұлға құру арқылы шығарылатын ислам бағалы қағаздары исламдық қатысу сертификаттары болып табылады.

2. Оригинатор инвестициялық жобаға мүлікті енгізу арқылы және (немесе) ислам арнайы қаржы компаниясына тиесілі акцияларды (қатысу үлестерін) сенімгерлікпен басқаруды жүзеге асыра отырып, инвестициялық жобаға қатысады.

3. Исламдық қатысу сертификаттарының айналымы инвестициялық жобаны іске асыру басталғаннан кейін мүмкін болады. Исламдық қатысу сертификаттарын орналастыру нәтижесінде алынған қаражаттың кемінде он процентін инвестициялау инвестициялық жобаны іске асыруды бастау болып табылады.

Эмитент инвестициялық жобаны іске асыру басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде исламдық қатысу сертификаттарын ұстаушыларға исламдық қатысу сертификаттарын шығару проспектісінде көзделген бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлама жариялау жолымен оларды айналымға енгізу мүмкіндігі туралы хабарлауға міндетті.

4. Инвестициялық жоба бойынша табыс ислам арнайы қаржы компаниясы мен оригинатор арасында исламдық қатысу сертификаттарын шығару проспектісі талаптарына сәйкес бөлінеді.

5. Оригинатор исламдық қатысу сертификаттарын шығару проспектісінде белгіленген мөлшерде комиссиялық сыйақы алуға құқылы.

6. Оригинатор исламдық қатысу сертификаттарын:

- 1) исламдық қатысу сертификаттарын шығару проспектісінде белгіленген жағдайларда;
- 2) исламдық қатысу сертификаттары бойынша дефолт жағдайында;
- 3) ислам арнайы қаржы компаниясын тарату туралы шешім қабылданған жағдайда сатып алады.

7. Инвестициялық жобаны іске асырушы заңды тұлға оригинатордың бастамасы бойынша таратылған жағдайда оригинатор исламдық қатысу сертификаттарын мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға міндетті.

8. Оригинатор таратылған жағдайда қарапайым серіктестік шарты өз қолданылуын тоқтатады. Осы инвестициялық жобаны құрайтын мүлікті исламдық қатысу сертификаттарын ұстаушылардың өкілі исламдық қатысу сертификаттарын ұстаушыларға аталған мүлікті өткізуден алынған ақшаны исламдық қатысу сертификаттарын шығару көлеміндегі үлестеріне сәйкес төлей отырып өткізуге тиіс.

9. Исламдық қатысу сертификаттарын ұстаушылар исламдық қатысу сертификаттарын шығару талаптарында көзделген жағдайларда оригинатормен бірлесіп, қаржыландыруға арналған инвестициялық жобаларды іріктеу кезінде шешімдер қабылдауға құқылы.

### **32-5-бап. Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің қызметі**

1. Ислам бағалы қағаздарын шығару және орналастыру нәтижесінде алынған қаражат есебінен қаржыландыру объектілерінің исламдық қаржыландыру принциптеріне сәйкестігін айқындауды:

*2011.22.07. № 475-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1) тармақша өзгертілді; 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

1) осы Заңның [32-2-бабы 1-тармағының 2\) және 3\) тармақшаларында](#) көрсетілген ислам бағалы қағаздарына қатысты - Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген тәртіппен тағайындалатын, ислам банкінің, исламдық банк операцияларын жүзеге асыратын, әмбебап банк лицензиясы бар банктің исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес немесе сатып алу-сату шартының негізінде активтерді ислам арнайы қаржы компаниясына беретін және (немесе) ислам арнайы қаржы компаниясының немесе мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясының құрылтайшысы болып табылатын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның құрылтайшылары болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының шешімі бойынша жеке шарттың негізінде тартылған исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес;

2) осы Заңның [32-2-бабы 1-тармағының 1\) тармақшасында](#) көрсетілген ислам бағалы қағаздарына қатысты - ислам акционерлік инвестициялық қоры акционерлерінің жалпы жиналысының немесе басқару органдарының ұсынымы бойынша ислам пайлық инвестициялық қорының басқарушы компаниясының шешімі бойынша жеке шарттың негізінде тартылған исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес жүзеге асырады.

Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес шешімдер қабылдауда тәуелсіз.

2. Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес мәміле жасасу сатысындағы ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған қаражат есебінен қаржыландыру жөніндегі мәмілені осы Заңның [32-1-бабында](#) көрсетілген исламдық қаржыландыру принциптеріне сай емес деп таныған жағдайда, мұндай мәміле жасалмайды және орындалмайды.

3. Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған қаражат есебінен қаржыландыру жөніндегі жасалған, бірақ орындалмаған немесе ішінара орындалған мәмілені осы Заңның [32-1-бабында](#) көрсетілген исламдық қаржыландыру принциптеріне сай емес деп таныған жағдайда, мұндай мәміле оригинатордың не ислам инвестициялық қорының басқарушы компаниясының талабы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

### **32-6-бап. Ислам арнайы қаржы компаниясы**

*2011.22.07. № 475-IV ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара); 2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен*

*1-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Ислам арнайы қаржы компаниясын ислам арнайы қаржы компаниясына мүлікті және (немесе) бөлінген активтерді беретін оригинатор құрады.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, оригинаторға қойылатын талаптар, сондай-ақ мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясын қоспағанда, ислам арнайы қаржы компаниясын құруға және оның қызметіне қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленеді.

2. Ислам арнайы қаржы компаниясының жарғылық капиталы тек қана ақшадан құралады.

3. Ислам бағалы қағаздарын бастапқы орналастыру кезіндегі олардың номиналды құны бір шығарылым шеңберіндегі барлық ислам бағалы қағаздары үшін бірдей болып табылады және ислам бағалы қағаздарын шығару проспектісінде айқындалады.

4. Ислам арнайы қаржы компаниясының атауында «ислам арнайы қаржы компаниясы» деген сөздер жазылуға тиіс.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 4-1-тармақпен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

4-1. Мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясының атауында «Мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы» деген сөздер болуға тиіс.

5. Ислам бағалы қағаздарының бұған дейінгі шығарылымын өтеу аяқталғанға дейін ислам бағалы қағаздарын одан әрі шығаруға тыйым салынады.

6. Ислам арнайы қаржы компаниясы жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті.

*2014.16.05. № 203-V ҚР Заңымен 7-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)*

7. Ислам арнайы қаржы компаниясын ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату ислам арнайы қаржы компаниясы шығарған ислам бағалы қағаздары шығарылымын өтеудің қорытындылары туралы есеп бекітілгеннен кейін жүзеге асырылуы мүмкін.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 7-1-тармақпен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

7-1. Мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясын тарату тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік-құқықтық актісінде айқындалады.

8. 2014.16.05. № 203-V ҚР Заңымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

9. Ислам арнайы қаржы компаниясы ислам бағалы қағаздары бойынша тиісті резервтік қорлар құруды қоса алғанда, бөлінген активтер бойынша түсімдерді өзі шығарған ислам бағалы қағаздары бойынша міндеттемелерін орындауға ғана пайдаланады.

10. Бөлінген активтер ислам арнайы қаржы компаниясының меншікті қаражатынан бөлек есепке алынады.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 10-1-тармақпен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

10-1. Мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтері мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясының басқа меншікті қаражатынан және кез келген өзге тұлғаға тиесілі, не мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару бойынша кез келген өзге мәмілеге жататын кез келген өзге активтерден бөлек есепке алынады.

11. Осы Заңға сәйкес ислам арнайы қаржы компаниясының ислам бағалы қағаздарын шығару проспектісі мемлекеттік тіркелген күннен бастап ислам арнайы қаржы компаниясының ислам бағалы қағаздарының осы шығарылымын қамтамасыз ету болып табылатын бөлінген активтерге қатысты өндіріп алу ислам арнайы қаржы компаниясы бөлінген активтерден басқа, өзге де активтер есебінен міндеттемелерін орындағаннан кейін ғана қолданылуы мүмкін.

*2011.22.07. № 475-IV ҚР Заңымен 11-1-тармақпен толықтырылды; 2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 11-1-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

11-1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына сатылған активтер исламдық жалдау сертификаттары бойынша қамтамасыз ету болып табылмайды.

12. Ислам арнайы қаржы компаниясы бухгалтерлік есепті жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен меншікті қаражаты мен бөлінген активтер бойынша қаржылық есептілікті бөлек табыс етеді.

13. 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*  
*2011.22.07. № 475-IV ҚР Заңымен 14-тармақпен толықтырылды; 2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 14-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

14. 1, 3, 4-1, 7-1, 9, 10-1 және 11-1-тармақтарды қоспағанда, осы баптың талаптары мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясының қызметіне қолданылмайды.

### **32-7-бап. Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі. Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылар өкілінің функциялары мен міндеттері**

1. Акцияларды қоспағанда, ислам бағалы қағаздарын шығару және олардың айналымы кезінде ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың эмитент және үшінші тұлғалар алдындағы мүдделерін білдіруді жүзеге асырады.

Эмитент бағалы қағаздар нарығында кастодиандық және (немесе) брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары қатарынан ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілін таңдауды дербес жүзеге асырады.

Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі эмитенттің үлестес тұлғасы болмауға тиіс.

2. Эмитент пен ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі арасында жасалған ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ ислам бағалы қағаздарын ұстаушылар өкілінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатудың тәртібі мен мән-жайлары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

3. Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) эмитенттің ислам бағалы қағаздарын шығару проспектісінде белгіленген, ислам бағалы қағаздарын ұстаушылар алдындағы міндеттемелерді орындауын бақылайды;

2) қаржыландыру объектілерінің ислам бағалы қағаздарын шығару талаптарына сәйкес келуін бақылайды;

3) ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларының құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған шаралар қабылдайды;

4) ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған қаражат есебінен сатып алынған мүлікке, ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған қаражат есебінен қаржыландыру жөніндегі мәмілені жүзеге асыру бөлігінде эмитенттің қаржылық есептілігіне, сондай-ақ көрсетілген қаражат активтеріне инвестицияланған заңды тұлғаларға мониторингті жүзеге асырады;

5) исламдық қатысу сертификаттарын шығару кезінде, егер бұл оларды шығару талаптарында көзделген болса, ислам арнайы қаржы компаниясының мүдделерін білдіреді;

6) осы тармақтың 1)-4) тармақшаларына сәйкес ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларға өзінің іс-әрекеттері туралы және осындай іс-әрекеттердің нәтижелері туралы хабарлайды.

4. Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі:

1) ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін мән-жайларды анықтауға және ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларды аталған мән-жайлар туралы күнтізбелік үш күн ішінде хабардар етуге;

2) уәкілетті органға және ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларға ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған қаражат есебінен сатып алынған мүліктің жай-күйі туралы хабарлауға;

3) уәкілетті органды және ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларды өкіл ретіндегі өз өкілеттіктерін тоқтатқаны туралы эмитентпен жасалған шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде хабардар етуге;

4) уәкілетті органға және ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларға олардың сұратулары бойынша ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі ретінде өз қызметіне қатысты ақпарат пен құжаттар беруге;

5) коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламауға міндетті.

5. Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылар өкілінің осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген функциялар мен міндеттерді орындау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 6-тармақпен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

6. Осы бап мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару кезінде қолданылмайды.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда*

#### **6-тарау. Туынды бағалы қағаздардың және туынды қаржы құралдарының айналымы**

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 33-бап өзгертілді (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 33-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 33-баптың тақырыбы жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

#### **33-бап. Репо операциялар, туынды бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен мәмілелер**

1. Биржалық брокерлер және биржалық дилерлер қызметін жүзеге асыруға сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның лицензиясы бар брокер және (немесе) дилер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және шарттармен тауар биржасындағы туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған брокерге және (немесе) дилерге тауар биржасында, нысанасы туынды қаржы құралдары болып табылатын, базалық активі тауар болып табылатын мәмілелерді қоспағанда, тауарлармен мәмілелер жасасуға (жасауға) тыйым салынады.

Тауар биржасында орталық контрагенттің қатысуынсыз мәміле жасалған жағдайда брокер және (немесе) дилер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген, тапсырма шартының нормалары қолданылатын брокерлік қызмет көрсетуге арналған шарт негізінде тек қана клиенттің есебінен және тапсырмасы бойынша әрекет етеді.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

3. Клиринг ұйымы, орталық депозитарий немесе қор биржасы орталық контрагент бола алады.

Қор биржасының ішкі құжаттарында осы қор биржасының сауда жүйесінде мәмілелер жасасқан кезде орталық агенттің функцияларын өзге де ұйымдардың орындау мүмкіндігі көзделуі мүмкін.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен 4-тармақ өзгертілді \(бұр.ред.қара\)](#)*

4. Орталық контрагент қатыса отырып, туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру тәртібі мен шарттары орталық контрагент болып табылатын клиринг ұйымының, орталық депозитарийдің, қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

5. Номиналды ұстаушылар туынды бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді және олар бойынша құқықтарды растауды осы Заңға және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда \(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред. қара\)](#)*

6. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында репо операцияларды және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау тәртібі мен шарттары қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен 7-тармақпен толықтырылды \(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді\)](#)*

7. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында репо операцияларды және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау тәртібі мен шарттарын тараптар тиісті шартта айқындайды.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен 8-тармақпен толықтырылды \(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді\)](#)*

8. Осы баптың 7-тармағында көрсетілген шарт бас қаржылық келісім түрінде жасалуы мүмкін.

Резиденттер арасында жасалатын бас қаржылық келісімді кәсіптік ұйым әзірлейді. Егер шетелдік тұлға бас қаржылық келісімнің тарапы болып табылса, бас қаржылық келісімді шетелдік кәсіптік ұйым әзірлеуі мүмкін.

Бас қаржылық келісімде бұдан басқа, тарату неттингін қолдану тәртібі мен шарттары айқындалады.

Тараптар бас қаржылық келісімнің үлгілік шарттарына, оның ішінде тарату неттингін қолдану тәртібіне және (немесе) шарттарына қатысты өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы.

**34-бап.** 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 35-бап жаңа редакцияда*

### **35-бап. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды шығару**

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды шығаруды орталық депозитарий жүзеге асырады.

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды шығару және орналастыру [тәртібі](#), шарттары орталық депозитарийдің [қағидалар](#) жинағында айқындалады.

## **7-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу және олар бойынша құқықтарды бастау**

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР [Заңымен](#) (бұр. ред. қара); 2007.19.02. № 230-III ҚР [Заңымен](#) (бұр.ред.қара) 36-бап өзгертілді; 2008.23.10. № 72-IV ҚР [Заңымен](#) (2010 ж. 1 қаңтарда*

*қолданысқа енді) (бұр. [ред. қара](#)); 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 36-бап жаңа редакцияда*

**36-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу**

*2021.02.01. № 399-VI ҚР [Заңымен](#) 1-тармақ жаңа редакцияда (2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.30.06. № 205-VIII ҚР [Заңымен](#) 1-тармақ өзгертілді (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелер, сондай-ақ эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқығын басқаға беру осы Заңның [38-1-бабында](#) көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, номиналдық ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тіркелуге жатады.

2. 2021.02.01. № 399-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

3. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жасалатын эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу тәртібі орталық депозитарийдің қағидалар жинағында және қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

4. 2021.02.01. № 399-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

5. 2021.02.01. № 399-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

6. 2021.02.01. № 399-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

7. Соттың шешімі бойынша бағалы қағаздар бойынша құқықтардың өзгеруін немесе тоқтатылуын тіркеуді орталық депозитарий (номиналды ұстаушы), заңды күшіне енген, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 226-бабына сәйкес ресімделген сот шешімі негізінде жүзеге асырады.

8. 2021.02.01. № 399-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

9. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер болмаған кезде орталық депозитарий, номиналды ұстаушы тіркелген тұлғалардың жеке шоттары (қосалқы шоттары) бойынша өз бетінше жазбалар енгізуге құқылы емес.

10. Жеке шоттар (қосалқы шоттар) бойынша жазбалар енгізу үшін негіз болып табылатын құжаттар (тіркелген тұлғаны сәйкестендіретін құжаттарды қоспағанда) бес жыл бойы сақтауға жатады.

11. Шетелдік бағалы қағаздарға немесе осы Заңның [59-бабының 1-тармағында](#) белгіленген функцияларды жүзеге асыратын шетелдік ұйымдарға қатысты құқықтарды есепке алу мен растау ерекшеліктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

12. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша, сондай-ақ банктер қосылу нысанындағы қайта ұйымдастыруды жүргізген кезде олардың бағалы қағаздары бойынша құқықтарды тіркеу ерекшеліктері, егер қайта ұйымдастырылатын банктердің бірі өзіне қатысты «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес қайта құрылымдау жүргізілген банк болып табылса, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР [Заңымен](#) 37-бап жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

**37-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар кешілін тіркеу**

1. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар кепілін тіркеу тәртібі осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.

2. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар кепілін тіркеуді орталық депозитарий (номиналды ұстаушы) кепіл беруші және кепіл ұстаушының бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.

Жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы эмиссиялық бағалы қағаздардың ауыртпалығына байланысты операцияларға қатысты кепіл беруші мен кепіл ұстаушының бұйрықтарын беруге жол беріледі.

Жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы эмиссиялық бағалы қағаздардың ауыртпалығына байланысты операцияларға қатысты кепіл беруші мен кепіл ұстаушының бұйрықтарын орындау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында айқындалады.

3. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [5-1-бабы 2-тармағының 11\) тармақшасында](#), [61-2](#), [61-4](#), [61-11](#) және [61-12-баптарында](#) көзделген операцияларды жүзеге асыру кезінде эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар кепілін тіркеу кепілге берілетін эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар көрсетіле отырып, ауыртпалық алынбастан, кепіл ұстаушының осы мәмілені тіркеу үшін қажет барлық мәліметтер қамтылған бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

4. Депонент пен оның клиенті арасында есеп айырысуларды жүзеге асыру кезінде депонентке кепілге берілген және маржиналдық мәміле бойынша қамтамасыз ету болып табылатын бағалы қағаздар кепілін және осы бағалы қағаздарға меншік құқығының ауысуын тіркеу кепіл ұстаушының бұйрығы және маржиналдық мәмілелерді жасау шарттары қамтылған брокерлік қызметтерді көрсету туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

5. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясынан депонентті айырған немесе депонент лицензияны өз еркімен қайтару туралы шешім қабылдаған жағдайда, орталық депозитарий ауыртпалық салынған депоненттің клиентіне тиесілі бағалы қағаздарды орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген тәртіппен ауыртпалықты алмастан, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде осы клиенттің шотына аударуды жүзеге асырады.

*2014.19.03. № 179-V ҚР Заңымен [37-1-баппен толықтырылды](#); 2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен [37-1-бап жаңа редакцияда \(бұр.ред.қара\)](#)*

**37-1-бап. Банктерді біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру кезінде кепіл затын ауыстыру және акциялар бойынша құқықтар кепілін тіркеу**

1. Банктерді біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру кезінде біріктірілетін банктің олар бойынша құқықтары кепіл заты болып табылатын акцияларына (кепіл беруші болып табылатын) акционердің меншік құқығы өзімен біріктіру жүзеге асырылатын банктің осы акцияларды сатып алуы негізі бойынша тоқтатылады.

2. Біріктіру нысанында қайта ұйымдастырылатын банктердің (кепіл беруші болып табылатын) акционерлеріне акциялар орналастырылған кезде, қайта ұйымдастырылатын банктердің акциялары бойынша құқықтар орналастырылатын акциялар бойынша құқықтарға ауыстырылады және кепіл құқығы қайта ұйымдастырылатын банктердің акциялары бойынша құқықтар кепілі оларды қамтамасыз ету болып табылатын қайта ұйымдастырылатын банктердің (кепіл берушілер болып табылатын) акционерлерінің тиісті міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін орналастырылатын акциялар бойынша құқықтарға қолданылады.

3. Қайта ұйымдастырылатын банктердің акцияларымен және қайта ұйымдастыру процесінде орналастырылатын акциялармен әрекеттер кепіл ұстаушының келісімінсіз жасалады.

4. Банктер біріктіру нысанында қайта ұйымдастыруды жүргізген кезде олардың акциялары бойынша құқықтар кепілін тіркеудің ерекшеліктері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен 38-бап жаңа редакцияда (2010 ж. 1 қаңтарда қолданысқа енді) (бұр. ред. қара)*

**38-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды растау**

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды растау осы Заңның [38-1-бабында](#) көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді көшірмені беру арқылы жүзеге асырылады.

Үзінді көшірмені берудің талаптары мен тәртібі осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

2. Номиналды ұстаушы номиналды ұстау жүйесіндегі жеке шоттан үзіндіде көрсеткен бағалы қағаздардың саны, түрлері туралы мәліметтер номиналды ұстаушының орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жеке шоты (номиналды ұстаушы клиентінің қосалқы шоты) бойынша мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде қамтылған мәліметтер басымдыққа ие болады.

Тіркелген тұлғаларға жеке шоттардың бірыңғай жүйесінен ақпарат беру уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен тіркеушінің лицензиясы уақытша тоқтатыла тұрған не одан айырған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

*2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 38-1-баппен толықтырылды (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді)*

**38-1-бап. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған шетелдік есепке алу ұйымының дербес шотындағы эмиссиялық бағалы қағаздарға құқықтарды есепке алудың және растаудың ерекшеліктері**

1. Шетелдік есепке алу ұйымы клиенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздарға құқықтарын есепке алу және олармен жасалатын мәмілелерді орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде атына дербес шот ашылған шетелдік есепке алу ұйымының есепке алу жүйесінде тіркеу шетелдік есепке алу ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде шетелдік есепке алу ұйымының дербес шотын ашу, жүргізу және жабу Қазақстан Республикасының заңдарына, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, сондай-ақ осы Заңның [78-бабы 1-1-тармағының](#) ережелері ескеріліп жүзеге асырылады.

2. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған шетелдік есепке алу ұйымының дербес шотындағы эмиссиялық бағалы қағаздарға клиенттердің құқықтарын растауды шетелдік есепке алу ұйымы осы шетелдік есепке алу ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Документ: Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

3. Шетелдік есепке алу ұйымы орталық депозитарийдің сұратуы бойынша орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған шетелдік есепке алу ұйымының дербес шотындағы эмиссиялық бағалы қағаздарға құқығы бар тұлғалар туралы ақпаратты және осы шетелдік есепке алу ұйымының клиенттері беретін ақпарат негізінде орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген жағдайларда, көлемде және мерзімдерде өзге де ақпаратты береді.

**39-бап.** 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

**40-бап.** Бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттары бойынша операцияларды тоқтата тұру. Эмиссиялық бағалы қағаздарды тәркілеу *2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі немесе бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шоттар бойынша жазба жасауды немесе эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осындай шешім қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органның шешімі негізінде жүргізіледі.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздарды [тәркілеу](#) заңды күшіне енген сот актісі негізінде ғана жүргізілуі мүмкін.

## **8-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық құпия**

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 41-бап өзгертілді (бұр. ред. қара); 2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 41-тармақ жаңа редакцияда; 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 41-бап өзгертілді*

### **41-бап. Бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпия**

Эмитенттің ірі акционерлері және осы эмитенттің өздеріне тиесілі акцияларының саны туралы, эмитент және номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі және (немесе) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу және сатып алынған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу бойынша эмитенттің жеке шоттарындағы эмиссиялық бағалы қағаздардың қалдықтары туралы мәліметтерді қоспағанда, орталық депозитарийдің және номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шоттың бар-жоғы туралы, орталық депозитарийдің және номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шоттардағы эмиссиялық бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдарының бар-жоғы, қалдықтары, қозғалысы және иелері туралы ақпарат бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны құрайды.

**42-бап.** 2011.28.12. № 524-IV ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр.ред. қара)*

**43-бап.** Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпияны ашу

*2016.30.11. № 26-VI ҚР Заңымен (2017 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. Осы бапта белгіленген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер жария етілмеуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, уәкілетті орган және «Астана» халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті арасында ақпарат, оның ішінде бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер алмасуды жүзеге асыру бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны жария ету болып табылмайды.

Қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабар жіберу кезінде мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқарушылық функцияларды атқаратын адамның растаушы құжаттар мен материалдар ретінде бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны құрайтын құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны жария ету болып табылмайды.

2. 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

2-1. 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

*2018.02.07. № 168-VI ҚР [Заңымен](#) 2-2-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

2-2. Бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді уәкілетті орган осы Заңның [55-1-бабы 9-тармағының](#) бесінші бөлігіне сәйкес аудиторлық ұйымға ұсынуы мүмкін.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) 3-тармақ өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))*

3. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер:

*2025.16.07. № 210-VIII ҚР [Заңымен](#) 1) тармақша өзгертілді (2025 ж. 16 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))*

1) прокурордың санкциясымен өздері жүргізіп жатқан қылмыстық істер бойынша анықтау және алдын ала тергеу органдарына;

*2016.28.12. № 36-VI ҚР [Заңымен](#) 1-1) тармақшамен толықтырылды (ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізілді)*

1-1) прокурордың санкциясымен Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына және Мемлекеттік күзет қызметіне барлау және (немесе) нұқсан келтіру акцияларының алдын алу, оларды әшкерелеу және жолын кесу үшін қажет болатын ақпаратты беру туралы олардың талап етуі бойынша;

2) соттың ұйғарымы, қаулысы негізінде өздері жүргізіп жатқан істер бойынша соттарға;

*2023.12.07. № 23-VIII ҚР [Заңымен](#) 2-1) тармақшамен толықтырылды (2023 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

2-1) бірінші басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қойған, «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес бекітілген тізілімнің үзінді-көшірмесі қоса берілген жазбаша сұрау салу бойынша активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органға;

3) олардың құзыреті шегінде тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде өздері қарап жатқан материал бойынша прокуратура органдарына;

*2009.28.08. № 192-IV ҚР [Заңымен](#) мазмұн 3-1) тармақшамен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді); 2012.21.06. № 19-V ҚР [Заңымен](#) ([бұр. ред. қара](#)); 2014.10.06. № 206-V ҚР [Заңымен](#) ([бұр.ред. қара](#)) 3-1) тармақша өзгертілді*

3-1) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының [Заңында](#) көзделген мақсатта және тәртіппен қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға;

*2006.22.06. № 147-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2010.02.04. № 262-IV ҚР Заңымен (жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2014.29.09. № 239-V ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 4) тармақша жаңа редакцияда; 2019.21.01. № 217-VI ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (2019 ж. 24 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

4) мемлекеттік мен жеке сот орындаушыларына: әділет органының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен расталған, сот орындаушысының прокурор санкциялаған қаулысы негізінде өздері жүргізіп жатқан атқарушылық іс жүргізу істері бойынша;

*2014.28.11. № 257-V ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2015.03.12. № 432-V ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара) 5) тармақша жаңа редакцияда*

5) тек салықтық әкімшілендіру мақсатында ғана:

тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша;

республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 150 еселенген мөлшерінен астам, туындаған күнінен бастап төрт ай ішінде өтелмеген салық берешегі бар тұлғаға қатысты;

өзіне қатысты банкрот деп тану туралы соттың заңды күшіне енген шешімі бар борышкерге қатысты мемлекеттік кіріс органдарына;

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 6) тармақша өзгертілді*

б) уәкілетті органға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне олардың сұрау салулары бойынша;

7) олар жүргізіп жатқан мұрагерлік істер бойынша нотариустерге;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 8) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

8) олар жүргізіп жатқан мұрагерлік істер бойынша шетелдік консулдық мекемелерге;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 9), 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшалармен толықтырылды; 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 9) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

9) эмиссиялық бағалы қағазды немесе басқа да қаржы құралын ұстаушыға: оның эмиссиялық бағалы қағаздар немесе басқа да қаржы құралдары бойынша құқықтарына қатысты, ұстаушының жазбаша нысанда берген келісімі негізінде не бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің және (немесе) номиналды ұстау жүйесінде ұстаушы үшін ашылған жеке шот бойынша оның сәйкестендіру құралы арқылы кез келген үшінші тұлғаға;

10) эмитентке: өзі эмиссиялаған бағалы қағаздарға қатысты;

11) лицензиаттың бас ұйымына: Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда пруденциялық нормативтерді есептеу, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру мақсаттары үшін;

12) қор биржасына: оның ішкі құжаттарында айқындалған көлемде;

13) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымға, оның өз жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті көлемде;

*2022.30.12. № 179-VII ҚР Заңымен 14) тармақша өзгертілді (2023 ж. 3 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

14) өзінің пайдасына эмиссиялық бағалы қағаздардың немесе басқа да қаржы құралдарының ауыртпалығы, оның ішінде кепіл тіркелген тұлғаға: эмиссиялық бағалы қағаздар немесе басқа да қаржы құралдары бойынша оның құқықтарына қатысты;

*2022.30.12. № 179-VII ҚР Заңымен 15) тармақшамен толықтырылды (2023 ж. 3 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)*

15) өзіне қатысты төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғалған Қазақстан Республикасының азаматы бойынша сұрау

салу негізінде, соттың рәсімді қолдану туралы іс қозғау жөніндегі ұйғарымы негізінде және прокурордың санкциясымен қаржы басқарушысына;

*2022.30.12. № 179-VII ҚР Заңымен 16) тармақшамен толықтырылды (2023 ж. 3 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)*

16) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының [Заңында](#) көзделген рәсімдерді қолдану туралы арыз берген азаматқа қатысты сұрау салу берілгенге дейінгі үш жыл ішіндегі кезең үшін осындай сұрау салу негізінде Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

Коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің тізбесі және мұндай мәліметтерді осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаларға ұсыну тәртібі осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

4. 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды ([бұр.ред. қара](#))

*2016.30.11. № 26-VI ҚР Заңымен 5-тармақпен толықтырылды (2017 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

5. Бейрезидент жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ бенефициарлық меншік иелері бейрезиденттер болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға:

1) бейрезидент жеке тұлғаларға және бейрезидент заңды тұлғаларға, сондай-ақ бенефициарлық меншік иелері бейрезиденттер болып табылатын заңды тұлғаларға;

2) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес жолданған шет мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуында көрсетілген жеке және заңды тұлғаларға қатысты ұсынылады.

Осы тармақта көрсетілген мәліметтерді ұсынудың тәртібін, мерзімін және нысанын, уәкілетті органмен келісу бойынша салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

#### **44-бап. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына қойылатын талаптар**

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді ([бұр.ред. қара](#))*

1. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы өзінің клиенттеріне қызмет көрсету процесінде бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді және инсайдерлік ақпаратты пайдалануды болғызбауға мүмкіндік беретін талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді ([бұр.ред. қара](#))*

2. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді және инсайдерлік ақпаратты пайдалануға және табиғи баға белгілеуді бұзу мен бағалы қағаздар рыногының тұрақсыздануына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерге жол беруге құқылы емес.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді ([бұр.ред. қара](#))*

3. Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушысының ішкі құжаттарында бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді және инсайдерлік ақпаратты сақталуын қамтамасыз ететін және оларды кәсіби қатысушының, оның қызметкерлерінің немесе үшінші тұлғалардың өз мүдделерінде пайдалануына жол бермейтін талаптар болуға тиіс.

*2025.18.07. № 215-VIII ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды (2026 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

4. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы жеке тұлғаның тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүддесінде мәмілелерді жүзеге асырған жағдайда Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген талаптарды сақтау мақсатында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздарды өткізу кезінде жеке тұлғалардың құн өсімінен түсетін кірісін есепке алуды және есептеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүддесінде мәмілелер жүзеге асырылған жеке тұлғаға әрбір өткізу бойынша оң және теріс айырмалар бойынша таратып жазуды қоса алғанда, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кіріс бойынша мәліметтерді күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

## **9-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру тәртібі**

### **45-бап. Бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымы**

1. Бағалы қағаздар рыногында уәкілетті органның лицензиялауына жататын мынадай қызмет түрлері:

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 1 тармақша жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)*

1) брокерлік;

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 1-1) тармақшамен толықтырылды*

1-1) дилерлік;

2) 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

3) инвестициялық портфельді басқару;

4) 2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен алып тасталды *(күшіне енетін мерзімін қара) (бұр.ред.қара)*

5) кастодиандық;

6) трансфер-агенттік;

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 6-1) тармақшамен толықтырылды*

6-1) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі;

7) 2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

8) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда ұйымдастыру жүзеге асырылады.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 2-тармақ өзгертілді; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара)*

2. Осы баптың 1-тармағының 1), 1-1), 2), 3), 4), 5), 6), 6-1), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген қызмет, сондай-ақ депозитарийлік қызмет, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет және бірыңғай оператордың мемлекетке, тізбесін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган бекітетін квазимемлекеттік сектор субъектілеріне (бұдан әрі - квазимемлекеттік сектор субъектілері) тиесілі немесе өздеріне қатысты мемлекеттің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мүліктік құқықтары бар бағалы қағаздарды номиналды ұстауды жүзеге асыру жөніндегі қызметі бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет болып табылады.

Бірыңғай оператор мемлекетке, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне тиесілі немесе өздеріне қатысты мемлекеттің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мүліктік

құқықтары бар бағалы қағаздарды номиналды ұстауды уәкілетті органның лицензиясынсыз жүзеге асырады.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-1-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 2-1-тармақ өзгертілді (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

2-1. Орталық депозитарий бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің мынадай түрлерін:

1) депозитарийлік қызметті;

2) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті;  
*2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 2-1) тармақшамен толықтырылды (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)*

2-1) цифрлық активтерді, оның ішінде Ұлттық стратегиялық крипторезерв құрамына кіретін цифрлық активтерді есепке алу және сақтау жөніндегі қызметті;

*3) тармақша 2019 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді*

3) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметті;

4) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті уәкілетті органның лицензиясынсыз жүзеге асырады.

Орталық депозитарий депозитарийлік қызметті және бағалы қағаздарды және цифрлық қаржы активтерін ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті, сондай-ақ Ұлттық стратегиялық крипторезерв құрамына кіретін цифрлық активтерді есепке алу және сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз ұйым болып табылады.

*2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 2-2-тармақпен толықтырылды (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді)*

2-2. Клиринг ұйымының брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру ерекшеліктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

*2008.20.11. № 88-IV ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара)*

3. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің белгілі бір түрін немесе өзара қоса атқаратын түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар өзінің қызметін үйлестіру мақсатында өзін-өзі реттейтін ұйым құрады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

4. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру тәртібі осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде, кәсіптік ұйымдардың және лицензиаттардың ішкі құжаттарында белгіленеді.

Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің түрлерін қоса атқарудың талаптары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

*2005.23.12. № 107-III ҚР Заңымен 4-1-тармақпен толықтырылды; 2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2014.16.05. № 203-V ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2016.29.03. № 479-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 4-1-тармақ өзгертілді*

4-1. Лицензиат бағалы қағаздар нарығындағы қызметті:

бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру шарттары мен тәртібін;

операцияларды жүргізудің жалпы шарттарын;

лицензиат пен оның клиентінің құқықтары мен міндеттерін, олардың жауапкершілігін;

Осы тармақта көзделген ішкі құжаттарды лицензиаттың басқару органы бекітуге тиіс.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 5-тармақ өзгертілді; 2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 5-тармақ жаңа редакцияда*

5. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы клиенттерінің, сондай-ақ клирингтік қатысушылардың, қор биржасы мүшелерінің қаржы құралдарын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы өз меншігіндегі активтерінен бөлек есепке алады және ол банкрот болған жағдайда, мүлктік массаға және (немесе) таратылған кезде оның мүлкінің құрамына енгізілмейді.

6. Бағалы қағаздар рыногында көрсеткен қызметтері үшін лицензиатқа клиенттің сыйақы төлеуінің талаптары мен тәртібі лицензиаттың ішкі құжаттарымен және (немесе) лицензиаттың өз клиентімен жасалған шартымен белгіленеді.

7. 2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР [Заңымен](#) алып тасталды (*бұр. ред. қара*)  
*2015.27.04. № 311-V ҚР [Заңымен](#) 8-тармақпен толықтырылды; 2026.16.01. № 259-VІІІ ҚР [Заңымен](#) 8-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаруға берген, сондай-ақ Ұлттық стратегиялық крипторезервті (бұдан әрі осы бапта - активтер) басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің акционерлік қоғамы брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті лицензиясыз жүзеге асырады.

*2015.27.04. № 311-V ҚР [Заңымен](#) 9-тармақпен толықтырылды*

9. Осы Заңның және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптары активтерге қатысты бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің жоғарыда көрсетілген түрлерін жүзеге асырған кезде, осы баптың 8-тармағында көрсетілген акционерлік қоғамға қолданылмайды.

Осы баптың 8-тармағында көрсетілген акционерлік қоғам активтерге қатысты брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және активтерді сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті осы акционерлік қоғамның ішкі құжаттарына және активтерді сенімгерлік басқару жөніндегі инвестициялық декларацияларға сәйкес жүзеге асырады.

*2015.27.04. № 311-V ҚР [Заңымен](#) 10-тармақпен толықтырылды; 2026.16.01. № 259-VІІІ ҚР [Заңымен](#) 10-тармақ өзгертілді (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылмайтын клиенттермен брокерлік қызметтерді көрсету туралы және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарттар жасалған жағдайда, осы баптың 8-тармағында көрсетілген акционерлік қоғам осы Заңның және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асырады.

*2018.02.07. № 166-VІ ҚР [Заңымен](#) 11-тармақпен толықтырылды; 2026.16.01. № 259-VІІІ ҚР [Заңымен](#) 11-тармақ өзгертілді (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

11. Бірыңғай оператор өз қызметін жүзеге асыру барысында осы Заңның [47-1](#), [49-1](#), [53](#) және [53-1-баптарында](#) белгіленген талаптарды сақтайды.

Осы Заңның [54-бабының](#) және «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [9-4-бабының](#) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыға қатысты талаптары бірыңғай оператордың басшы қызметкерлеріне қолданылады.

#### **46-бап. Өтініш берушінің (лицензиаттың) жарғылық капиталын қалыптастыру**

Документ: Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасының Заңы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 1-тармақ өзгертілді; 2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2014.19.03. № 179-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2023.20.04. № 226-VII ҚР Заңымен (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын лицензиат қайта ұйымдастырылған жағдайда оның акцияларға төлем жасау жағдайларын қоспағанда, өтініш берушінің (лицензиаттың) акцияларына оларды орналастырған кезде төлем жасау ақшалай Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүзеге асырылады.

Өтініш берушінің (лицензиаттың) жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Заңды тұлға акцияларға төленген ақы және (немесе) басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесі ретінде енгізілген активтер сомасын шегере отырып, меншікті капиталы шегінде өтініш берушінің (лицензиаттың) акцияларын төлеуге құқылы.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)*

2. Мәмілелердің нәтижесінде пруденциалдық нормативтер және қаржылық тұрақтылықтың уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де көрсеткіштері немесе өлшемдері (нормативтері) бұзылмайтын жағдайда, лицензиат акцияның он және одан да көп проценті тиесілі акционерлерден өз акцияларын сатып алу жөнінде мәмілелер жасасуға құқылы.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді)*

3. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалына қолданылмайды.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 47-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара)*

#### **47-бап. Өтініш берушінің (лицензиаттың) құрылтайшылары мен акционерлері**

1. Қазақстан Республикасының резиденті мен резиденті емес жеке және заңды тұлғалары осы баптың 2-тармағында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, өтініш берушінің (лицензиаттың) құрылтайшылары және акционерлері бола алады.

*2-тармақ 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді*

2. Тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының резиденті өтініш берушінің (лицензиаттың) дауыс беретін акцияларын тікелей немесе жанама иелене алмайды және (немесе) пайдалана алмайды және (немесе) оларға билік ете алмайды.

Көрсетілген шектеу өтініш беруші жүзеге асырғысы келетін (лицензиат жүзеге асыратын) қызмет түрлерін жүзеге асыратын, рейтинг агенттіктері бірінің талап етілетін ең төмен рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйымдардың еншілес ұйымдары болып табылатын өтініш берушілерге (лицензиаттарға) қолданылмайды.

Рейтинг агенттіктерінің тізбесі және талап етілетін ең төменгі рейтинг уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

3. Қаржы ұйымының және (немесе) банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционер) болу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы өзіне қатысты заңды күшіне енген сот үкімі бар жеке тұлға өтініш берушінің (лицензиаттың) дауыс беретін акцияларына дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызы мөлшерінде

тікелей немесе жанама түрде иелік ете алмайды және (немесе) пайдалана алмайды және (немесе) билік ете алмайды.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді)*

4. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалына қолданылмайды.

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен 47-1-бапмен толықтырылды; 2008.20.11. № 88-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 47-1-бап жаңа редакцияда*

#### **47-1-бап. Лицензиаттың ұйымдық-құқықтық нысаны және органдары**

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 1-тармақ жаңа редакцияда*

1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылуы мүмкін және қызметін жүзеге асыруы мүмкін трансфер-агенттерді, номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлерді және (немесе) дилерлерді қоспағанда, лицензиат акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады және қызметін жүзеге асырады.

2. Лицензиат (трансфер-агентті қоспағанда) міндетті түрде ішкі аудит қызметін құрады және мынадай алқалы органдарды қалыптастырады:

- 1) басқару органы;
- 2) атқарушы орган.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 2-1-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

2-1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлер және (немесе) дилерлер байқаушы кеңесін құрады.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді)*

3. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалына қолданылмайды.

#### **48-бап. Өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары**

1. Өтініш беруші лицензия алу үшін мынадай біліктілік талаптарына сай болуға тиіс:

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен (қолданысқа енгізілген күннен бастап жиырма бір күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара) 1) тармақша жаңа редакцияда; 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2019.25.11. № 272-VI ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 1) тармақша өзгертілді*

1) өтініш берушінің басқару органы бекіткен, жуырдағы үш жылға арналған бизнес-жоспарының болуы. Бизнес-жоспарда мынадай мәселелер:

лицензияны алу мақсаттары;

қызметінің негізгі бағыттарының сипаттамасы және оған өтініш беруші бағдар жасаған нарық сегментіне шолу;

қызмет шеңберіндегі көзделген қызмет көрсету, оларды бағалау тәртібі туралы ақпарат, сондай-ақ оларды сатудың шарттары мен көлемі бойынша жоспарлар;

қызметіне байланысты негізгі тәуекелдер, оларды бағалау және меншікті капиталы есебінен өтеу тәсілдері, меншікті капиталының жеткіліктілік мәні, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау рәсімдері туралы ақпарат;

қаржы жоспары, оның ішінде алғашқы үш қаржы (операциялық) жылындағы кірістер мен шығыстар болжамы, көрсетілген кезең ішінде жол берілетін залалдылық коэффициенттері;

инвестициялық саясат, компания қызметін қаржыландыру көздері;

инвестициялық комитет пен ішкі аудит қызметін қоса алғанда, өтініш берушінің ұйымдық құрылымы, корпоративтік басқару рәсімін іске асыру тәсілдерінің сипаттамасы, сондай-ақ мамандардың білім деңгейіне қойылатын талаптар көрсетілуге тиіс;

2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдары мен жабдықтары болуы;

3) 2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

4) 2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

*2005.23.12. № 107-ІІІ ҚР Заңымен 5) тармақша жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)*

5) осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін ұйымдық құрылымның болуы;

6) 2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

7) 2019.25.11. № 272-VІ ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр.ред. қара)*

2. 2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

3. 2007.19.02. № 230-ІІІ ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

*2022.12.07. № 138-VІІ ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

4. Осы баптың 1-тармағы 1) тармақшасының талаптары сақтандыру ұйымына бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін қолданылмайды.

*2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР Заңымен 49-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)*

**49-бап. Лицензиаттың сақтауға міндетті пруденциялық нормативтері, қаржы тұрақтылығының өзге де көрсеткіштері мен өлшемдері (нормативтері)**

*2018.02.07. № 166-VІ ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

1. Лицензиат бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің тиісті түріне қатысты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген пруденциялық нормативтерді және қаржылық тұрақтылықтың сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерін сақтауға міндетті.

*2019.03.07. № 262-VІ ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.30.06. № 205-VІІІ ҚР Заңымен (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 2-тармақ өзгертілді*

2. Лицензиат Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне пруденциялық нормативтердің, қаржы тұрақтылығының өзге де көрсеткіштері мен өлшемдерінің (нормативтерінің) сақталуын сипаттайтын көрсеткіштердің есептерін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес табыс етуге міндетті.

*2018.02.07. № 166-VІ ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

3. Пруденциялық нормативтердің түрлері, лицензиаттың сақтауы міндетті қаржылық тұрақтылықтың өзге де нормалары мен лимиттері, олардың мәндерін есептеу тәртібі және әдістемелері бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің әр түріне қатысты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

*2007.19.02. № 230-ІІІ ҚР Заңымен 3-1-тармақпен толықтырылды*

3-1. Лицензиат уәкілетті органның жазбаша нұсқамасында көрсетілген қаржылық және (немесе) өзге де есептіліктегі деректерді түзету жөніндегі талаптарды орындамаған кезде, пруденциалдық нормативтерді және басқа да міндетті нормалар мен лимиттерді есептеуді уәкілетті орган өздері түзеткен есептілік негізінде жүзеге асырады.

*2009.13.02. № 135-ІV ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды*

4. Осы Заңның лицензиат сақтауға міндетті пруденциялық нормативтер, қаржылық тұрақтылықтың өзге де көрсеткіштері мен өлшемдері (нормативтері) туралы нормалары ұлттық басқарушы холдингке және дауыс беретін акцияларының жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін заңды тұлғаларға қолданылмайды.

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 5-тармақпен толықтырылды; 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

5. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлға уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген, инвестициялық портфельді басқарушының меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенттерін және (немесе) өтімділік коэффициентін қолдау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

Инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлға уәкілетті органның талап етуі бойынша инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық жағдайын жақсарту, оның ішінде инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде инвестициялық портфельді басқарушының меншікті капиталын ұлғайту жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

Осы тармақта көзделген талаптар орындалмаған кезде уәкілетті орган инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаға осы Заңның [72-3-бабында](#) көзделген қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 6-тармақпен толықтырылды*

6. Уәкілетті орган лицензиаттан пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде есепке алынатын активтерге бағалаушының бағалау жүргізуді және уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде бағалау туралы есепті ұсынуды талап етуге құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес уәкілетті органның талап етуі бойынша жүзеге асырылатын, лицензиаттың пруденциялық нормативтерін есептеу кезінде есепке алынатын активтер құнын бағалауды бұрын осы активке бағалау жүргізген бағалаушы жүргізуге құқылы емес.

Лицензиат осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес уәкілетті органның талаптарын орындамаған жағдайда, тиісті активтің құны уәкілетті органға соңғы есепті күнге ұсынылған пруденциялық нормативтің есеп-қисабынан алып тасталады.

Пруденциалдық нормативтің есеп-қисабына енгізілген активтің құны осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес бағалаушы айқындаған осы активтің құны сәйкес келмеген жағдайда, лицензиат уәкілетті органға бағалау туралы тиісті есепті қоса бере отырып, соңғы есепті күнге пруденциалдық нормативтің түзетілген есеп-қисабын ұсынады.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 49-1-баппен толықтырылды; 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 49-1-бап өзгертілді*

#### **49-1-бап. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі**

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастырады, онда:

*2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

Документ: Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасының Заңы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

1) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар органдарының, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі өкілеттіктері мен функционалдық міндеттері, олардың жауапкершілігі;

2) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі ішкі саясат пен рәсімдер;

3) жасалатын операциялардың түрлері бойынша жеке алғанда жол берілетін тәуекелдер мөлшеріне лимиттер;

4) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар органдарына тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі есептілікті ұсынудың ішкі рәсімдері;

*2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара); 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 5) тармақша өзгертілді*

5) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалаудың ішкі өлшемшарттары қамтылуға тиіс.

6) 2026.16.01. № 259-VIII ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы ішкі аудит қызметінің басшысы (ішкі аудит функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын аудитор) лауазымына жұмыскерлерді тағайындау кезінде олардың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін айқындайтын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сай келуін өз бетінше тексереді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Уәкілетті орган тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің осы бапта белгіленген [талаптарға](#) сәйкестігін бағалауды жүзеге асырады.

Осы баптың талаптары трансфер-агенттерге қолданылмайды.

### **50-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті лицензиялау**

1. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру үшін лицензиялар берудің талаптары мен тәртібі осы Заңмен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен (қолданысқа енгізілген күннен бастап жиырма бір күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілді) 2 тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)*

2. Лицензия алу үшін табыс етілген құжаттарды уәкілетті орган қарайды және өтініш беруші мен ол табыс еткен құжаттар осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптарына сәйкес болған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін құжаттарды табыс еткен күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей лицензия береді.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының [заң актілерінде](#) белгіленген негіздемелер бойынша лицензия беруден бас тартуға құқылы.

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

3. Егер лицензия алу үшін табыс етілген құжаттарды қарау процесінде осы құжаттарда өтініш беруші, оның құрылтайшылары немесе олардың қызметі туралы анық емес мәліметтер бар екені белгілі болса, сондай-ақ уәкілетті органға ұсынылған мәліметтердің анық екендігін тексеру қажет болған кезде, уәкілетті орган ол құжаттарды қарау мерзімін тоқтата тұруға құқылы. Өтініш беруші ескертпелерді жойғаннан кейін және құжаттарды тапсырғаннан кейін олардың қарау мерзімі қайта жаңғыртылады. Уәкілетті органның құжаттарды кейінгі қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

*2007.12.01 № 222-III ҚР Заңымен (күшіне енетін мерзімін қара) (бұр.ред.қара); 2009.28.08. № 192-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа*

*енгізілді) (бұр.ред.қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 51-бап өзгертілді*

**51-бап. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру. Лицензиядан айыру және қолданылуын тоқтату**

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Уәкілетті орган:

1) лицензия алу немесе лицензиаттың қызметі туралы есепті қарау үшін табыс етілген құжаттарда дәйектемесіз ақпарат анықталған;

2) лицензия алу үшін табыс етілген құжаттардағы өзгерістер туралы ақпарат берілмеген;

3) осы Заңда белгіленген біліктілік талаптары сақталмаған;

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 4-9) тармақшалар жаңа редакцияда (бұр. ред. қара);*

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 4) тармақша жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

4) уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шаралары орындалмаған;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

*(бұр.ред.қара); 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 5) тармақша жаңа редакцияда*

5) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қызметі процесінде осы Заңның 54-бабының және (немесе) «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 9-4-бабының талаптары сақталмаған;

5-1) 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

5-2) 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

6) лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтата тұру туралы жазбаша өтініш болған;

7) жүзеге асыруға лицензия берілген қызметті алты және одан да көп ай ішінде лицензиат жүзеге асырмаған;

8) бағалы қағаздар рыногындағы қызмет туралы мәліметтерді мемлекеттік органдарға табыс ету жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарды орындамаған;

*2005.23.12. № 107-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 9) тармақша өзгертілді*

9) осы Заңның 53-бабына сәйкес лицензиаттар үшін тыйым салынған және шектелген қызметтерді жүзеге асырған;

*2005.23.12. № 107-III ҚР Заңымен 10) тармақшамен толықтырылды; 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 10) тармақша жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

10) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі уәкілетті органның талаптарына сәйкес келмеген;

*2012.21.06. № 19-V ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2014.10.06. № 206-V ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 11) тармақша өзгертілді*

11) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптар бұзылған;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 12) тармақшамен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

12) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы осы Заңның [72-3-бабында](#) белгіленген мәжбүрлеу шараларын орындамаған;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 13) тармақшамен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 13) тармақша өзгертілді (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

13) лицензиат аудиторлық есепте көрсетілген бұзушылықтарды осы Заңның [55-1-бабының 6-тармағында](#) көрсетілген мерзімдерде жоймаған;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 14) тармақшамен толықтырылды (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді)*

14) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің барлық немесе мәні бойынша ұқсас жекелеген қызмет түрлерін жүргізуге арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұрған (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалына берілген лицензияға қатысты) жағдайларда, лицензияның қолданысын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

1-1. Қор биржасының мүшесі қор биржасының қағидаларын тиісінше орындамауы немесе орындамауы себебінен қор биржасының мүшелігі тоқтатыла тұрған немесе оны жоғалтқан жағдайда, уәкілетті орган қор биржасы мүшесінің бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясының қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру туралы немесе лицензиядан айыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Уәкілетті органнан лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асыру заңсыз болып табылады және Қазақстан Республикасының [заңдарында](#) белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

3. 2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр. ред. қара)*  
*2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)*

4. Уәкілетті орган:

1) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептері жойылмаған;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2) бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы, акционерлік қоғамдар туралы, инвестициялық қорлар туралы заңнамасының нормаларын жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет) бұза отырып жүзеге асырылған;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

3) уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шаралары жүйелі түрде (соңғы күнтізбелік он екі ай ішінде үш рет және одан көп) орындалмаған;

*2012.21.06. № 19-V ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2014.10.06. № 206-V ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 3-1) тармақша өзгертілді*

3-1) осы Заңның [51-бабы 1-тармағының 11\) тармақшасында](#) көзделген негіздер бойынша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру түрінде санкция қолданылған, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының [Заңында](#) көзделген талаптар қатарынан соңғы он екі ай ішінде қайтадан бұзылған;

*2025.19.09. № 219-VІІІ ҚР Заңымен 3-2) тармақша өзгертілді (2025 ж. 20 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

3-2) лицензиаттар ақшаны жылыстатумен, терроризмді қаржыландырумен немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты мәмілелерге қатысқан жағдайларда;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 3-3) тармақшамен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

3-3) лицензиат өзіне берілген лицензияға сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде жүзеге асырмаған;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 3-4) тармақшамен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

3-4) лицензиат аудиторлық есепте көрсетілген бұзушылықтарды осы Заңның [55-1-бабының 6-тармағында](#) көрсетілген мерзімдерде жоймаған;

*2007.12.01 № 222-III ҚР Заңымен (күшіне енетін [мерзімін қара](#)) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 4) тармақша өзгертілді*

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де негіздер бойынша лицензиядан айыруға құқылы.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 4-1-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

4-1. Санкцияларды қолданудың орындылығын айқындау және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтата тұру не одан айыру түрінде санкцияларды таңдау кезінде мыналар ескеріледі:

1) тәуекел деңгейі, бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының сипаты;

2) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының ауқымы мен маңыздылығы;

3) бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің жүйелігі мен ұзақтығы;

4) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің қаржылық жағдайға әсері;

5) анықталған бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің туындауына негіз болған себептер;

6) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қызметте анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жоюға бағытталған дербес шаралар қолдануы.

*2007.12.01 № 222-III ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (күшіне енетін [мерзімін қара](#)) (бұр.ред.қара); 2014.16.05. № 203-V ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)*

5. Лицензияның қолданысы Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы [заңнамасында](#) белгіленген негіздер бойынша тоқтатылады.

*2007.12.01 № 222-III ҚР Заңымен (күшіне енетін [мерзімін қара](#)) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 6-тармақ өзгертілді*

6. Лицензиат уәкілетті органның лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе одан айыру туралы хабарламасын алғаннан кейін оның клиенттер алдындағы міндеттемелерін орындау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын және клирингтік қатысушы болып табылатын, уәкілетті органның лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе одан айыру туралы хабарламасын алған лицензиаттың міндеттемелерін клирингтік ұйым (орталық контрагент), оның ішінде клирингтік қызмет жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету, маржалық жарналар, клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік қорларына жарналар болып табылатын қаржы құралдарын клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және осы клирингтік ұйымның (орталық

контрагенттің) ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен толық пайдалануы есебінен орындайды.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын және клирингтік қатысушы болып табылатын, уәкілетті органның лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе одан айыру туралы хабарламасын алған лицензиаттың міндеттемелерін клирингтік ұйым (орталық контрагент), оның ішінде клирингтік қызмет жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету, маржалық жарналар, клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік қорларына жарналар болып табылатын қаржы құралдарын клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және осы клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен толық пайдалануы есебінен орындайды.

### **52-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы қызмет туралы есептер**

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. Лицензиаттар, орталық депозитарий және бірыңғай оператор уәкілетті органға, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бағалы қағаздар рыногындағы қызмет туралы анық және толық есептерді уақтылы ұсынуға міндетті.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-тармақ өзгертілді; 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 2-тармақ жаңа редакцияда*

2. Лицензиаттар, орталық депозитарий мен бірыңғай оператор Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есептілікті ұсынады.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды; 2010.19.03. № 258-IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 3-тармақ жаңа редакцияда; 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

3. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен статистикалық әдіснамаға сәйкес бағалы қағаздар нарығының субъектілері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бастапқы статистикалық деректерді беруге міндетті.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 53-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара)*

### **53-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға шектеулер және тыйым салу**

1. Мынадай жағдайларды:

1) өз мұқтаждығы үшін сатып алынған мүлікті жалға беруді қоса алғанда, өз мүлкіне билік етуді;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

Документ: Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасының Заңы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

2) осы Заңның [53-2-бабында](#) белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, бағалы қағаздар нарығындағы қызметпен байланысты мәселелер бойынша консультациялық және ақпараттық көрсетілетін қызметтерді ұсынуды;

3) бағалы қағаздар рыногындағы қызмет мәселелері жөніндегі арнайы әдебиеттерді ақпарат жеткізгіштердің кез келген түрлерінде өткізуді;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

4) бағалы қағаздар рыногындағы қызмет саласында оқытуды ұйымдастыруды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларды қоспағанда, лицензиат қаржы рыногындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

2. Қор биржасы осы баптың 1-тармағында белгіленген жағдайлардан басқа:

1) қор биржасының интернет-ресурсында қор биржасы мен оның мүшелері ұсынатын көрсетілетін қызметтер туралы жарнаманы, сондай-ақ қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де ақпаратты жариялауды;

2) қор биржасының материалдық-техникалық құралдарын және өзге де жабдықтарын жалдауға (жалға) беруді жүзеге асыруға құқылы.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды; 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

3. Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының бағалы қағаздар нарығындағы қызметі Қазақстан Республикасының осы ұйымдардың қызметін реттейтін заңдарының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды*

4. Осы баптың 1-тармағының күші трансфер-агенттің қызметіне қолданылмайды.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 53-1-баппен толықтырылды; 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 53-1-баптың тақырыбы жаңа редакцияда (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

**53-1-бап. Лицензиат тарататын және орналастыратын жарнама**

*2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

1. Лицензиатқа:

1) жөнсіз жарнама жасауға;

*1-тармақтың 2) тармақшасы және екінші бөлігі 2026 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі*

2. Уәкілетті орган лицензиаттан шындыққа сай келмейтін жарнамаға өзгерістер енгізуді, оның тоқтатылуын немесе оны теріске шығаруды жариялауды талап етуге құқылы.

Осы талаптар уәкілетті орган белгілеген мерзімде орындалмаған жағдайда уәкілетті орган жарнамадағы мәліметтердің шындыққа сай келмейтіндігі туралы ақпаратты жариялауға не мұндай жарнаманы жариялаған лицензиат есебінен оларды нақтылауға құқылы.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

3. Бағалы қағаздар нарығында ұсынылатын көрсетілетін қызметтерге жарнама беруші ретінде мына тұлғаларға:

Документ: Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасының Заңы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы жоқ заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарына;

лицензиаттардың қызметкерлері болып табылмайтын және лицензиаттар уәкілеттік бермеген жеке тұлғаларға;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-тұлғаларына әрекет етуге тыйым салынады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 53-2-баппен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

### **53-2-бап. Инвестициялық консультация беру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну ерекшеліктері**

1. Инвестициялық консультация беру деп дара инвесторларға бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау жөнінде инвестициялық ұсынымдар (бұдан әрі - инвестициялық ұсыным) беру бойынша көрсетілетін қызметтер түсініледі.

Инвестициялық консультация беру бойынша көрсетілетін қызметтерді бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар көрсетуге құқылы.

2. Инвестициялық ұсыным дара инвесторға уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен беріледі.

3. Инвестициялық ұсынымды бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және лицензиаттың ішкі құжаттарында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін қызметкері ғана беруге құқылы.

4. Инвестициялық консультация беру бойынша қызметтер көрсету кезінде брокер және (немесе) дилер, инвестициялық портфельді басқарушы және олардың қызметкерлері тиісті сақтықпен адал және тек қана клиенттің мүдделері үшін іс-қимыл жасауға міндетті.

Мүдделер қақтығысы туындаған және (немесе) болған жағдайда, брокер және (немесе) дилер, инвестициялық портфельді басқарушы және олардың қызметкерлері клиент мүдделерінің өз мүдделерінен басымдығын негізге ала отырып әрекет етуге міндетті.

5. Брокер және (немесе) дилер, инвестициялық портфельді басқарушы:

1) инвестициялық консультация беру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі талаптарды бұзу;

2) жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

3) егер клиент осы ұсынымды алған кезде мүдделер қақтығысының туындау ықтималдығы мен фактілері туралы тиісті түрде хабардар етілмеген жағдайда, мүдделер қақтығысы болған кезде қаржы құралымен мәміле жасасуға инвестициялық ұсыным беру нәтижесінде клиент шеккен залалдар үшін жауаптылықта болады.

*2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 54-бап жаңа редакцияда (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

### **54-бап. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының басшы қызметкерлері**

1. Мыналар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының басшы қызметкерлері деп танылады:

1) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының басқару органының басшысы мен мүшелері;

2) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының атқарушы органының басшысы (жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында құрылған бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адам) және мүшелері;

3) бас бухгалтер, бас бухгалтердің орынбасары (трансфер-агенттің бас бухгалтерін және оның орынбасарын қоспағанда);

4) өзінің оқшауланған бөлімшелерінің басшылары мен бас бухгалтерлерін қоспағанда, бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыратын, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының бір немесе бірнеше құрылымдық бөлімшесінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және клиенттермен жасасылған шарттарда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген түрлі есептілік нысандарын қоса алғанда, клиенттермен жасалатын кез келген шарттарға, клиенттерге және (немесе) уәкілетті органға берілетін ақпаратқа, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының клиенттерінің шоттарындағы активтердің қозғалысы мен қалдығына салыстырып тексеру жүргізілгенін растайтын құжаттарға қол қою құқығы бар өзге де басшылар;

5) уәкілетті органның уәжді пайымдауын пайдалана отырып, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының басшы қызметкерлері деп танылған өзге де адамдар.

2. Уәкілетті органның уәжді пайымдауын пайдалана отырып, адамды бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының басшы қызметкері деп таныған және бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыға осы Заңның [3-5-бабы 1-тармағының 10\) тармақшасында](#) көзделген қадағалап ден қою шарасы қолданылған жағдайда, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы уәкілетті органның уәжді пайымдауын пайдалана отырып, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының басшы қызметкері деп танылған адамның «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [9-4-бабында](#) белгіленген талаптарға сай келуін растайтын, басшы қызметкерді тағайындауға (сайлауға) келісім алу үшін құжаттарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде ұсынуға міндетті.

Құжаттар уәкілетті орган белгілеген мерзімде ұсынылмаған жағдайда бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы уәкілетті органның уәжді пайымдауын пайдалана отырып, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының басшы қызметкері деп танылған адаммен еңбек шартын бұзуға және (немесе) осы адамның өкілеттіктерін тоқтату жөнінде өзге де шаралар қабылдауға міндетті.

3. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар, сондай-ақ оларды келісу тәртібі «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [9-4-бабында](#) белгіленеді.

4. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының басшы қызметкерлеріне басқару органының басшысы мен мүшелері бөлігінде қойылатын талаптар жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлердің және (немесе) дилерлердің байқаушы кеңесінің басшысы мен мүшелеріне қолданылады.

5. Лауазымдық міндеттеріне брокерлік, дилерлік және трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырумен байланысты мәселелерге жетекшілік ету кіретін Ұлттық пошта операторы атқарушы органының мүшелері Ұлттық пошта операторының басшы қызметкерлері деп танылады.

Осы тармақта аталған адамдар «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [9-4-бабында](#) белгіленген талаптарға сай келуге тиіс. Көрсетілген талаптарға сай келген жағдайда атқарушы органның мүшелері лауазымдарға уәкілетті органның келісімінсіз тағайындалады (сайланады).

Атқарушы органның мүшесі «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [9-4-бабында](#) белгіленген талаптарға сай келмеген жағдайда Ұлттық пошта операторы оны уәкілетті

органның талабы бойынша осындай адаммен еңбек шартын бұзу және (немесе) оның өкілеттіктерін тоқтату бойынша өзге де шаралар қабылдау арқылы шеттетеді.

#### **55-бап. Ұйымдық құрылымға қойылатын талаптар**

1. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға екі және одан да көп лицензиясы бар лицензиаттың ұйымдық құрылымы қызметтің әр түрі бойынша жекелеген бөлімшелерден тұруға тиіс.

2. Лицензиаттың бір бөлімше қызметкерлерінің функциялары мен міндеттерін орындауды екінші бөлімшенің қызметкерлеріне жүктеуге құқығы жоқ.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының талаптарын қолдану ерекшеліктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 55-1-баппен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

#### **55-1-бап. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және инвестициялық портфельді басқарушылар ірі қатысушыларының аудиті**

1. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, заңды тұлға болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының аудитін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқылы және осы баптың 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйым жүргізеді.

Қаржы жылының қорытындылары бойынша аудит жүргізу акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы, заңды тұлға болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы үшін міндетті болып табылады.

Аудиторлық есептің көшірмесі уәкілетті органға көрсетілген құжат алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ұсынылуға тиіс.

##### **2. Аудиторлық ұйым:**

бағалы қағаздар нарығының тексерілетін кәсіби қатысушысына, оның акционерлеріне және басшы қызметкерлеріне тәуелсіз екенін;

лицензияға сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті және аудиторлық қызмет саласында мемлекеттік реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлеген, қаржы ұйымдарына міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең төмен талаптарға сәйкес келген не резиденті болып табылатын мемлекеттің құзыретті органының лицензиясына сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті болған жағдайда, аудиторлық есеп жарамды деп танылады.

3. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының жылдық қаржылық есептілігін, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін аудиторлық ұйым растауға тиіс.

4. Инвестициялық портфельді басқарушының және Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының (ол бар болса) аудитін сол бір аудиторлық ұйым жүзеге асырады.

Өзі орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын, инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының жиырма бес пайызын тікелей немесе жанама иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар), Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлға болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін осы Қазақстан Республикасының бейрезидент-ірі қатысушысы орналасқан елде қаржы ұйымдарына аудит жүргізуге құқылы аудиторлық ұйым растауға тиіс.

Қазақстан Республикасының бейрезидені-заңды тұлғасы болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы уәкілетті органға аудиторлық ұйымның аудиторлық есебінің және ұсынымдарының көшірмелерін қазақ немесе орыс тілінде ұсынады.

5. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының аудиторлық есебі коммерциялық құпияны құрамайды.

6. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы аудиторлық есепте көрсетілген, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қаржылық жағдайына әсер ететін кемшіліктерді уәкілетті орган айқындаған мерзім ішінде жоймаған жағдайда, уәкілетті орган кемшіліктер жойылғанға дейін:

бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына - қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөнінде осы Заңның 3-5-бабында көзделген шараларды;

инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына осы Заңның 72-3-бабының 2-тармағында көзделген қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы аудиторлық есепте көрсетілген, инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық жағдайына әсер ететін кемшіліктерді аталған тұлғалар осы есепті алған күннен бастап бір жыл ішінде жоймаған жағдайда, уәкілетті орган кемшіліктер жойылғанға дейін инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына осы Заңның [72-3-бабының 3-тармағында](#) көзделген қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

7. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының активтерін және (немесе) міндеттемелерін тану бөлігінде аудиторлық есепте жазылған, қаржылық есептілік және (немесе) қаржылық есептілікке байланысты өзге де ақпарат туралы пікірлер мен тұжырымдардың уәкілетті орган жүргізген тексеру нәтижелерінен ауытқуы анықталған жағдайда, уәкілетті орган аудиторлық ұйымнан осындай ауытқу себептерін түсіндіруді талап етуге құқылы.

8. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қызметінде тәуекелдер мен кемшіліктерді анықтаған жағдайда, одан тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалауға, оның ішінде стратегия мен бизнес-моделге қатысты, корпоративтік басқару жүйесін бағалауға, ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жүйесін бағалауға, ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауға қатысты өзге ақпаратқа аудит (бұдан әрі - өзге ақпарат аудиті) жүргізуді тексеруге жататын мәселелер тізбесін, аудиттелетін кезеңді және аудиторлық ұйымның уәкілетті органға өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытынды ұсыну мерзімін көрсете отырып, талап етуге құқылы.

Уәкілетті органның талап етуі бойынша өзге ақпарат аудитін жүргізу бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар үшін міндетті.

Осы баптың 10-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы өзге ақпарат аудитін жылына бір реттен артық жүргізбейді, бір мәселе бойынша өзге ақпарат аудиті үш жылда бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

Өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексеруге жататын мәселелердің тізбесі, өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындының мазмұнына, оны аудиторлық ұйымның ұсыну мерзімдеріне қойылатын талаптар, өзге ақпарат аудитіне тартылатын аудиторлық ұйымның құрамындағы аудиторларға қойылатын талаптар аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметіне

бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Аудиттің болжамды бағыттары, көлемі, жүргізілу сипаты, аудит жүргізу кезінде пайдаланылатын әдістер мен стандарттардың ерекшеліктері сипатталған өзге ақпарат аудиті бойынша тексеру жоспары аудиторлық ұйымның уәкілетті органмен алдын ала келісуіне жатады.

Аудиторлық ұйым өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындыны уәкілетті органға ұсынады және ол жариялауға жатпайды.

Өзге ақпарат аудитінің нәтижелерін уәкілетті орган қадағалап ден қою шараларын қолданған кезде ескеруі мүмкін.

9. Аудитті немесе өзге ақпарат аудитін жүзеге асыру үшін бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы уәкілетті органмен келісу бойынша аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган әзірлеген, қаржы ұйымдарына міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең төмен талаптарға сәйкес келетін аудиторлық ұйымды тартады.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы аудит немесе өзге ақпарат аудитін жүргізуге шарт жасасқаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органды аудиторлық ұйымды таңдағаны туралы хабардар етеді. Өзге ақпарат аудиті жағдайында бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы уәкілетті органның алдында өзге ақпаратқа аудиторлық ұйым болып табылмайтын ұйымның аудиттен басқа өзге тәсілмен тексеру жүргізуі туралы өтінішхат беруге құқылы.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының өтінішхатын уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Өзге ақпарат аудитін жүргізу тәртібіне осы бапта белгіленген талаптар өзге ақпаратқа аудиттен басқа өзге тәсілмен тексеру жүргізу тәртібіне қолданылады.

Уәкілетті орган өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық есепті және (немесе) аудиторлық қорытындыны аудиторлық ұйым шығарғанға дейін аудиторлық ұйымға осы баптың 1-тармағында аталған тұлғалардың келісімінсіз, құпиялылық жөніндегі талаптарды ескере отырып, осы баптың 1-тармағында аталған тұлғаларды тексеру нәтижелері бойынша ақпаратты және түсініктемелерді, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоса алғанда, олардың қызметіне байланысты, оның ішінде уәкілетті органның уәжді пайымдауына негізделген өзге де ақпаратты беруге құқылы.

Аудиторлық ұйым осы тармақтың бесінші бөлігіне сәйкес уәкілетті орган жіберген ақпаратқа міндетті бағалау мен талдау жүргізеді. Аудиторлық ұйым жүргізілген бағалау мен талдау нәтижелерін өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық есепте немесе аудиторлық қорытындыда қамтылған пікірлер мен тұжырымдарды білдірген кезде пайдаланады.

10. Сот өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық есепті және (немесе) аудиторлық қорытындыны жарамсыз деп таныған жағдайда, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы аудитті және (немесе) өзге ақпарат аудитін қайта жүргізуге міндетті.

11. Уәкілетті орган аудиторлық ұйымнан бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын, оның ішінде клиенттер тізбесі жөніндегі мәліметтерді қоса алғанда, ақпаратты талап етуге құқылы. Клиенттер жөніндегі мәліметтер аудиторлық ұйым клиенттерінің келісуімен беріледі.

12. Осы баптың 8, 9, 10 және 11-тармақтарының талаптары трансфер-агентке және бірыңғай операторға қолданылмайды.

Документ: Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

*2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР Заңымен 56-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара); 2007.19.02. № 230-ІІІ ҚР Заңымен 56-бап өзгертілді (бұр. ред. қара); 2008.23.10. № 72-ІV ҚР Заңымен 56-бап жаңа редакцияда (2009 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2008.20.11. № 88-ІV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-ІV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара) 56-бап өзгертілді*

**56-бап. Жосықсыз іс-қимылға тыйым салу. Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау**

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

1. Бағалы қағаздар нарығында:

1) бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің бағалы қағаздар нарығындағы іс-қимылын өзгерту мақсатында оларға кез келген нысанда ықпал етуге;

2) бағалы қағаздар нарығында қалыптасатын ахуалға ықпал ету мақсатында анық емес мәліметтер таратуға;

3) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасауға;

4) инсайдерлік ақпаратты таратуға және (немесе) оны пайдалана отырып мәмілелер жасауға тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптарын бұзған тұлғалар осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған мәмілені сот мүдделі тұлғалардың талап қоюы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара) 2-тармақ өзгертілді; 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

2. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің және өзге де тұлғалардың әрекеттерін бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тануды уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығы субъектісінің әрекеттерін бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған сараптама комитетінің (осы бапта бұдан әрі - сараптама комитеті) қорытындысын қарау нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

3. 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

4. Сараптама комитетін құру және оның жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ оның сандық құрамы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді. Сараптама комитеті туралы ереже уәкілетті органның шешімімен бекітіледі.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

5. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің бағалы қағаздарға бағаларды сұраныстың және (немесе) ұсыныстың объективті арақатынасы нәтижесінде белгіленген бағалардан жоғары немесе төмен белгілеуге және (немесе) ұстап тұруға және (немесе) бағалы қағаздар сұранысына және (немесе) ұсынысына және (немесе) бағасына қатысты анық емес және (немесе) жаңылыстыратын ұсыныс қалыптастыруға және (немесе) бағалы қағазбен сауда көрінісін жасауға бағытталған, мыналар:

1) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздарды сатып алуға және (немесе) сатуға мәміле жасау және (немесе) өтінімді жариялау;

2) бағалы қағаздар, олармен жасалған мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздар эмитенті, ол жүзеге асыратын қызмет туралы анық емес және (немесе) жаңылыстыратын ақпаратты кез келген тәсілмен тарату арқылы жасалған әрекеттері бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау фактілерін анықтау тұрғысынан мониторингтеуге және талдауға жатады.

Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің және өзге де тұлғалардың өзге қаржы құралдарына қатысты әрекеттері айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп анықтау тұрғысынан мониторингтеуге және талдауға жататын шарттар уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде айқындалады.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 6-тармақ өзгертілді (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

6. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің және өзге тұлғалардың әрекеттерін бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану тәртібі мен шарттары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалады.

7. 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

8. 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен 56-1-баппен толықтырылды; 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 56-1-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара)*

#### **56-1-бап. Инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды шектеу**

1. Эмитенттің ішкі құжаттарында:

1) инсайдерлікке жататын ақпарат тізбесі;

2) инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету тәртібі мен мерзімдері;

3) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және инсайдерлердің мұндай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу үшін ішкі бақылау қағидалары;

4) инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімін жүргізу, сайма-сай қалпында ұстау, сондай-ақ оларды тізімнен шығару тәртібі;

5) тұлғаларды осы баптың 5-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізген (тізімнен шығарған) жағдайларда оларға хабарлама жіберу, сондай-ақ осы баптың 5-тармағының 5) тармақшасында белгіленген жағдайда тұлғаларға хабарлау тәртібі мен мерзімдері;

6) осы баптың 3-тармағының 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында аталған заңды тұлғалардың эмитентке өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері;

7) эмитентке инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және оны пайдалануға бақылауды жүзеге асыруына мүмкіндік беретін өзге де ережелер белгіленеді.

Эмитенттің осы тармақта көрсетілген ішкі құжаттарын (осы бапта бұдан әрі - ішкі бақылау қағидалары) эмитенттің басқару органы бекітуге тиіс.

2. Мыналар инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:

1) инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар әзірлеу мақсатында жасалған бағалы қағаз (туынды қаржы құралы) құнына, эмитенттің мүліктік жағдайына қатысты зерттеуді, болжауды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде әзірленген ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) дерек көзі беймәлім, қалың қауымға таралатын, расталмаған ақпарат, сондай-ақ эмитенттің ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

3. Мына адамдар инсайдерлер болып танылады:

1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар эмитент қызметкерлері;

2) эмитенттің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иеленуіне, пайдалануына және (немесе) оларға билік етуіне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар адамдар;

3) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар және талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету көзделіп жасалған (оның ішінде ауызша) шартқа сәйкес эмитентке қызметтер көрсететін басқа да адамдар;

4) эмитент шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) оның тізіміне енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 5) тармақша жаңа редакцияда*

5) сауда жүйесінде эмитенттің бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын қор биржасы директорлар кеңесінің және листинг комиссиясының мүшелері;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 6) тармақша жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 6) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

6) өздеріне берілген функциялар мен өкілеттіктерге қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер;

7) мүшелері эмитенттер болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар және осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктерге қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар ұйымдар;

8) осы тармақтың 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар қызметкерлері;

9) осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында аталған адамдардан инсайдерлік ақпаратты алған адамдар.

*2014.10.06. № 206-V ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара)*

4. Мыналарға:

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасаған кезде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші бір адамдарға беруге немесе үшінші бір адамдар үшін қолжетімді етуге;

*2014.10.06. № 206-V ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген, бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

5. Эмитент мынадай іс-шараларды жүргізу арқылы:

1) оның қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты, егер салдарына байланысты эмитенттің мүліктік және қаржылық жағдайы үшін бұл ақпараттың осы эмитент шығарған (берген) бағалы қағаздардың (туынды

қаржы құралдарының) құнына әсер етуге ықпалы болса, уәкілетті органның [нормативтік құқықтық актісінде](#) белгіленген тәртіппен және шарттарда ашып көрсету;

2) ішкі бақылау қағидаларын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ эмитенттің және оның қызметкерлерінің осы қағидалардың талаптарын орындауына бақылауды жүзеге асыру;

3) міндетіне эмитенттің және оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі бақылау қағидаларының талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыру кіретін құрылымдық бөлімше құру не лауазымды адамды тағайындау;

4) эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар, осы баптың 3-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында аталған адамдар тізімін жүргізу және сайма-сай қалпында ұстау;

5) осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген адамдарға олардың тізімге (тізімнен) енгізілгені (шығарылғаны) туралы хабарлама жіберу, аталған адамдарға инсайдерлік ақпаратқа билік ету және оны пайдалану бөлігінде осы Заң мен ішкі бақылау қағидаларының талаптарын хабарлау;

6) осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген адамдардың тізімін уәкілетті органға оның талап етуі бойынша табыс ету;

7) ішкі бақылау қағидаларында көзделген өзге де іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, алайда олармен шектелмей, эмитент және ол шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпаратқа билік еткені және оны пайдаланғаны үшін бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.

6. Осы баптың 3-тармағының 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар:

1) осы заңды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер деп танылған, өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

2) осы заңды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер деп танылған, инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде осы Заңның және ішкі бақылау қағидаларының талаптары туралы өз қызметкерлеріне хабарлауға;

3) осы заңды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер деп танылған эмитенттерді өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы ішкі бақылау қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабарлауға міндетті.

## 10-тарау. Бағалы қағаздарын нақтылы ұстау

### 57-бап. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды жүзеге асыру тәртібі

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді ([бұр.ред.қара](#)); 2018.05.10. № 184-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#)); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді ([бұр.ред. қара](#))*

1. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар орталық депозитарий, кастодиан және брокер және (немесе) дилер, «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын ұйым және мемлекетке, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне тиесілі немесе өздеріне қатысты мемлекеттің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мүліктік құқықтары бар бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды жүзеге асыру бөлігінде бірыңғай оператор нақтылы ұстау қызметтерін көрсетуге құқылы.

2. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды клиентпен жасалған, лицензиаттың нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты құқықтарын белгілейтін шарттың талаптарына сәйкес лицензиат жүзеге асырады.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен (2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 3-тармақ өзгертілді*

3. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар кастодиан және брокер және (немесе) дилер клиентпен номиналды ұстау туралы шарт жасалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде клиентке уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында айқындалған тәртіппен, номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот, сондай-ақ орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде шоттар (қосалқы шоттар) ашуға міндетті.

Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімі жүйесінде нақтылы ұстауға берілген мемлекеттік емес бағалы қағаздарды есепке алу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот ашу тәртібі нақтылы ұстаушының ішкі құжаттарымен белгіленеді.

4. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды жүзеге асыру тәртібі осы Заңның талаптарына және нақтылы ұстау туралы шарттың талаптарына сәйкес лицензиаттардың ішкі құжаттарымен белгіленеді.

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен бап 5-тармақпен толықтырылды*

5. Номиналды ұстаушының міндеттемелері бойынша номиналды ұстаушының клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарынан ақы өндіріп алуға жол берілмейді.

#### **58-бап. Нақтылы ұстаушының міндеттері**

Нақтылы ұстаушы:

1) клиенттің жеке шотындағы қателіктер мен ақпаратты бұрмалаудың алдын алу мақсатымен тұрақты бақылауды жүзеге асыруға;

2) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде бар және клиенттің жеке шоты бойынша өзгерістер енгізудің ретін белгілеуге немесе қалпына келтіруге мүмкіндік беретін ақпаратты сақтауға;

3) осы Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде клиенттің жеке шоты бойынша өзгерістер енгізуге;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 3-1) тармақшамен толықтырылды*

3-1) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінен орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіне уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімдерде электрондық деректерді ұсынуға;

4) нақтылы ұстау туралы жасалған шартқа сәйкес клиентке анық ақпарат беруге міндетті.

#### **59-бап. Нақтылы ұстаушының функциялары. Нақтылы ұстаушының функцияларын жүзеге асыруға байланысты тыйым салу**

1. Нақтылы ұстаушының функциялары:

1) клиенттің бағалы қағаздарын есепке алу және осы бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу кезінде олардың болуын қамтамасыз ету;

2) клиенттің бағалы қағаздарымен жасаған мәмілелерін тіркеу;

3) клиенттердің бағалы қағаздар бойынша құқықтарын растау;

4) нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу кезінде клиенттердің мүдделерін білдіру;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 4-1) тармақшамен толықтырылды*

4-1) акционерлердің жалпы жиналысында клиенттер атынан сенімхатсыз, сол клиенттерден алынған жазбаша нұсқаулыққа сәйкес, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, дауыс беру;

5) нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты ақпаратты клиенттің назарына жеткізу;

6) нақтылы ұстау туралы шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де функциялар болып табылады.

2. Нақтылы ұстаушының:

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

1) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуді жүзеге асыруына;

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен 1-1) тармақшамен толықтырылды (2010 ж. 1 қаңтарда қолданысқа енді)*

1-1) клиенттің жеке шоты (қосалқы шоты) бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін өзгерістер енгізуге;

2) осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, клиенттің бұйрығынсыз бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуді жүзеге асыруына;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, клиенттің тиісті жазбаша рұқсатынсыз оның ақшасы мен бағалы қағаздарын өз мүддесіне немесе үшінші тұлғалардың мүддесіне пайдалануына тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында нақтылы ұстаушының:

1) орталық депозитарийді;

*2018.05.10. № 184-VI ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

2) шетелдік бағалы қағаздарға немесе осы баптың 1-тармағында белгіленген функцияларды жүзеге асырушы шетелдік ұйымдарға қатысты өзінің нақтылы ұстау қызметін көрсеткен кезде, кастодиандарды;

*2018.05.10. № 184-VI ҚР Заңымен 3) тармақшамен толықтырылды*

3) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын ұйымды қоспағанда, басқа нақтылы ұстаушыға өзіне нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты нақтылы ұстау қызметін көрсетуге құқығы жоқ.

*2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді)*

4. Шетелдік есепке алу ұйымы орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған дербес шоттағы эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды жүзеге асыруға байланысты әрекеттерді осы эмиссиялық бағалы қағаздарға құқығы бар адамдардан алынған жазбаша нұсқаулықтарға сәйкес сенімхатсыз жасауға құқылы.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған шетелдік есепке алу ұйымының дербес шотындағы эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен сыйақыларды төлеу осы эмиссиялық бағалы қағаздарды ұстаушыларға шетелдік есепке алу ұйымы арқылы жүзеге асырылады.

## **60-бап. Нақтылы ұстау туралы шарт**

1. Нақтылы ұстаушы мен оның клиенті арасындағы құқықтық қатынастар олардың арасында жасалған нақтылы ұстау туралы шартпен реттеледі. Нақтылы ұстау туралы шартқа Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес тапсырма шартының нормалары қолданылады.

2. Нақтылы ұстау туралы шартты жасасар алдында нақтылы ұстаушы клиентті өзінің нақтылы ұстаушы ретіндегі қызметті орындау талаптарымен таныстыруға міндетті.

3. Нақтылы ұстау туралы шартта:

- 1) шарттың нысанасы;
  - 2) нақтылы ұстаушының клиенттің жеке шоты туралы коммерциялық құпияны сақтау жөніндегі міндеттемелерін қоса алғанда, тараптардың құқықтары мен міндеттері;  
*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 2-1) тармақшамен толықтырылды (2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді)*
  - 2-1) клиентке қосалқы шот ашу және ол туралы ақпаратты орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашып көрсету шарттары;
  - 3) 2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*
  - 4) клиенттердің нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарын растау тәртібі;
  - 5) нақтылы ұстаушының көрсеткен қызметіне ақы төлеудің мөлшері мен тәртібі;
  - 6) нақтылы ұстаушының клиент алдындағы есептілік нысаны және кезеңділігі;
  - 7) тараптардың шарттың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі;
  - 8) бағалы қағаздар бойынша кіріс алу талаптары мен тәртібі болуға тиіс.
- Жоғарыда тізіліп көрсетілген ережелерден бөлек шартта Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де талаптар болуы мүмкін.

#### **61-бап. Нақтылы ұстаудағы бағалы қағаздармен мәмілені тіркеу**

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Номиналды ұстаудағы бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді номиналды ұстаушы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

*2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен (2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-тармақ өзгертілді*

2. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер ашып көрсетілген депоненттің клиенті орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі өзінің қосалқы шотының жай-күйі туралы үзінді көшірме алуға құқылы.

Нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шоттан үзіндіде көрсетілген бағалы қағаздардың саны, түрі туралы мәліметтер орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоты бойынша сондай мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетілген мәліметтер басымдыққа ие болады.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоттан үзіндіні табыс ету тәртібі оның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

3. 2007.19.02. № 230-ІІІ ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*  
*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

4. Номиналды ұстаушы болып табылатын брокердің клиенті кастодианға өтініш жасауға және кастодиандық қызмет көрсетуге берілген өзіне тиесілі бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдары туралы үзінді көшірмені алуға құқылы.

Үзінді көшірмені берудің шарттары мен тәртібі осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерінде, кастодианның ішкі құжаттарында белгіленеді.

#### **62-бап. Нақтылы ұстаушының ақпаратты ашуы**

*2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. Нақтылы ұстаушы орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша, өзінің нақтылы ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы мәліметтерді табыс етуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған ақпаратты табыс ету тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

2. 2005.08.07 ж. № 72-III ҚР [Заңымен](#) алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

## 11-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызмет

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР [Заңымен](#) 63-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)*

### **63-бап. Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі**

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) 1-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)*

1. Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік қызмет және дилерлік қызмет брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен немесе клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда уәкілетті орган дилерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия беруге құқылы.

Брокер және (немесе) дилер уәкілетті органның банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған тиісті лицензиясы негізінде мынадай банк операцияларын жүзеге асыруға құқылы:

- 1) заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- 2) жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- 3) аударым операциялары: төлемдер мен ақша аударымдары бойынша жеке және заңды тұлғалардың тапсырмаларын орындау;
- 4) ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен банктік қарыз операциялары;

*2019.03.07. № 262-VI ҚР [Заңымен](#) 5) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

5) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операциялары.

Брокердің және (немесе) дилердің осы тармақта көзделген банк операцияларын жүргізу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР [Заңымен](#) (бұр. ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) (бұр. ред. қара) 2-тармақ өзгертілді*

2. Брокер және (немесе) дилер осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу тәртібіне және шарттарына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

Эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасаудың осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртібін және (немесе) шарттарын бұзғаны үшін брокер және (немесе) дилер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР [Заңымен](#) 3-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)*

3. Брокер мен оның клиенттерінің арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген [тапсырма](#) немесе [комиссия](#) шартының нормалары қолданылатын брокерлік қызмет көрсету туралы шарт негізінде туындайды.

Тапсырма шартының нормалары - номиналды ұстау қызметтерін ұсыну бөлігінде, ал комиссия шартының нормалары ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында брокерлік қызметтер көрсету бөлігінде қолданылады. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында брокерлік қызметтер көрсету брокерлік шарт тараптарының келісімі бойынша тапсырма шартының немесе комиссия шартының негізінде ұсынылады.

Документ: Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 3-1-тармақпен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-1-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

3-1. Номиналды ұстаушы болып табылатын брокер және (немесе) дилер уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және шарттарда өзінің клиенттеріне электрондық көрсетілетін қызметтер, оның ішінде жеке шот ашу бойынша, бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу бойынша, сондай-ақ ақпараттық операциялар жасау бойынша көрсетілетін қызметтер ұсынуға құқылы.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-2-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

3-2. Брокер және (немесе) дилер осы Заңда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, өз клиенттеріне ұйымдастырылмаған (биржадан тыс) шетелдік валюта және қор нарықтарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында мәмілелер жасауға байланысты мәселелер бойынша консультациялық, ақпараттық көрсетілетін қызметтер және (немесе) клиенттердің есебінен және мүдделерінде осы нарықтарда мәмілелер жасасу бойынша көрсетілетін қызметтер ұсынуға құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген қызметтерді жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының аумағында брокерлер және (немесе) дилерлер ғана көрсетуге құқылы.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара)*

4. Нақтылы ұстаушы ретіндегі клиенттердің шотын жүргізу құқығы бар брокердің және (немесе) дилердің ұйымдық құрылымына мынадай құрылымдық бөлімшелер:

1) қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуды жүзеге асыратын сауда бөлімшесі;

2) қаржы құралдарымен мәмілелердің орындалуын, қаржы құралдарын және сол брокер және (немесе) дилер мен оның клиенттерінің ақшасын есепке алуды жүзеге асыратын есеп айырысу бөлімшесі;

3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне және номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарына сәйкес өзге де құрылымдық бөлімшелері еруге тиіс.

5. Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокердің және (немесе) дилердің сауда бөлімшесі басшы қызметкерлерінің сол брокердің және (немесе) дилердің есеп айырысу бөлімшесінің басшы қызметкерінің міндеттерін орындауға және керісінше жасауға құқығы жоқ.

6. 2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред. қара)

#### **64-бап. Брокердің және (немесе) дилердің мәмілелер жасауы**

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

1. Брокер және (немесе) дилер клиенттің бұйрығына сәйкес және (немесе) клиент бұрын жасасқан маржалық мәмілелер шеңберінде көзделген шарттар негізінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасайды. Клиенттер бұйрықтарының түрлері, олардың мазмұны және ресімделуі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарында айқындалады.

2. Клиенттің бұйрығын орындауды брокер және (немесе) дилер сол бұйрықта көрсетілген мәміле жасау талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады. Егер мәміле жасау кезінде мәміленің талаптарын өзгерту қажет болса, брокер және (немесе) дилер өз іс-әрекетін клиентпен келісіп алуға міндетті.

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда брокер және (немесе) дилер мәмілені өз мүддесінен клиенттің мүддесі басым екендігін негізге ала отырып жасауға міндетті.

2-1. 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред. қара)

Документ: Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасының Заңы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 2-2-тармақпен толықтырылды; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 2-2-тармақ өзгертілді*

2-2. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызмет шеңберінде брокер және (немесе) дилер брокердің шоттарындағы өз клиенттерінің ақшасын, бағалы қағаздары мен туынды қаржы құралдарын өз мүдделерінде немесе үшінші тұлғалардың мүдделерінде пайдалануға құқылы емес.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред. қара)*

3. Брокер және (немесе) дилер эмитентке:

1) андеррайтер ретінде немесе эмиссиялық консорциум құрамында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру;

2) қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес қаржы құралдары бойынша баға белгілеуді жариялау және ұстау;

3) бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге құқылы.

Брокер және (немесе) дилер эмитентке осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында аталған қызметтерді көрсеткен кезде осы эмитенттің облигацияларын ұстаушылар өкілі болуға құқылы емес.

4. Эмиссиялық консорциумға қатысушылардың эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөніндегі бірлескен қызметін жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі эмиссиялық консорциумға қатысушылар болып табылатын андеррайтерлердің бірлескен қызметі туралы шартта белгіленеді, онда мынадай мәліметтер:

1) эмиссиялық консорциумға қатысушылардың функциялары;

2) эмиссиялық консорциумға қатысушылар арасындағы құқықтарды, міндеттерді және жауапкершілікті бөлісу;

3) бірлескен қызмет туралы шарттың қолданылу мерзімі болуға тиіс.

5. Эмитент пен андеррайтер (эмиссиялық консорциум) арасындағы қатынастар жазбаша нысанда жасалған шартпен реттеледі.

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен 6-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

6. Андеррайтер (эмиссиялық консорциум) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды мынадай тәсілдермен:

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

1) андеррайтер (эмиссиялық консорциум) эмитенттен кейіннен басқа инвесторларға сату мақсатында бағалы барлық орналастырылатын эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алатын «қатаң міндеттемелер» тәсілімен;

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

2) андеррайтер (эмиссиялық консорциум) эмиссиялық бағалы қағаздарды инвесторларға ұсыну арқылы оларды орналастыру жөнінде қолынан келгенше күш-жігерін жұмсауға міндеттенетін «ең үздік күш салу» тәсілімен;

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

3) эмитент пен андеррайтер (эмиссиялық консорциум) арасында жасалған шарт талаптарына сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырудың өзге де тәсілдерімен жүзеге асыруға құқылы.

*2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 64-1-баппен толықтырылды (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)*

**64-1-бап. Өтініш берушілердің жолданымдарын қарау**

1. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым жеке және заңды тұлғалардың бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асырумен байланысты

жолданымдарын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру тәртібіне сәйкес қарайды.

2. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның жолданымдарды қарау мерзімі олар бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымға келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Жолданымды дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау қажет болған кезде қарау мерзімі он бес жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін, бұл туралы өтініш берушіге мерзімді ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарланады.

3. Жолданымды қарау нәтижелері бойынша бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым өтініш берушіге оның жолданымның мәні бойынша жауап (шешім) жіберуге міндетті.

4. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым өтініш берушінің жолданымдарын:

1) жолданымда жауап жіберілуге тиіс мекенжай көрсетілмеген;

2) жолданымда өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және оның жеке сәйкестендіру нөмірі немесе толық атауы және оның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген;

3) жолданымда былапыт не балағат сөздер, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның мүлкіне қауіптер, оның жұмыскерінің және (немесе) оның отбасы мүшелерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіптер болған;

4) жолданым мәтіні оқуға келмейтін;

5) жолданымды уәкілетті емес тұлға берген жағдайларда қараусыз қалдыруға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым өтініш берушінің жолданымын қараусыз қалдыру себептерін көрсете отырып, жолданым алынған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жауап жібереді.

5. 2027 ж. 1 қаңтардан бастап [қолданысқа енгізіледі](#)

6. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым уәкілетті органға тізбесі, нысандары, ұсыну мерзімдері мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін, жеке және заңды тұлғалардың келіп түскен жолданымдары бойынша есептілікті ұсынады.

7. Осы бапта белгіленген талаптар бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның брокерлік қызметтер көрсету туралы шарт жасасуға (брокерлік қызметтер көрсету туралы шарттың талаптарына қосылуға) берілген өтініштерді қарауына қолданылмайды.

**12-тарау.** 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

**13-тарау. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет.  
Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет**

*07.07.04 ж. № 577-II ҚР [Заңымен](#) 69-бап тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара); 2013.21.06. № 106-V ҚР [Заңымен](#) 69-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

**69-бап. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру**  
*2015.24.11. № 422-V ҚР [Заңымен](#) 1-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) 1-тармақ өзгертілді (2018 ж. 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)*

1. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Өмірді сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асыратын және бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар сақтандыру ұйымының инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушылардың қызметі «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

2. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет қызметтің мынадай кіші түрлерін:

1) ерікті зейнетақы жарналарын (ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры) тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті;

2) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті қамтиды.

3. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет клиенттің мүдделерін көздеп табыс табу мақсатында жүзеге асырылады.

4. Инвестициялық портфельді басқарушылардың басқаруындағы қаржы құралдарына қатысты құқықтарын номиналды ұстаушылар өздерінің ішкі құжаттарына сәйкес ескереді.

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 70-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

#### **70-бап. Инвестициялық портфельді басқарушылардың функциялары**

1. Инвестициялық портфельді басқарушылардың функциялары:

1) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес ақшаны эмиссиялық бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестициялау туралы шешімдер қабылдау;

2) қабылданған инвестициялық шешімдерді орындау мақсаттарында инвестициялық портфельді басқару процесінде бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау;

3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және өздерінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелерді есепке алуды жүргізу;

4) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарттың талаптарын орындау болып табылады.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2018 ж. 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2023.20.04. № 226-VII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2. Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығы бар инвестициялық портфельді басқарушы осы баптың 1-тармағында көзделген функциялардан басқа, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде көзделген функцияларды жүзеге асырады.

«Өмірді сақтандыру» саласындағы қызметті және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы осы баптың 1-тармағында көзделген функциялардан басқа, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген функцияларды жүзеге асырады.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, инвестициялық портфельді басқарушылар басқаруындағы эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы

құралдарына қатысты пайдалану және билік ету жөніндегі құқықтарын жүзеге асыруға құқылы.

**71-бап.** 07.07.04 ж. № 577-ІІ ҚР [Заңымен](#) алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

*2007.19.02. № 230-ІІІ ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2008.20.11. № 88-ІV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 72-бап өзгертілді; 2011.28.12. № 524-ІV ҚР Заңымен 72-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара)*

**72-бап. Инвестициялық комитеттің қызметі. Инвестициялық комитет мүшелеріне қойылатын талаптар**

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының меншікті активтеріне және (немесе) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы (инвестициялық портфельді басқарушы) инвестициялық басқаруға қабылдаған активтерге қатысты инвестициялық шешімдер қабылдауды құрамында кемінде үш адам болуға тиіс инвестициялық комитет жүзеге асырады. Инвестициялық комитет мүшелерінің кемінде жартысы өздерін кәсіби қатысушының басшы қызметкерлеріне тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісімін алған бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының басшы қызметкерлері болуға тиіс.

Осы тармақтың талаптары трансфер-агентке, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында кастодиандық және (немесе) брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар банкке және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалына қолданылмайды.

2. Инвестициялық комитеттің мүшелерін сайлауды бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының атқарушы органы жүзеге асырады.

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

3. Инвестициялық портфельді басқарушының инвестициялық комитетінің құрамына осы инвестициялық портфельді басқарушының қызметкерлері болып табылмайтын адамдар кірмеуге тиіс.

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 3-1-тармақпен толықтырылды*

3-1. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен жасалған шартқа сәйкес зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын инвестициялық портфельді басқарушының инвестициялық комитетінің құрамына қойылатын қосымша талаптар белгіленеді.

4. Инвестициялық комитеттің отырысы инвестициялық комитеттің сайланған мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы, бірақ инвестициялық комитеттің кемінде үш мүшесі қатысқан жағдайда өткізіледі.

Инвестициялық комитеттің шешімдері оның отырысына қатысатын мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады және жазбаша түрде ресімделеді.

5. Инвестициялық комитет мүшесі инвестициялық шешімдерді қабылдау бөлігінде өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

6. Инвестициялық комитет мүшелері осы инвестициялық комитет мүшесінің мүдделері мен бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының және (немесе) оған активтері инвестициялық басқаруға берілген клиенттердің мүдделері бір-біріне сәйкес келмеуіне

байланысты мән-жайлардың болуы туралы ақпаратты бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының атқарушы органының назарына жеткізуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлар басталған кезде инвестициялық комитет мүшесі инвестициялық комитеттің отырысына қатысуға және инвестициялық комитет қабылдайтын шешімдерге қандай да бір ықпал етуге құқылы емес.

7. Инвестициялық комитет отырысының қорытындылары бойынша хаттама жасалады, оған инвестициялық комитеттің төрағасы мен инвестициялық комитеттің отырысына қатысушы барлық мүшелері қол қояды және онда инвестициялық комитеттің әрбір мүшесінің пікірі мен қабылданған шешімнің негіздемесі қамтылады.

8. Инвестициялық комитет бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының өз активтері не клиенттерінің бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының инвестициялық басқаруына берілген активтері есебінен мәмілелер жасау туралы, осы активтерді мақсатқа сай емес пайдалану, Қазақстан Республикасы заңнамасының, инвестициялық декларацияның талаптарын бұзу көзделетін шешімдерді жүйелі түрде (соңғы он екі ай ішінде үш және одан көп рет) қабылдаған жағдайда уәкілетті орган осындай шешімдердің қабылдануы үшін дауыс берген адамды не адамдарды инвестициялық комитет мүшелерінің міндеттерін орындаудан шеттетуге құқылы.

Уәкілетті органның адамды не адамдарды инвестициялық комитет мүшелерінің міндеттерін орындаудан шеттету туралы хабарламасы бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының атқарушы органының назарына жеткізіледі, ол мұны уәкілетті органның хабарламасын алған күннен кейінгі күннен кешіктірмей уәкілетті орган инвестициялық комитет мүшелерінің міндеттерін орындаудан шеттеткен адамдардың назарына жеткізуге міндетті.

9. Уәкілетті органның осы баптың 8-тармағында көрсетілген хабарламасы инвестициялық комитет мүшесінің назарына жеткізілген кезден бастап осы адам инвестициялық комитеттің жұмысына қатысуға құқылы емес және уәкілетті орган инвестициялық комитет мүшесінің міндеттерін орындаудан шеттету туралы шешім қабылдағаннан кейінгі үш жыл ішінде осы баптың 1-тармағында көрсетілген ұйымдардың инвестициялық комитетінің құрамына сайлана алмайды.

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 72-1-баппен толықтырылды; 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 72-1-бап жаңа редакцияда (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

#### **72-1-бап. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы**

1. Уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмастан, бірде-бір тұлға өз бетінше немесе басқа тұлғамен (басқа тұлғалармен) бірлесіп:

жиынтығында инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызын, оның ішінде Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, базалық активі инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акциялары болып табылатын туынды бағалы қағаздар арқылы тікелей және (немесе) жанама иеленуге және (немесе) пайдалануға және (немесе) оларға билік етуге;

инвестициялық портфельді басқарушыға бақылауды жүзеге асыруға;

инвестициялық портфельді басқарушы қабылдайтын шешімдерге инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызымен тікелей және (немесе) жанама ықпал етуге (дауыс беруге) құқылы емес.

2. Жиынтығында инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызын, оның ішінде базалық активі инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акциялары болып табылатын, Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған туынды

бағалы қағаздар арқылы тікелей және (немесе) жанама иеленетін және (немесе) пайдаланатын және (немесе) оларға билік ететін, тек қана:

1) инвестициялық портфельді басқарушы акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру;

2) инвестициялық портфельді басқарушының директорлар кеңесі инвестициялық портфельді басқарушы акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру туралы талап қоюмен сотқа жүгіну;

3) инвестициялық портфельді басқарушының акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу;

4) инвестициялық портфельді басқарушының директорлар кеңесінің отырысын шақыру;

5) аудиторлық ұйымның өз есебінен инвестициялық портфельді басқарушыға аудит жүргізуі мәселелері бойынша бірлескен шешімдер қабылдауын көздейтін өздерінің арасында жасалған шарт негізінде әрекет ететін тұлғалар инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы деп танылмайды.

Жиынтығында инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызын, оның ішінде базалық активі инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акциялары болып табылатын, Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған туынды бағалы қағаздар арқылы тікелей және (немесе) жанама иеленетін және (немесе) пайдаланатын және (немесе) оларға билік ететін немесе инвестициялық портфельді басқарушыға бақылауды жүзеге асыратын немесе инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызымен инвестициялық портфельді басқарушы қабылдайтын шешімдерге тікелей және (немесе) жанама ықпал ететін (дауыс беретін) тұлғаларға қойылатын талаптар, сондай-ақ мұндай тұлғалардың инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу тәртібі «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [9-5-бабында](#) белгіленеді.

3. Жиынтығында инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының және (немесе) Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, базалық активі инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акциялары болып табылатын туынды бағалы қағаздардың он немесе одан көп пайызын тікелей және (немесе) жанама иеленетін және (немесе) пайдаланатын және (немесе) оларға билік ететін тұлғалар мынадай шарттардың кез келгені болған:

1) аталған тұлғалар өздерінің арасында жасалған шартқа (растайтын құжаттарға) орай инвестициялық портфельді басқарушының шешімдеріне бірлесіп ықпал еткен;

2) аталған тұлғалар жеке алғанда немесе өзара бір-бірінің ірі қатысушылары болған;

3) брокерлік қызметтерді, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметтерді және (немесе) бағалы қағаздарды номиналды ұстау жөніндегі қызметтерді көрсетуге байланысты жағдайларды қоспағанда, аталған тұлғалардың бірі басқа аталған тұлғаға өздерінің арасында жасалған шартқа сәйкес инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларын, оның ішінде Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, базалық активі инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акциялары болып табылатын туынды бағалы қағаздар арқылы сатып алуға уәкілеттік берген (міндеттеген);

4) аталған тұлғалардың бірі басқа аталған тұлғаға инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларын және (немесе) Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, базалық активі инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акциялары болып табылатын туынды бағалы қағаздарды сатып алу үшін ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті өтеусіз берген;

- 5) аталған тұлғалардың бірі басқа аталған тұлғаның лауазымды тұлғасы болған;
- 6) аталған тұлғалардың бірі, өкіл өкілдік берген тұлғаның нұсқауларына қатаң сәйкестікте әрекет ететін және өкілдік берген тұлғаның атынан өзінің жеке қалауы бойынша әрекет жасауға құқылы емес жағдайларды қоспағанда, басқа аталған тұлғаның өкілі болған;
- 7) аталған тұлғалар жақын туыстар немесе ерлі-зайыптылар болған;
- 8) аталған тұлғалар уәкілетті орган белгілеген жағдайларда инвестициялық портфельді басқарушының шешімдеріне өзгеше түрде бірлесіп ықпал еткен кезде инвестициялық портфельді басқарушының бірлескен ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалар деп танылады.

Инвестициялық портфельді басқарушы Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес банк конгломератына кірген жағдайда, инвестициялық портфельді басқарушы Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес шоғырландырылған қадағалауға жатады.

4. 2026 ж. 1 шілдеден бастап [қолданысқа енгізіледі](#)

5. Тұлға уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілеріне сай болған жағдайда, мұндай тұлға «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [9-5-бабына](#) сәйкес уәкілетті органның жазбаша келісімін алғанға дейін инвестициялық портфельді басқарушы қабылдайтын шешімдерге ықпал етуге бағытталған ешқандай әрекет жасауға және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының акцияларымен, оның ішінде Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, базалық активі инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акциялары болып табылатын туынды бағалы қағаздар арқылы дауыс беруге құқылы емес.

Уәкілетті орган инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының белгілеріне уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз сай келетін тұлғаға осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын қолдануға, оның ішінде аталған тұлғадан инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларын және (немесе) Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, базалық активі инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акциялары болып табылатын туынды бағалы қағаздарды алты айдан аспайтын мерзімде өткізуді талап етуге құқылы.

6. Уәкілетті орган тұлғаның уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының белгілеріне сай келетіні туралы мәліметтерді растайтын немесе теріске шығаратын ақпаратты талап етуге құқылы.

Көрсетілген ақпаратты уәкілетті орган оған ие кез келген тұлғадан, сондай-ақ осындай тұлғаның бақылауындағы кез келген ұйымнан талап ете алады.

7. Инвестициялық портфельді басқарушы жиынтығында инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының, оның ішінде Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, базалық активі инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акциялары болып табылатын туынды бағалы қағаздар арқылы он және одан көп пайызын иеленетін тұлғалар құрамының өзгергені туралы уәкілетті органды осы факт анықталған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде хабардар етуге міндетті.

8. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушылары болып табылатын резидент жеке тұлғалар, сондай-ақ олардың жұбайы (зайыбы) жыл сайын Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсынуға міндетті.

**72-2-бап.** 2026.16.01. № 259-VIII ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 72-3-баппен толықтырылды; 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 72-3-баптың тақырыбы жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

**72-3-бап. Қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары**

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Уәкілетті орган инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаларға, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларына: *2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

1) осы Заңның [49-бабының 5-тармағында](#), [55-1-бабының 6-тармағында](#), [72-1-бабының 3-тармағында](#) көзделген;

2) қадағалап ден қоюдың өзге де шараларын қолдану инвестициялық портфельді басқарушы клиенттерінің заңды мүдделерін қорғауды, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметпен байланысты тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ете алмаған;

3) инвестициялық портфельді басқарушының және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының әрекеттері (әрекетсіздігі) инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық жағдайын одан әрі нашарлатуға алып келуі мүмкін жағдайларда, қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолданады.

4) инвестициялық портфельді басқарушы белгілері бар тұлға, олардың салдарынан инвестициялық портфельді басқарушыға залал келтірілген немесе келтірілуі мүмкін іс-әрекеттерді жасаған;

5) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғалардың, сондай-ақ ірі қатысушыларының соның салдарынан инвестициялық портфельді басқарушыға залал келтірілген немесе келтірілуі мүмкін қаржылық жағдайының тұрақсыздығы;

6) осы Заңның [3-2-бабында](#) көрсетілген факторлардың анықталуына байланысты инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық жағдайы нашарлаған;

7) инвестициялық портфельді басқарушы мен оның ірі қатысушысы, ірі қатысушысы белгілері бар тұлға арасында уәкілетті органның осы Заңда көзделген бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруына кедергі келтіретін қарым-қатынастар болған;

8) ірі қатысушы белгілері бар тұлғаның, сондай-ақ ірі қатысушының осы Заңның [49-бабының 5-тармағы](#) талаптарының орындалмауына әкеп соққан іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі жағдайларында мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

2. Уәкілетті орган осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайлар орын алған кезде:

1) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғадан, сондай-ақ ірі қатысушысынан олардың тікелей немесе жанама түрде иелік ету үлесін инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының он пайызынан төмен деңгейге дейін азайтуды;

2) инвестициялық портфельді басқарушыдан ірі қатысушыға қатысты инвестициялық портфельді басқарушыны тәуекелге ұрындыратын олардың арасындағы операцияларды (тікелей және жанама түрде) жүзеге асыруды тоқтата тұруды;

3) инвестициялық портфельді басқарушыдан, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысынан инвестициялық портфельді басқарушыны қосымша капиталдандыру жөнінде шаралар қолдануды талап етуге құқылы.

3. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы не ірі қатысушысы белгілері бар тұлға осы баптың 2-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, уәкілетті органның шешімі негізінде инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына не ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаға тиесілі инвестициялық портфельді

басқарушының акцияларына сенімгерлік басқару тағайындалады. Осы акциялар уәкілетті органға сенімгерлік басқаруға үш айға дейінгі мерзімге беріледі.

Уәкілетті орган инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына не ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаға тиесілі инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына не ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаға тиесілі инвестициялық портфельді басқарушының акциялары ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда, акцияларды сенімгерлік басқару тағайындалатын мерзім уәкілетті органның сенімгерлік басқаруды тағайындау туралы тиісті шешімінде айқындалады.

Уәкілетті орган не ұлттық басқарушы холдинг инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру кезеңінде акциялардың меншік иесі сенімгерлік басқарудағы акцияларға қатысты қандай да бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы емес.

Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы не ірі қатысушысы белгілері бар тұлға уәкілетті органға инвестициялық портфельді басқарушының барлық өзіне тиесілі акцияларын өтінішхатта көрсетілген тұлғаларға сату туралы өтінішхат беруге құқылы.

Өтінішхатта көрсетілген акцияларды иемденушілер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын орындаған жағдайда уәкілетті орган өтінішхатты қанағаттандырады.

Сенімгерлік басқару белгіленген мерзім өткенге дейін инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқаруға беруге негіздер жойылмаған кезде уәкілетті орган не ұлттық басқарушы холдинг сенімгерлік басқарудағы акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында акцияларды өткізу туралы шешім қабылданған күнге қалыптасқан нарықтық құн бойынша оларды өткізу арқылы иеліктен шығарады. Акциялардың нарықтық құны туралы ақпарат болмаған жағдайда, бағалаушы акцияларды өткізу бағасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындауы мүмкін. Аталған акцияларды сатудан түскен ақша акциялары сенімгерлік басқаруға берілген тұлғаларға аударылады.

Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына не ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаға тиесілі инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сату жөніндегі іс-шаралар инвестициялық портфельді басқарушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына не ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаға тиесілі инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру, сондай-ақ уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингінің сенімгерлік басқару кезеңіндегі іс-әрекеттері тәртібі уәкілетті органның [нормативтік құқықтық актісінде](#) белгіленеді.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 72-4-баппен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 72-4-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

**72-4-бап. Инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының есептілігі**  
*2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 1-тармақ жаңа редакцияда*

1. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржылық және өзге де есептілікті ұсынады.

*2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2015.18.11. № 412-V ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2021 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

2. Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасы болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы осы баптың 1-тармағында көзделген есептіліктен басқа салық органына кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсынған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде салық органына декларацияны ұсынғаны туралы растаумен бірге уәкілетті органға оның көшірмесін ұсынуға тиіс.

**72-5-бап.** 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

## 14-тарау. Кастодиандық қызмет

### **73-бап. Кастодиандық қызметті жүзеге асыру тәртібі**

*2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

1. Бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті кастодиандық қызмет пен сейфтік операцияларға лицензиялары бар банктер, кастодиандық қызметке арналған лицензиясы болған кезде орталық депозитарий және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асыруға құқылы.

2. Кастодиан өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына және клиентпен жасалған кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартқа сәйкес жүзеге асырады.

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара); 2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 3-тармақ өзгертілді*

3. Орталық депозитарий немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылмайтын кастодиан:

- 1) зейнетақы активтеріне;
- 2) ашық және (немесе) аралық инвестициялық пай қорының активтеріне;
- 3) сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шарттары бойынша, сақтанушылардан инвестициялау мақсаттары үшін алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі және оларды инвестициялаудан алынған кірістер (шеккен залалдар) есебінен қалыптастырылған активтерге қатысты инвестициялық портфельді үлестес басқарушымен кастодиандық қызмет көрсету шартын жасасуға құқылы емес.

4. Кастодианға кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартқа сәйкес клиент берген ақша мен қаржы құралдары кастодиандық қызмет объектілері болып табылады.

5. 07.07.04 ж. № 577-ІІ ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 6-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

6. Кастодиан «Астана» халықаралық қаржы орталығына қатысушыларға кастодиандық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуге құқылы.

### **74-бап. Кастодианның функциялары мен міндеттері**

1. Кастодиан мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ақшаға, эмиссиялық бағалы қағаздарға және кастодиандық қызмет көрсетуге берілген өзге де қаржы құралдарына қатысты клиентке шоттар ашу;

- 2) ақшаны, эмиссиялық бағалы қағаздарды және кастодиандық қызмет көрсетуге берілген өзге де қаржы құралдарын есепке алуды қамтамасыз ету;
- 3) нақтылы ұстауды жүзеге асыру;
- 4) эмиссиялық бағалы қағаздармен және кастодиандық қызмет көрсетуге берілген өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша төлем агентінің функциясын атқару;
- 5) клиенттің эмиссиялық бағалы қағаздарымен мәмілелерді тіркеу және осы бағалы қағаздар бойынша оның құқықтарын растау;
- 6) эмиссиялық бағалы қағаздар және кастодиандық қызмет көрсетуге берілген өзге де қаржы құралдары бойынша кіріс алу және оны клиенттің шотына есептеу;
- 7) эмитенттің тапсырмасы бойынша клиентке ақпарат беру;
- 8) клиентке кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартта көзделген өзге де қызметтер көрсету;
- 9) құжатты бағалы қағаздарды және құжатты нысанда шығарылған өзге де қаржы құралдарын сақтау.

## 2. Кастодиан:

- 1) кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шарттың талаптарын, сондай-ақ клиенттің бұйрықтарын олардың мазмұнына сәйкес орындауға;
- 2) эмиссиялық бағалы қағаздардың және өз активтеріне қатысты кастодиандық қызмет көрсетуге берілген өзге де қаржы құралдарының бөлек сақталуы мен есепке алынуын қамтамасыз етуге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес, клиенттердің шоттарын жүргізу технологиясын сақтауға;
- 4) клиентке тұрақты негізде немесе оның талап етуі бойынша шоттарының жай-күйі туралы есеп беруге;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 4-1) тармақшамен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

4-1) бағалы қағаздарды және кастодиандық қызмет көрсетуге берілген өзге де қаржы құралдарын ұстаушыға талап етуі бойынша оның шоттарының жай-күйі туралы есептілікті ұсынуға;

5) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

## **75-бап. Кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шарт**

1. Кастодиан мен оның клиенті арасындағы қатынастар кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шарт негізінде туындайды, оған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген сақтау және тапсырма шартының нормалары қолданылады.

2. Кастодиан кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартты жасасу кезінде клиентті өзінің ішкі құжаттарымен таныстыруға міндетті.

3. Кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартта:

- 1) клиентке кастодиандық қызмет көрсету жөнінде қызметтер ұсыну тәртібі;
- 2) кастодианның және оның клиентінің құқықтары мен міндеттері;
- 3) кастодианның қызметіне ақы төлеу тәртібі;
- 4) кастодианның кастодиандық қызмет көрсетуге берілген бағалы қағаздары бойынша кіріс алуының талаптары мен тәртібі және оны клиенттің шотына есептеу;
- 5) кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартты бұзу тәртібі;
- 6) тараптардың жауапкершілігі;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де талаптар болуға тиіс.

### **76-бап. Трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі**

1. Бағалы қағаздар рыногында трансфер-агенттік қызмет трансфер-агент клиенттерінің арасындағы құжаттарды (ақпаратты) қабылдау және беру мақсатында жүзеге асырылады.

2. Бағалы қағаздар рыногында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен және лицензиаттың ішкі құжаттарымен белгіленеді.

### **77-бап. Трансфер-агенттің функциялары**

1. Трансфер-агент мынадай функцияларды:

- 1) өзі тапсыру үшін алған құжаттарды тіркеу және есепке алу;
- 2) клиенттерге берілген құжаттарды тіркеу және есепке алу;
- 3) трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырған кезде қолданылатын электрондық деректер базасының сақталуын қамтамасыз ету;
- 4) трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырған кезде қолданылатын электрондық жүйелерді жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Трансфер-агент пен оның клиенттері арасындағы қатынастар трансфер-агенттік қызмет көрсету жөніндегі шарт негізінде туындайды, оған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тапсырма шартының нормалары қолданылады.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 15-1-тараумен толықтырылды*

### **15-1-тарау. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі**

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 77-1-бап жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

### **77-1-бап. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі**

1. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметіне лицензиясы бар ұйымдар, орталық депозитарий қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін (бұдан әрі осы тарауда - клиринг ұйымдары) жүзеге асыруға құқылы.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

2. Орталық депозитарий және (немесе) қор биржасы және (немесе) клирингтік ұйым және (немесе) аударым операцияларына арналған лицензиясы бар өзге де ұйым есеп айырысу ұйымы болып табылуы мүмкін.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

3. Есеп айырысу ұйымы клиринг ұйымының бұйрықтары және (немесе) қор биржасының мәміле жасасу фактісін растайтын құжаты және (немесе) есеп айырысу ұйымы өзінің қағидаларына сәйкес есеп айырысулар үшін негіз ретінде қабылдайтын өзге де құжат негізінде қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асырады.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 3-1-тармақпен толықтырылды*

3-1. Орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын клирингтік ұйым клирингтік қатысу сертификаттарын шығаруға құқылы.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 3-2-тармақпен толықтырылды*

3-2. Орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын клирингтік ұйымның клирингтік қатысу сертификаттарын шығару, сондай-ақ клирингтік ұйымның кепілдік немесе резервтік қорындағы активтерді есепке алу тәртібі клирингтік ұйымның қағидаларында айқындалады.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 3-3-тармақпен толықтырылды*

3-3. Клирингтік қатысу сертификаттарын орналастыру, олардың айналысы мен өтеу тәртібі клирингтік ұйымның қағидаларында айқындалады.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

4. Клиринг ұйымының директорлар кеңесі қаржы құралдарымен мәмілелердің орындалмауы тәуекелдерін төмендету үшін клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесін құруды және оның жұмыс істеуін, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды қамтамасыз етуге міндетті.

Клиринг ұйымының орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын немесе мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындаудың қандай да бір кепілдіктерін ұсынатын тәуекелдерді басқару жүйесі клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларын қалыптастыруды қамтиды.

Клирингтік ұйым өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамауға не тиісінше орындамауға жол берген клирингтік қатысушының қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауы үшін клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік қорларының активтерін осы клирингтік ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қолдануға құқылы.

Клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік қорларының активтерін осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген мақсаттар үшін пайдаланған жағдайда, клирингтік ұйым қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамауға не тиісінше орындамауға жол берген клирингтік қатысушыдан осы активтерді толық көлемде өтеуді талап етуге құқылы.

Клирингтік қатысушы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамаған жағдайда, клирингтік ұйым орындалмаған міндеттемелердің мөлшерінен аспайтын мөлшерде осы клирингтік қатысушының көрсетілген мәмілелер бойынша қарсы талаптарын орындамайды.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 4-1-тармақпен толықтырылды; 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 4-1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

4-1. Клирингтік ұйым клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларының және клирингтік қатысушылардың өзге де қамтамасыз етуінің құрамына кіретін маржалық жарналар мен ақшаны клирингтік ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және шарттарда инвестициялайды.

Клирингтік ұйым клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарналардың, маржалық жарналардың, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз етудің клирингтік ұйымның басқа активтерінен оқшауланған есебін, сондай-ақ клирингтік ұйымның клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарналардың, маржалық жарналардың, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз етудің инвестициялары нәтижесінде сатып алынған активтерін есепке алуды қамтамасыз етеді.

Клирингтік ұйымның осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген оқшауланған активтерін клирингтік ұйым клирингтік қызметті жүзеге асыруға арналған шоттарда есепке алады.

Клирингтік қызметті жүзеге асыруға арналған шоттарда осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілгеннен өзгеше активтерді сақтауға жол берілмейді.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 4-2-тармақпен толықтырылды*

4-2. Клирингтік ұйымның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шоты, клирингтік ұйымның орталық депозитарийдегі корреспонденттік шоты, клирингтік ұйымның Қазақстан Республикасының банктеріндегі және шетелдік

банктердегі корреспонденттік шоттары, клирингтік ұйымның номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған, клирингтік қатысушылар клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарналар, маржалық жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету ретінде аударған қаражат есебінен жүзеге асырылған клирингтік ұйымның инвестицияларын есепке алуға арналған шот болып табылатын жеке шоты осы баптың 4-1-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген шоттар болып табылады.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 4-3-тармақпен толықтырылды*

4-3. Клирингтік ұйым клирингтік қызметті жүзеге асыруға арналған шоттарда есепте тұрған қаржы құралдарын меншікті активтерден бөлек есепке алады және бұлар оның банкрот болу жағдайында мүліктік массаға және (немесе) таратылған кезде оның мүлкінің құрамына осы баптың 4-4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, енгізілмейді.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 4-4-тармақпен толықтырылды*

4-4. Клирингтік ұйымның резервтік қорының қаражаты ол банкрот болған жағдайда мүліктік массаның құрамына және (немесе) таратылған кезде оның мүлкінің құрамына клирингтік ұйым өзінің клирингтік қатысушылары алдындағы барлық міндеттемелерін атқарғаннан кейін қалған бөлігінде енгізіледі.

5. Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымындағы тәуекелдер мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар уәкілетті органның [нормативтік-құқықтық актісінде](#) және клиринг ұйымының ішкі құжаттарында белгіленеді.

*2016.29.03. № 479-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 6-тармақ өзгертілді*

6. Клиринг ұйымының директорлар кеңесі клиринг ұйымының көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын субъектілермен клиринг ұйымының өзара қарым-қатынастарын айқындайтын, қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асырудың [қағидаларын](#) бекітуге тиіс.

Клиринг ұйымының қағидаларын сақтау клиринг ұйымының көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады.

*2016.29.03. № 479-V ҚР Заңымен 6-1-тармақпен толықтырылды*

6-1. Клирингтік ұйым қағидалар бекітілген не оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы уәкілетті органды растайтын құжаттарды қоса бере отырып хабардар етеді.

7. Клиринг ұйымы есеп айырысу ұйымы мен клиринг қатысушылары арасындағы тиісті қосылу шарттарында белгіленген талаптармен және тәртіппен есеп айырысу ұйымына клиринг қатысушыларының есеп айырысу ұйымында ашылған шоттары бойынша қаржы құралдарын аударуға (есептен шығаруға, есепке жазуға), оларға ауыртпалық салуға бұйрықтар береді.

8. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде белгіленеді.

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 9-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

9. Клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) клирингтік қатысушысы дефолт, банкрот болған және (немесе) таратылған, клирингтік қатысушы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік ұйым алдындағы өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметтің нысанасы болып табылатын клирингтік қатысушының міндеттемелері жасалған мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде мәмілелер бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету, маржалық жарналар, клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына

жарналар болып табылатын қаржы құралдарын осы клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) толық пайдалануы есебінен орындаған жағдайда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және осы клирингтік ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген шарттарда және тәртіппен тоқтатылады.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 77-2-бап жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

**77-2-бап. Клиринг ұйымының функциялары**

1. Мыналар клиринг ұйымының функциялары болып табылады:

1) жасалған мәмілелер бойынша ақпаратты клиринг ұйымының ішкі құжаттарына сәйкес қабылдау және өңдеу, оны салыстырып тексеру және түзету;

2) жасалған мәмілелердің өлшемдерін, оларды растау, толық немесе ішінара орындалуы немесе орындалмауы туралы ақпаратты есепке алу;

3) қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу нәтижесінде қаржы құралдарымен мәмілелер қатысушыларының, есеп айырысуларға қатысатын субъектілердің (қаржы құралдарының төленуін және аударылуын жүзеге асыратын мәміле тараптарының) талаптарын және (немесе) міндеттемелерін айқындау;

4) есеп айырысу ұйымының клиринг қызметінің нәтижелері бойынша бұйрықтарды дайындау және беру;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 4-1) тармақшамен толықтырылды*

4-1) клирингтік ұйым орталық контрагенттің функцияларын орындаған жағдайда, клирингтік қатысу сертификаттарын шығару;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және клиринг ұйымының ішкі құжаттарында көзделген өзге де функциялар.

2. Клиринг ұйымы мен оның клиенттері арасындағы қатынастар клиринг қызметін көрсетуді жүзеге асыру туралы шарт негізінде туындайды, онда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген қосылу шартының нормалары қолданылады.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 77-3-баппен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

**77-3-бап. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру қағидалары**

1. Клиринг ұйымының қағидаларын оның атқарушы органы әзірлейді, оны клиринг ұйымының директорлар кеңесі бекітеді.

2. Клиринг ұйымының қағидалары клиринг ұйымы көрсететін қызметтерді пайдаланатын субъектілермен клиринг ұйымының өзара қарым-қатынастарын, сондай-ақ қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін айқындайды және мыналарды:

1) сауда-саттыққа клирингтік қатысушыларға қойылатын талаптарды, оның ішінде сауда-саттыққа клирингтік қатысушысының қаржылық тұрақтылығын ұстап тұру жөніндегі міндетті;

2) сауда-саттыққа клирингтік қатысушы мәртебесін берудің (қолданысын тоқтата тұрудың, айырудың) тәртібі мен шарттарын;

3) сауда-саттыққа клирингтік қатысушылардың клиринг ұйымына сауда-саттыққа клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйіне мониторингті жүзеге асыру, сауда-саттыққа клирингтік қатысушылары клиринг ұйымы қағидаларының талаптарына сәйкес келуі үшін беретін олардың қызметі туралы ақпарат тізбесін, сондай-ақ осы ақпаратты ұсынудың тәртібі мен мерзімдерін;

4) клиринг ұйымы сауда-саттыққа клирингтік қатысушылардан және уәкілетті органнан алған ақпаратқа билік ету тәртібін;

5) сауда-саттыққа клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйінің мониторингі, сондай-ақ сауда-саттыққа клирингтік қатысушылардың клиринг ұйымы қағидаларының талаптарына сәйкес келу тәртібін;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 6) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 6) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

6) клирингтік ұйымның кепілдік қорларын қалыптастыру тәртібі мен шарттарын, клирингтік ұйымның кепілдік қорларындағы активтерді есепке алу тәртібін, сондай-ақ клирингтік ұйымның жарналары мен алымдарын төлеу тәртібі мен шарттарын;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 6-1) тармақшамен толықтырылды*

6-1) клирингтік қатысу сертификаттарын шығару, орналастыру, олардың айналысы мен өтеу тәртібін;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 7) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

7) резервтік қорлардың түрлерін, клирингтік ұйымның резервтік қорларды қалыптастыру тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ клирингтік ұйымның резервтік қорларындағы активтерді есепке алу тәртібін;

8) жасалған мәмілелер бойынша ақпаратты жинау, өңдеу және сақтау, алшақтықтар болған кезде, оны салыстырып тексеру мен түзету тәртібін;

9) клиринг ұйымының қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің өлшемдерін есепке алу мен растауы тәртібін;

10) сауда-саттыққа клирингтік қатысушылардың талаптарын және (немесе) міндеттемелерін айқындау тәртібін;

11) клиринг қызметінің нәтижелері бойынша міндеттемелерді орындаудың тәртібін, шарттарын және тәсілдерін;

12) клиринг ұйымының сауда-саттыққа клирингтік қатысушыларға қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметінің нәтижелері жөніндегі есептерді ұсыну тәртібін;

13) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметінің нәтижелері жөніндегі ақпаратты дайындау және есеп айырысу ұйымына, сауда-саттықты ұйымдастырушыға және (немесе) тауар биржасына беру тәртібін;

14) клиринг ұйымы мен сауда-саттыққа клирингтік қатысушылар арасындағы қатынастарды айқындайтын клирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асыру туралы шарттардың үлгі нысандарын;

15) клиринг ұйымы есеп айырысу ұйымымен, сауда-саттықты ұйымдастырушымен және (немесе) тауар биржасымен жасайтын шарттың мазмұнына қойылатын талаптарды;

16) клиринг ұйымының орталық контрагенттің функцияларын орындауы тәртібі мен шарттарын айқындайтын ережелерді;

17) осы Заңның [77-2-бабында](#) белгіленген, клиринг ұйымының функцияларын іске асыру үшін айқындалуы қажет ережелерді қамтиды.

3. Осы баптың 2-тармағында санамаланған құжаттар клиринг ұйымының қағидаларын құрайды және клиринг ұйымының жекелеген құжаттары ретінде ресімделеді не клиринг ұйымының бірыңғай қағидаларының құрамына енгізіледі.

## 16-тарау. Орталық депозитарий

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 78-бап өзгертілді (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 78-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара)*

### 78-бап. Орталық депозитарий қызметінің негізгі қағидаттары

1. Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруының шарттары мен тәртібі осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында -қағидалар жинағында белгіленеді.

**2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 1-1-тармақпен толықтырылды**

1-1. Орталық депозитарий шарт негізінде шетелдік қаржы ұйымдарына және «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында тіркелген ұйымдарға қызмет көрсетуге құқылы.

Орталық депозитарий мен шетелдік қаржы ұйымы немесе «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында тіркелген ұйым арасында жасалған шартта көрсетілетін қызметтер тізбесі қамтылуға тиіс, оларды көрсету шарттары мен тәртібі, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, тараптардың келісімімен таңдалған елдің құқығына сәйкес немесе «Астана» халықаралық қаржы орталығының актілеріне сәйкес айқындалады.

**2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара); 2012.26.11 № 57-V ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2016.29.03. № 479-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-тармақ өзгертілді**

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және халықаралық қаржы ұйымдары ғана орталық депозитарийдің құрылтайшылары мен акционерлері бола алады.

Орталық депозитарийдің акцияларын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тікелей және (немесе) жанама иелену үлесі орталық депозитарийдің дауыс беретін акцияларының жалпы санының елу пайызынан астамын құрайды.

Қор биржасын қоспағанда, бағалы қағаздар нарығына әрбір кәсіби қатысушының және әрбір халықаралық қаржы ұйымының орталық депозитарийінің акцияларын иелену үлесі орталық депозитарийдің орналастырылған акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспайды.

**2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)**

3. Мыналар орталық депозитарийдің клиенттері болып табылады:

1) уәкілетті органның лицензиясы негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес номиналды ұстау шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;

2) уәкілетті органның лицензиясы негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес номиналды ұстау шоттарын жүргізу құқығынсыз бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;

3) уәкілетті органның лицензиясы негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;

4) шетелдік депозитарийлер, қаржы құралдарының кастодиандары және (немесе) номиналды ұстаушылары болып табылатын депоненттер;

5) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті және (немесе) **орталық контрагенттің қызметін жүзеге асыратын** ұйымдар;

6) шетелдік дилерлер және (немесе) қор биржасының мүшелері және (немесе) клирингтік ұйымның клирингтік қатысушылары болып табылатын өзге де заңды тұлғалар; **2018.05.10. № 184-VI ҚР Заңымен 6-1) тармақшамен толықтырылды**

6-1) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын ұйым.

**2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 7) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)**

7) номиналды ұстау туралы шарт талаптарына және орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес осы тұлғалардың жекелеген деректемелерін ашып көрсетпей, депонент ұсынған мәліметтердің негізінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде қосалқы шоттар ашылған тұлғаларды қоспағанда, депоненттердің клиенттері;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен 8\) тармақшамен толықтырылды \(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді\); 2021.02.01. № 399-VI ҚР \[Заңымен 8\\) тармақша жаңа редакцияда \\(бұр.ред.қара\\)\]\(#\)](#)*

8) іскерлік қатынастар орнату рәсімінен өткен өзге де жеке және заңды тұлғалар.

### **79-бап. Орталық депозитарийді басқару**

1. Орталық депозитарийдің органдары, олардың функциялары мен өкілеттіктері, олардың шешімдерін қалыптастыру және қабылдау тәртібі осы Заңмен, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен, орталық депозитарийдің жарғысымен және оның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР [Заңымен 1-1-тармақпен толықтырылды; 2011.28.12. № 524-IV ҚР \[Заңымен \\(бұр.ред. қара\\)\]\(#\); 2026.16.01. № 259-VIII ҚР \[Заңымен \\(2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді\\) \\(бұр.ред. қара\\)\]\(#\) 1-1-тармақ жаңа редакцияда](#)*

1-1. Осы Заңның [54-бабының](#) және «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [9-4-бабының](#) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыға қатысты талаптары орталық депозитарийдің басшы қызметкерлеріне қолданылады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда \(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред. қара\)](#)*

2. Орталық депозитарийдің директорлар кеңесінің құрамына уәкілетті органның жазбаша хабарламасы негізінде уәкілетті органның өкілі тұрақты негізде дауыс беру құқығымен кіреді.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен 79-1-баппен толықтырылды \(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді\)](#)*

### **79-1-бап. Консультативтік кеңес**

1. Консультативтік кеңес орталық депозитарий клиенттерінің мүдделерін білдіретін алқалы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Консультативтік кеңес мүшелерінің негізгі міндеттері, өкілеттік мерзімі және оларды сайлау тәртібі, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ консультативтік кеңестің отырыстарын шақыру, дайындау және өткізу тәртібін қоса алғанда, оның қызметін ұйымдастыру тәртібі орталық депозитарийдің директорлар кеңесі бекітетін консультативтік кеңес туралы ережеде айқындалады.

3. Консультативтік кеңестің құзыретіне консультативтік кеңес туралы ережеде айқындалған, орталық депозитарий қызметінің мәселелерін алдын ала қарау жатады.

4. Консультативтік кеңестің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен 80-бап жаңа редакцияда \(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#)*

### **80-бап. Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру тәртібі**

1. Депозитарийлік қызметті жүзеге асыру процесінде орталық депозитарий:

1) депоненттерге қаржы құралдарын номиналды ұстау қызметтерін көрсетеді;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР [Заңымен 2\) тармақша жаңа редакцияда \(2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#)*

2) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілелер бойынша және оның депоненттерінің, сондай-ақ өзге де клиенттердің қатысуымен ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілелер бойынша қаржы құралдарымен есеп айырысуларды жүзеге асырады;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР [Заңымен 2-1\) тармақшамен толықтырылды](#)*

2-1) Қазақстан Республикасының резидент-қаржы ұйымдарына және (немесе) шетелдік депозитарийлер, кастодиандар және (немесе) қаржы құралдарының номиналды ұстаушылары болып табылатын депоненттерге олардың клиенттері-Қазақстан Республикасының резиденттерін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсаттары үшін тиісінше тексеру жөніндегі қызмет көрсету шарты негізінде көрсетеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және өзінің қағидалар жинағына сәйкес мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарға депозитарийлік қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 3-1) тармақшамен толықтырылды*

3-1) бағалы қағаздар нарығында қызметтің барлық немесе жекелеген түрлерін жүргізуге арналған лицензиядан айырылған және өз клиентіне активтерді қайтару жөніндегі міндеттемелерді орындамаған номиналды ұстаушының клиентіне номиналды ұстаудағы активтерді қайтаруды жүзеге асырады, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында айқындалған тәртіппен мұндай клиенттің активтеріне қатысты басқа операцияларды жүзеге асырады;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-2) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

3-2) құжаттама нысанында шығарылған бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының сақталуын жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да қызмет түрлерін көрсетеді.

2. Орталық депозитарий банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензиясы болған кезде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен:

1) заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді;

2) жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді;

3) банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашуды және жүргізуді;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

4) аударым операцияларын: төлемдер мен ақша аударымдары бойынша жеке және заңды тұлғалардың тапсырмаларын орындауды;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 5) тармақшамен толықтырылды; 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5) тармақша өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

5) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқылы.

6) 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен алып тасталды *(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

Орталық депозитарийде уәкілетті органның осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы болған кезде, орталық депозитарий қаржы құралдарын өтеу және (немесе) олар бойынша кірісті төлеу кезінде төлем агентінің функцияларын жүзеге асыруға құқылы.

3. Орталық депозитарий қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асырады немесе клирингтік ұйымдарға және (немесе) ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығының орталық контрагенттеріне уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген шарттармен және тәртіппен қызметтер көрсетеді.

*2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 3-1-тармақпен толықтырылды (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді)*

3-1. Орталық депозитарий бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген шарттармен және тәртіппен жүзеге асырады.

4. Орталық депозитарий бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру процесінде:

1) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды;

2) тіркелген тұлғаға бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде жеке шот ашуды;

3) тіркелген тұлғаның жеке шоты бойынша бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді;

4) тіркелген тұлғаның бағалы қағаздары бойынша құқықтарды растауды;

5) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін өзекті жай-күйде ұстауды;

6) бағалы қағаздардың қайталама нарығында айналыстағы бағалы қағаздар санының уәкілетті орган тіркеген санына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады;

7) орталық депозитарийдің қағидалар жинағында айқындалған мәселелердің тізбесі бойынша бағалы қағаздарды ұстаушыларға ақпарат беруді;

8) эмитентке оның сұрау салуы негізінде бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін құрайтын ақпаратты беруді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін құрайтын мәліметтерді алу құқығына ие мемлекеттік органдарға осы Заңның [43-бабына](#) сәйкес ақпарат беруді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

*2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен [4-1-тармақпен толықтырылды \(2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді\)](#)*

4-1. Орталық депозитарий цифрлық активтерді, оның ішінде Ұлттық стратегиялық крипторезерв құрамына кіретін активтерді есепке алу және сақтау жөніндегі қызметті, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісіне, сондай-ақ орталық депозитарий қағидаларының жиынтығына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен [5-тармақ өзгертілді \(бұр.ред.қара\)](#)*

5. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.

6. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың эмитенті орталық депозитариймен бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге арналған шарт жасасуға міндетті.

*7-тармақ 2019 ж. 1 шілдеден бастап [қолданысқа енгізілді](#)*

7. Бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының саудасын ұйымдастыру жөніндегі қызмет шеңберінде орталық депозитарий мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығының интеграцияланған ақпараттық жүйесін пайдалану және ұстау;

2) өз клиенттеріне бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығының интеграцияланған ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді ұсыну;

3) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу үшін орталық депозитарий клиенттерінің арасында бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының белгіленімдерімен алмасуды ұйымдастыру;

4) орталық депозитарий клиенттерінің арасында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу туралы хабарлар алмасуды ұйымдастыру;

5) осы Заңда көзделген өзге де функциялар.

8. Орталық депозитарий уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында айқындалған тәртіппен ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер тізілімдерінің жүйесін қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 8-1-тармақпен толықтырылды*

8-1. Орталық депозитарий өз қызметін жүзеге асыру үшін пайдаланылатын меншікті бағдарламалық өнімді әзірлеуге және одан әрі жетілдіруге құқылы.

9. Орталық депозитарий мынадай:

1) өз мұқтажы үшін сатып алынған мүлікті жалдауға (жалға) беруді қоса алғанда, өз мүлкіне билік ету;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

2) бағалы қағаздар нарығындағы қызметке, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимылға байланысты мәселелер бойынша консультациялық және ақпараттық көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

3) бағалы қағаздар нарығындағы қызмет мәселелері бойынша арнайы әдебиеттерді ақпарат жеткізгіштерінің кез келген түрлерінде өткізу;

4) бағалы қағаздар нарығындағы қызмет саласында оқытуды ұйымдастыру;

5) орталық депозитарийдің интернет-ресурсында орталық депозитарий мен оның клиенттері ұсынатын көрсетілетін қызметтер туралы жарнаманы, сондай-ақ орталық депозитарийдің қағидалар жинағында айқындалған өзге де ақпаратты жариялау;

6) орталық депозитарийдің материалдық-техникалық құралдары мен жабдықтарын жалдауға (жалға) беру жағдайларын қоспағанда, қаржы нарығындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 9-1-тармақпен толықтырылды*

9-1. Орталық депозитарий мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен, сондай-ақ мемлекет қатысатын кредиттік бюро жүйесінен осы бапта көрсетілген қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын ақпаратты растау мақсатында қажет болатын ақпаратты алуға құқылы;

10. Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру талаптары мен тәртібі осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 11-тармақпен толықтырылды*

11. Орталық депозитарий уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен және шарттарда инвесторлар үшін эмитент және оның бағалы қағаздары туралы ақпарат беруді жүзеге асырады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 80-1-баппен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

**80-1-бap. Талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотта есепте тұрған активтерді басқару тәртібі**

1. Орталық депозитарийдегі және талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін ашылған шотта есепке алынатын активтерді сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен орталық депозитарий арасында жасалатын сенімгерлік басқару шарты негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган сенімгерлік басқаруға берілген және талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотта есепке алынатын активтерді басқарудан түсетін инвестициялық кірісті бөлу тәртібін айқындайды.

### **81-бап. Орталық депозитарийдің ережелер жинағы**

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен 1 тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара); 2014.16.05. № 203-V ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)*

1. Орталық депозитарийдің қағидалар жинағы орталық депозитарийдің бағалы қағаздар рыногы субъектілерімен өзара қарым-қатынасын айқындайды.

Орталық депозитарийдің қағидалар жинағын сақтау орталық депозитарийдің көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады. Орталық депозитарийдің қағидалар жинағын орталық депозитарийдің директорлар кеңесі бекітеді.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2. Орталық депозитарийдің қағидалар жинағында:

- 1) депозитарийлік қызметті жүзеге асыру;
- 2) бағалы қағаздарды ұстаушылар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру;
- 3) мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу;
- 4) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия болған кезде);
- 5) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру;
- 6) төлем агентінің функцияларын жүзеге асыру (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия болған кезде);

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 6-1) тармақшамен толықтырылды*

6-1) Қазақстан Республикасының резидент-қаржы ұйымдарына қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсаттары үшін тиісінше тексеру жүргізу бойынша қызметтер көрсету;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 6-2) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

6-2) қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу;

7) ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда, туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

*2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 7-1) тармақшамен толықтырылды*

7-1) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінен орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіне деректер ұсыну, сондай-ақ орталық депозитарийдің көрсетілген электрондық деректерді қабылдауды, өңдеуді және сақтауды жүзеге асыруы;

8) бағалы қағаздарға халықаралық сәйкестендіру нөмірлерін (ISIN кодтарын) және үлестер мен өзге де қаржы құралдарына сәйкестендіргіштер беру;

*9) тармақша 2019 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді*

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 9) тармақша өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

9) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі мен шарттары;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қағидалар қамтылуға тиіс.

*2014.16.05. № 203-V ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

3. Орталық депозитарий қағидалар жинағы қабылданған не оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен кейін он жұмыс күні ішінде бұл жөнінде уәкілетті органды осы құжаттарды қоса бере отырып, хабардар етеді.

### **82-бап. Орталық депозитарийдің қызметін шектеу**

1. Орталық депозитарий:

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына және орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес өз функцияларын орындауды басқа да тұлғаларға беруге;

2) 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2-1) 2011.28.12. № 524-IV ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2013 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 3) тармақша өзгертілді*

3) орталық депозитарийдің клиенті (орталық депозитарий депонентінің клиенті), орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жеке шоттарда (қосалқы шоттарда) ескерілетін қаржы құралдары туралы коммерциялық құпияны жария етуге;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

4) орталық депозитарий клиенттерінің және орталық депозитарий депоненттері клиенттерінің құқықтарын және мүдделерін бұзатын іс-әрекеттер жасауға құқылы емес.

2. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, орталық депозитарий заңды тұлғаларды құруға және оның қызметіне қатысуға құқылы емес.

## **17-тарау. Сауда-саттықты ұйымдастырушы**

### **83-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымы**

1. Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 2-тармақ өзгертілді*

2. Қор биржасының сауда жүйесінде қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерге мониторинг жүргізуді және талдауды жүзеге асыру мақсатында қор биржасының ұйымдық құрылымына қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі кіруге тиіс.

Қор биржасының аталған құрылымдық бөлімшесінің қызметін жүзеге асыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен 84-бап өзгертілді (бұр. ред. қара); 2007.21.07. № 309-III ҚР Заңымен 84-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара )*

### **84-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушыны басқару**

1. Сауда-саттықты ұйымдастырушының органдары, олардың функциялары және өкілеттіктері, олардың шешімдерді қалыптастыру және қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сауда-саттықты ұйымдастырушының жарғысымен және оның ішкі құжаттарымен айқындалады.

*2008.20.11. № 88-IV ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред. қара); 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара); 2012.26.11 № 57-V ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 2-тармақ өзгертілді*

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі акционері болып табылатын жағдайды қоспағанда, сауда-саттықты ұйымдастырушының әрбір акционерінің өзінің үлестес тұлғаларымен бірлескен үлесі орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма пайызынан аспауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесі орталық депозитарий сауда-саттықты ұйымдастырушының функциясын жүзеге асырған кезде оған қолданылмайды.

*2008.20.11. № 88-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 3-тармақ өзгертілді*

3. Сауда-саттықты ұйымдастырушының әрбір акционері, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, «бір акция - бір дауыс» принципі бойынша дауыс береді.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының «алтын акциясының» иесі сауда-саттықты ұйымдастырушы органдарының шешімдеріне veto қоюға құқығы бар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады.

*2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара); 2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 4-тармақ өзгертілді; 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

4. Сауда-саттықты ұйымдастырушының директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және уәкілетті органның жазбаша хабарламалары негізінде уәкілетті органнан және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен бір-бір өкіл тұрақты негізде дауыс беру құқығымен кіреді.

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 5-тармақ жаңа редакцияда*

5. Листинг, делистинг, бағалы қағаздардың ресми тізімінің санаттарын немесе алаңын алмастыру мәселелері бойынша шешімдерді қор биржасының листинг комиссиясы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы листинг, делистинг, оңайлатылған рәсім бойынша бағалы қағаздардың ресми тізімінің санаттарын немесе алаңын алмастыру мәселелеріне қолданылмайды, олар бойынша шешімдерді қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен оның атқарушы органы қабылдайды.

Листинг комиссиясының құрамына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді. Листинг комиссиясының құрамына уәкілетті органның өкілі тұрақты негізде дауыс беру құқығымен кіреді.

Листинг, делистинг, бағалы қағаздардың ресми тізімінің санаттарын немесе алаңын алмастыру мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде:

1) көрсетілген шешімге сәйкес бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілетін, осы тізімнен шығарылатын немесе осы тізімнің өзге санатына немесе алаңына ауыстырылатын эмитенттің (осы тармақта бұдан әрі - мүдделі эмитент);

- 2) мүдделі эмитентке қатысты еншілес ұйымдар немесе тәуелді акционерлік қоғамдар болып табылатын ұйымдардың;
- 3) өздеріне қатысты мүдделі эмитент еншілес ұйым немесе тәуелді акционерлік қоғам болып табылатын ұйымдардың;
- 4) мүдделі эмитентпен бірге үшінші ұйымға қатысты еншілес ұйымдар немесе тәуелді акционерлік қоғамдар болып табылатын ұйымдардың;
- 5) мүдделі эмитентке қызметтер көрсететін қаржы консультантының, маркет-мейкердің, андеррайтердің;
- 6) осы бөліктің 1) және 5) тармақшаларында аталған тұлғалармен үлестес тұлғалардың қызметкерлері және (немесе) өкілдері болып табылатын листинг комиссиясы мүшелерінің дауыс беруге құқығы жоқ.

Осы баптың төртінші бөлігінің талаптары листинг комиссиясының мүшесі - уәкілетті органның өкіліне қолданылмайды.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 6-тармақпен толықтырылды; 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) 6-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара)*

6. Листинг комиссиясы шығару шарттарында ұйымдастырылған рынокта олардың айналымы көзделген облигацияларды шығаруды жоспарлаушы эмитентке беру үшін инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге қажетті қосымша шектеулерді эмитенттің бағалы қағаздар шығару шарттарына енгізу жөнінде ұсынымдар әзірлейді. Листинг комиссиясының ұсынымдарын эмитенттің қабылдағаны не қабылдамағаны туралы ақпарат қор биржасының интернет-ресурсында орналастырылады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 7-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

7. Осы баптың талаптары орталық депозитарийге қолданылмайды.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 85-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара)*

#### **85-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидалары**

*2014.16.05. № 203-V ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

1. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидаларын оның атқарушы органы әзірлейді, сауда-саттықты ұйымдастырушының директорлар кеңесі бекітеді.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидаларын сақтау сауда-саттықты ұйымдастырушының көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады.

2. 2014.16.05. № 203-V ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

3. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидалары қор биржасының сауда жүйесінде айналымға жіберілген қаржы құралдарымен мәмілелер жасаған кезде сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшелерінің қызметін, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушы, оның мүшелері, клиенттері және сауда-саттықты ұйымдастырушының көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын өзге де тұлғалар арасында туындайтын қатынастарды реттейді.

4. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидалары сауда-саттықты ұйымдастырушының функцияларына кіретін мәселелерді реттейтін сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарын қамтиды.

5. Қор биржасының қағидалары:

1) қор биржасындағы мүшелік санаттарын, қор биржасының мүшелігіне кіру шарттары мен тәртібін, қор биржасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, қор биржасындағы мүшелікті тоқтата тұрудың және тоқтатудың шарттары мен тәртібін;

2) қор биржасының мүшесі атынан қор биржасының сауда жүйесі айналымындағы бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысатын, сондай-

ақ осы қор биржасының сауда жүйесін пайдаланып, өзге де іс-әрекеттерді орындайтын трейдерлерге қойылатын талаптарды;

3) 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

4) 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) алып тасталды (*2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді*) ([бұр.ред. қара](#))

5) бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілуі көзделетін және енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды;  
*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) б) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))*

б) бағалы қағаздарды қор биржасының тізіміне енгізу, оларды осы тізімнен алып тастау және тізім санатын алмастыру бойынша шарттар мен талаптарды;  
*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) б-1) тармақшамен толықтырылды; 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) б-1) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))*

б-1) бағалы қағаздар болып табылмайтын қаржы құралдарын қор биржасында айналысқа жіберу шарттары мен талаптарын;  
*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 7) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))*

7) бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген эмитенттердің міндеттері мен жауапкершілігін (оның ішінде ақпаратты ашып көрсету бойынша);  
*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 8) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))*

8) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздарды жіберуге бастамашының ашып көрсетуіне жататын ақпараттың тізбесін, мерзімдерін және оған қойылатын талаптарды;  
*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 9) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))*

9) бағалы қағаздармен биржалық сауда-саттық өткізу шарттары мен әдістерін;  
*2015.24.11. № 422-V ҚР [Заңымен](#) 9-1) тармақшамен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

9-1) қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілін;

10) биржалық сауда-саттықта қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру тәртібін;

11) қор биржасындағы сауда-саттықты тоқтата тұрудың және қайта бастаудың шарттары мен тәртібін;

12) қор биржасының сауда жүйесінде айналымға жіберілген қаржы құралдарын бағалаудың әдістемесін;

13) биржалық сауда қағидаларын бұзғаны үшін қор биржасы мүшелерінің және қор биржасы трейдерлерінің жауапкершілігін, қор биржасы өндіріп алатын айыппұлдарды төлеудің мөлшері мен тәртібін;

14) қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру процесінде туындайтын даулар мен жанжалдарды шешу тәртібін;

15) 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) алып тасталды (*2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді*) ([бұр.ред. қара](#))

16) листинг комиссиясы қызметінің тәртібін;

17) 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды (*2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді*) ([бұр.ред.қара](#))

18) инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолдану, бағалы қағаздар рыногында айла-шарғы жасау жағдайларын анықтау және болғызбау қағидаларын;

19) - 21-2) 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

22) осы Заңда белгіленген өзге де ережелер мен рәсімдерді айқындауға тиіс.

*2014.16.05. № 203-V ҚР [Заңымен](#) 6-тармақпен толықтырылды*

6. Сауда-саттықты ұйымдастырушы қағидалар қабылданған не оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл жөнінде уәкілетті органды осы құжаттарды қоса бере отырып, хабардар етеді.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 6-1-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

6-1. Осы баптың 5-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарын сауда-саттықты ұйымдастырушының атқарушы органы әзірлейді және бекітеді.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) 7-тармақпен толықтырылды*

7. Осы баптың талаптары орталық депозитарийге қолданылмайды.

### **86-бап. Қор биржасының мүшелері**

1. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, бағалы қағаздардан басқа, өзге қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру құқығы бар өзге де заңды тұлғалар қор биржасының мүшелері болып табылады.

2. Қор биржасында бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының кемінде он мүшесі болуға тиіс.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 3-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

3. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығына қатысушылар қор биржасының мүшелері бола алады.

4. Қор биржасының мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар, мүшелікке қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру және одан айыру тәртібі, сондай-ақ қор биржасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттемелері Қор биржасының ережелерінде белгіленеді.

5. Қор биржасының мүшелері мәмілелерді жасау осы мүшелер үшін қор биржасының ережелерінде жол берілетін қаржы құралдарының түрлері бойынша сауда-саттыққа қатысуға құқылы.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР [Заңымен](#) 6-тармақпен толықтырылды; 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 6-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

6. Қор биржасының мүшелері қор биржасына тізбесі мен беру мерзімдері қор биржасының қағидаларында айқындалатын қаржылық есептілік пен өзге де ақпаратты беруге міндетті.

### **87-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметін қаржыландыру**

1. 2005.08.07 ж. № 72-III ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *( бұр. ред. қара)*

2. Сауда-саттықты ұйымдастырушы мынадай жағдайларда:

1) сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелігіне кіргені үшін;

2) сауда-саттықты ұйымдастырушының мүлкін пайдаланғаны үшін;

3) бағалы қағаздар листингі үшін және олардың сауда-саттықты ұйымдастырушысының тізімінде болғаны үшін;

4) мәмілелерді тіркеу және ресімдеу үшін;

5) ақпараттық қызмет көрсеткені үшін;

6) сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелерімен көзделген өзге де жағдайларда ақшалай жарналар мен алымдар алады.

*2007.19.02. № 230-ІІІ ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2007.21.07. № 309-ІІІ ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2008.23.10. № 72-ІV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-ІV ҚР Заңымен 88-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара)*

### **88-бап. Қор биржасының қызметі**

1. Қор биржасы Қазақстан Республикасының заңнамасына және қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес бағалы қағаздардан да өзге қаржы құралдарымен де сауда-саттық ұйымдастыруға және өткізуге құқылы.

2. Қор биржасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) сауда жүйелерін пайдалану және қолдау;

2) бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілуі көзделетін немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ қор биржасында айналымға жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына қойылатын талаптарды белгілеу;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-1) тармақшамен толықтырылды*

2-1) бағалы қағаздар болып табылмайтын қаржы құралдарын қор биржасында айналысқа жіберу және осындай айналысты тоқтату шарттары мен тәртібін айқындау;

3) қор биржасында айналымға жіберілген бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мақсатында өз мүшелерінің сауда жүйелеріне кіруіне мүмкіндік жасау;

4) 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

5) қор биржасының трейдерлеріне сауда-саттыққа қатысуға рұқсат беру және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарын, қор биржасының қағидаларын бұзған жағдайларда, сондай-ақ қор биржасының қағидаларында белгіленген өзге де жағдайларда оларды сауда-саттыққа қатысудан шеттету;

6) сауда-саттыққа жіберілген, сауда-саттыққа қатысудан шеттетілген (шеттету себебін көрсете отырып) қор биржасы трейдерлерінің тізілімін жүргізу және оны қор биржасының интернет-ресурсында орналастыру;

7) қор биржасында айналымға жіберілген бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 8) тармақша жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

8) қор биржасының сауда жүйесінде бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерге мониторингті және талдауды жүзеге асыру;

9) 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

10) уәкілетті органға қор биржасының сауда жүйесінде жасалған мәмілелерді мониторингтеудің және талдаудың нәтижелері туралы, сондай-ақ қор биржасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарын, қор биржасының қағидаларын бұзуы туралы ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен беру;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 11) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

11) барлық бағалы қағазы оңайлатылған рәсім бойынша қор биржасының ресми тізіміне енгізілген эмитенттерді қоспағанда, қор биржасының ресми тізіміндегі бағалы қағаздар эмитенттерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және қор биржасының ішкі құжаттарында талап етілетін көлемде ақпаратты ашып көрсетуін мониторингтеу;»;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 12) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

12) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды ұйымдастыру және жүзеге асыру не мұндай есеп айырысуларды жүзеге асыруға қажетті ақпаратты әзірлеу;

13) 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

14) бағалы қағаздар рыногы және өзге де қаржы құралдары мәселелері бойынша талдамалық зерттеулер жүргізу;

15) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген тәртіппен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру;

16) қор биржасындағы сауда-саттықты тоқтата тұрудың және қайта бастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

17) қор биржасы мүшелерінің қаржылық жағдайына мониторинг;

18) интернет-ресурста барлық корпоративтік оқиғалар, бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген эмитенттердің және қор биржасы мүшелерінің тоқсан сайынғы қаржылық есептілігі туралы ақпаратты қор биржасының қағидаларында белгіленген тәртіппен жариялау;

*2015.24.11. № 422-V ҚР [Заңымен](#) 18-1) тармақшамен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

18-1) дефолтты реттеуі және орталық контрагенттің функцияларын орындауы кезінде бағалы қағаздар және қор биржасында айналысқа жіберілген өзге де қаржы құралдары бойынша сауда-саттыққа қатысу;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) 18-2) тармақшамен толықтырылды; 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 18-2) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))*

18-2) егер бағалы қағаздардың биржалық нарығының интеграцияланған ақпараттық жүйесінің болуы сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген болса, осындай жүйенің жұмыс істеуін және оны техникалық қолдап отыруды қамтамасыз ету;

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) 19) тармақша өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))*

19) осы Заңда және қор биржасының ішкі құжаттарында көзделген өзге де функциялар.  
*2015.24.11. № 422-V ҚР [Заңымен](#) 3-тармақпен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

3. Қор биржасы дефолтты реттеуі, орталық контрагенттің функцияларын орындауы кезінде өзінің сауда жүйесінде қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысады.

*2017.27.02. № 49-VI ҚР [Заңымен](#) 4-тармақпен толықтырылды*

4. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында жасалған мәміле жарамсыз деп танылған жағдайда, тараптардың осы мәміле бойынша барлық алғандарын қайтаруына жол берілмейді.

Ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында жасалған мәміленің жарамсыздығын туындатқан әрекеттерді жасаудағы кінәлі тарап залал шеккен мәміле тарапына немесе аталған мәмілені жасау нәтижесінде құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған тұлғаға залалды өтеуге міндетті.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) 5-тармақпен толықтырылды; 2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 5-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))*

5. Егер бағалы қағаздардың биржалық нарығының интеграцияланған ақпараттық жүйесінің болуы сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген болса, қор биржасы өзінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен осындай жүйенің жұмыс істеуін және оны техникалық қолдап отыруды қамтамасыз етеді.

Қор биржасының мүшелері, өзге де заңды және жеке тұлғалар бағалы қағаздар биржалық нарығының интеграцияланған ақпараттық жүйесін пайдаланушылар бола алады. Бағалы қағаздар биржалық нарығының интеграцияланған ақпараттық жүйесіне жіберу тәртібі қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдары бағалы қағаздар биржалық нарығының ақпараттық жүйесіне орналастыруға және айналысқа жіберілмейді.

Қор биржасы бағалы қағаздар биржалық нарығының ақпараттық жүйесінде айналысқа жіберілетін бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының тізбесін қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес қалыптастырады.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 89-бап жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

#### **89-бап. Қор биржасының тізімі**

1. Бағалы қағаздарын қор биржасының тізіміне енгізу болжанатын немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптар мен шарттар оның қағидаларында белгіленеді.

Уәкілетті орган эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасының ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Акциялары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, қор биржасының ресми тізімінің санаттарына енгізілген эмитенттер, сондай-ақ оларды жіберуге бастамашылар орналастырылған және еркін айналыстағы акциялардың қор биржасының қағидаларында белгіленген ең төмен көлемін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу үшін эмитент брокермен және (немесе) дилермен осы Заңның [64-бабының 3-тармағы бірінші бөлігінің 3\) тармақшасында](#) аталған қызметтерді көрсетуге арналған шартты жасасуға міндетті.

Осы тармақтың талабы қаржы ұйымы болып табылатын эмитентке қолданылмайды.

4. Эмиссиялық бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген эмитенттер, сондай-ақ осы бағалы қағаздарды жіберуге бастамашылар осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және қор биржасының қағидаларында эмитенттің қызметі және қор биржасының ресми тізіміне енгізілетін бағалы қағаздар туралы ақпаратты ашып көрсетуге қатысты белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.

5. Эмиссиялық бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген эмитент үшін корпоративтік басқару кодексінің болуы міндетті.

Эмиссиялық бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген эмитент Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жанындағы Корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңес қабылдаған қазақстандық (елдік) корпоративтік басқару кодексін пайдалануға құқылы.

Эмиссиялық бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген эмитент қазақстандық (елдік) корпоративтік басқару кодексін пайдалану кезінде жыл сайын қазақстандық (елдік) корпоративтік басқару кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде, жылдық есеп шеңберінде оны өзінің корпоративтік интернет-ресурсында жариялау арқылы қазақстандық (елдік) корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы ақпаратты ашып көрсетеді.

Осы тармақтың талаптары тек қана жеке орналастыруға жататын облигацияларды шығаруды жүзеге асыратын эмитенттерге, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын эмитенттерге қолданылмайды.

*90-бап. 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен алып тасталды (2019 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 90-1-баппен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

#### **90-1-бап. Орталық контрагенттің қызметін жүзеге асыру шарттары мен тәртібі**

1. Клиринг ұйымы, орталық депозитарий немесе қор биржасы уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде белгіленген шарттарда және тәртіппен орталық контрагент болуға құқылы.

2. Орталық контрагент өз қызметінің тәуекелдерін азайту үшін:

1) тәуекелдерді басқару жүйесін құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 2) тармақша өзгертілді*

2) орталық контрагенттің меншікті активтері есебінен қалыптастырылған резервтік қорды және клирингтік қатысушылардың жарналары есебінен қалыптастырылған кепілдік қорларды ең төмен деңгейде ұстап тұруға;

3) уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыруға міндетті.

3. Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдері мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын [талаптар](#) уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде белгіленеді.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 90-2-баппен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

**90-2-бап. Орталық контрагенттің шектеулі жауапкершілігі және құқықтары**

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

1. Орталық контрагент жаңалау немесе өзге тәсіл арқылы мәміленің тарапы мәртебесін қабылдаған қаржы құралдарымен мәмілелерді орындау бойынша оның жауапкершілігі қаржы құралдарының белгілі бір түрі (типі, атауы) үшін (немесе белгілі бір нарық, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының секторы үшін) оның резервтік қорын құрайтын, орталық контрагенттің ішкі құжаттарында белгіленген мөлшердегі активтерімен шектеледі.

2. Уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде және (немесе) орталық контрагенттің ішкі құжаттарында белгіленген іске асыру шарттарымен және тәртібімен орталық контрагенттің:

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

1) клирингтік қатысушының төлем қабілетсіздігін немесе оның қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемені орындауға қабілетсіздігін анықтау;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

2) клирингтік қатысушының мәмілелерін (позицияларды мәжбүрлеп жабу, қаржы құралдарының төлемдері, аударымдары бойынша) орындау немесе оның активтерін басқару (кез келген мәмілелерді, шарттарды жасау және орындау), ол жол берген дефолтты реттеу үшін оны ішінара қамтамасыз етуді немесе басқа активтерді қолдану (пайдалану);

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

3) дефолттың залалдарын жабу үшін маржа жарналарын, клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларының активтерін қоса алғанда, оның иелігіндегі қаржы активтерін пайдалану;

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

4) орталық контрагенттің көрсетілетін қызметтерін пайдалана отырып, клирингтік қатысушы өз клиентінің мүдделері үшін жасасқан мәміле бойынша дефолтты реттеу үшін орталық контрагент пен осы брокер арасындағы тиісті қосылу шартында белгіленген шарттармен және тәртіппен осы клирингтік қатысушының (орталық депозитарийдің және (немесе) клиринг ұйымына қызмет көрсететін есеп айырысу ұйымының шоттарындағы) меншікті активтерін пайдалану бойынша құқықтары белгіленуі мүмкін.

3. Орталық контрагенттің осы баптың 2-тармағында көрсетілген құқықтарды іске асырудың және рәсімдерді жүргізудің шарттары мен тәртібіне қатысты ішкі құжаттары орталық контрагенттің барлық клиенттеріне танысу үшін қолжетімді болуға тиіс.

4. Орталық контрагент сауда-саттыққа адал қатысушылардың заңды талаптарын орындау мақсатында дефолтты реттеу үшін қолданатын және оның ішкі құжаттарына

сәйкес жүзеге асырылған әрекеттер соттың шешімі бойынша ғана жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Бұл ретте осы әрекеттерге сотқа шағым жасау олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

### **18-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіптік ұйымдар және өзара сақтандыру қоғамдары**

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 91-бап жаңа редакцияда ( бұр. ред. қара)*

#### **91-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның міндеттері**

Өзін-өзі реттейтін ұйымның негізгі міндеті өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырудың бірыңғай жағдайларын жасауды қамтамасыз ету болып табылады.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен ( бұр. ред. қара); 2008.20.11. № 88-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 92-бап өзгертілді; 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 92-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара); 2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 92-бап өзгертілді (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

#### **92-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың құқықтық жағдайы**

Кәсіптік ұйым коммерциялық емес ұйым түрінде құрылады.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның атауы осы ұйым мүшелерінің негізгі қызмет түрін көрсетуге, сондай-ақ «қауымдастық», «одақ» немесе «бірлестік» деген сөздерді қамтуға тиіс.

#### **93-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның функциялары**

*2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Кәсіптік ұйым өзінің жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асыруға:

1) уәкілетті органға нормативтік құқықтық актілердің жобалары, бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыру тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу бойынша ұсыныстар беруге;

2) мемлекеттік, қоғамдық, шетелдік және халықаралық ұйымдарда кәсіптік ұйым мүшелерінің мүдделерін білдіруге;

3) кәсіптік ұйым мүшелері арасындағы бағалы қағаздар нарығында туындайтын дауларды және мүшелер мен олардың клиенттері арасындағы дауларды қарауға;

4) оқу бағдарламаларын әзірлеуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға ниетті адамдарды оқытуды жүргізуге;

5) кәсіптік ұйым мүшелерінің кәсіби қызметінің бірыңғай қағидалары мен стандарттарын белгілеуге, сондай-ақ кәсіптік ұйым мүшелерінің оларды сақтауын қамтамасыз етуге;

6) кәсіптік ұйым мүшелерінің рейтингтерін жасауға және жариялауға;

7) кәсіптік ұйым мүшелерінің қызметіне тексерулер жүргізуге;

8) уәкілетті органға кәсіптік ұйым мүшесінің лицензиясын тоқтата тұру және одан айыру туралы өтінішхат жіберуге;

9) өз мүшелерінің бағалы қағаздар нарығындағы қызметін бақылауды жүзеге асыруға және оның ішкі құжаттарында белгіленген ықпал ету шараларын Қазақстан Республикасының заңнамасын және кәсіптік ұйымның ішкі құжаттарын бұзуға жол берген кәсіптік ұйым мүшелеріне қолдануға құқылы.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйым өз мүшелерінен, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, олардың бағалы қағаздар рыногындағы қызметі туралы ақпарат табыс етуді талап етуге құқылы.

3. Өзін-өзі реттейтін ұйым өз мүшелерінің қызметі мәселелері бойынша уәкілетті орган беретін ақпаратты өзінің мүшелеріне жеткізіп отыруға міндетті.

#### **94-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттары**

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттары:

1) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері қызметінің ережелері мен стандарттарын;  
*2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)*

2) өзін-өзі реттейтін ұйымның өз мүшелерінің қызметіне қатысты бақылау іс-шараларын жүргізу ережелерін;

*2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)*

3) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері арасындағы дауларды шешу ережелерін;

4) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру және өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігінен шығару ережесін;

5) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кәсіби этика ережелерін;

6) 2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

7) өзін-өзі реттейтін ұйымның бөлімшелері, комитеттері, филиалдары мен өкілдіктері қызметінің тәртібін белгілеуге тиіс.

*2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакциядаі (бұр. ред. қара);*

*2025.30.06. № 205-VІІІ ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген кәсіптік ұйымның ішкі құжаттарын кәсіптік ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы бекітеді.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттары өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері үшін оның мүшелерінің жалпы жиналысы белгілеген күннен бастап міндетті болады.

**95-бап.** 2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *( бұр. ред. қара)*

**96-бап.** 2005.08.07 ж. № 72-ІІІ ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *( бұр. ред. қара)*

#### **97-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның уәкілетті органмен өзара қатынастары**

1. Осы Заңда және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметіне араласуға құқығы жоқ.

*2025.30.06. № 205-VІІІ ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2. Өзін-өзі реттейтін ұйым өз мүшесінің Қазақстан Республикасының заңдарын, өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын бұзғаны туралы, сондай-ақ өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелеріне қатысты қолданылған ықпал ету шаралары туралы ақпаратты уәкілетті органның назарына жеткізуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары ішкі құжаттарында және жарғысында осы Заңның [93-бабы 1-тармағының 3\), 5\), 6\), 7\), 8\) және 9\) тармақшаларында](#) көрсетілген функцияларды жүзеге асыру көзделген кәсіптік ұйымдарға қолданылады.

*2025.30.06. № 205-VІІІ ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

3. Уәкілетті орган өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің және оның клиенттерінің мүдделері қозғалатын нормативтік құқықтық актіні әзірлеу кезінде өзін-өзі реттейтін ұйымның мамандарын тартады не оның сараптама қорытындысын сұратады.

### **98-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау тәртібі**

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау тәртібі өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау туралы өтініш оның өзін-өзі реттейтін ұйымға түскен кезінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады. Өтінішке тізбесі өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарында айқындалатын құжаттар қоса тіркеледі. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау туралы шешімді өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кеңесі қабылдайды.

3. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдаудан бас тарту туралы шешім жөнінде сотқа шағым жасалуы мүмкін.

### **99-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшеліктің тоқтатылуы**

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігінен шығару өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес мынадай жағдайларда:

1) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің өтініші бойынша;

*2007.12.01 № 222-III ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (күшіне енетін мерзімін қара) (бұр.ред.қара)*

2) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесін бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырған немесе лицензияның қолданылуы тоқтатылған;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарын және өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын бұзған жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігінен шығаруға өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелері кеңесінің мүшеліктен шығару туралы шешімінің көшірмесі берілген күннен бастап бір ай мерзімде сотқа шағым жасалуы мүмкін.

### **100-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелері клиенттерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау**

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 3-тармақ өзгертілді*

1. Өзін-өзі реттейтін ұйым өз мүшелері клиенттерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды олардың өтініштерін қарау арқылы жүзеге асырады. Өзін-өзі реттейтін ұйым клиенттердің өтініштерін қарау қорытындылары бойынша және негіздемелер болған жағдайда өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесіне қатысты ықпал ету шараларын қолданады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары ішкі құжаттарында және жарғысында осы Заңның 93-бабы 1-тармағының 3), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген функцияларды жүзеге асыру көзделген кәсіптік ұйымдарға қолданылады.

2. Өтінішті қараудан заңсыз бас тартуға өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің клиенті уәкілетті органға шағым жасай алады.

*2007.19.02. № 230-III ҚР Заңымен 100-1-баппен толықтырылды*

### **100-1-бап. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының жауапкершілігін өзара сақтандыру қоғамдары**

1. Инвесторларға бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары келтірген залалдарды өтеуді қамтамасыз ету мақсатында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен өзара сақтандыру қоғамдарын құруға құқылы.

2. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының өзара сақтандыру қоғамдарын құрудың және олардың жұмысының ерекшеліктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

## 19-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы ақпарат

**101-бап.** 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) 102-бап жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

### **102-бап. Эмитенттің ақпаратты жария етуі**

2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 1-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))

1. Бағалы қағаздар нарығында ақпаратты жария ету деп Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес осы ақпаратты алу мақсаттарына қарамастан, осыған мүдделі барлық тұлғаларға оның қолжетімділігін қамтамасыз ету түсініледі.

Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздар шығару шарттарында қамтылған ақпарат осыған мүдделі барлық тұлғаларға қолжетімді болып табылады.

2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 2-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред. қара](#))

2. Эмитент эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысы кезеңінде осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында:

*1) тармақшаның қолданысы 2023 ж. 1 қаңтарға дейін тоқтатылды, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақша 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңның [2-бабының 8-тармағының редакциясында қолданылды](#) ([бұр.ред. қара](#))*

1) орталық депозитарий ашып көрсететін, осы баптың 5-тармағының 3), 5) 6) және 6-1) тармақшаларында көрсетілген оқиғалар туралы ақпаратты қоспағанда, эмитенттің корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты;

2) жыл қорытындысы бойынша акционерлік қоғамның атқарушы органы мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты;

3) акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді;

SUB10202044) эмитенттің қатысу үлестерінің он және одан көп пайызын иеленетін қатысушылардың құрамын;

5) эмитент әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан көп пайызын иеленетін ұйымдардың тізімін;

6) эмитенттің жылдық қаржылық есептілігін және эмитенттің аудиторлық есептерін (аудиторлық есептерді ашып көрсетуді «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес міндетті аудитке жататын эмитенттер жүзеге асырады);

7) акционерлік қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін ашып көрсетуді жүзеге асыруға міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін

басқаруға байланысты ақпарат пен мәліметтерге қолданылмайды.

Бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген эмитент осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратқа қосымша ретінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті ашып көрсетуді жүзеге асыруға міндетті.

3. Бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген эмитент қор биржасының интернет-ресурсында осы баптың 2-тармағында көрсетілген ақпаратты, сондай-ақ қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де ақпаратты жария етуді қосымша қамтамасыз етуге міндетті.

4. Шығарылымы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысы кезеңі деп мыналар түсініледі:

акциялар үшін - уәкілетті орган акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап және осы акциялар шығарылымының күші жойылған күнге дейінгі кезең, оның ішінде акциялармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалуы мүмкін;

облигациялар үшін - облигацияларды шығару проспектісінде айқындалған кезең, оның ішінде облигациялармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалуы мүмкін;

пайлар үшін - уәкілетті орган пайлар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап және инвестициялық пай қорының қызметі тоқтатылған күнге дейінгі кезең, оның ішінде пайлармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалуы мүмкін;

өзге эмиссиялық бағалы қағаздар үшін - эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару шарттарында айқындалған кезең, оның ішінде осы бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалуы мүмкін.

5. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат деп:

1) акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысы немесе жалғыз акционер (қатысушы) қабылдаған шешімдер;

2) эмитенттің басқару органының (байқаушы кеңесінің), атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) құрамын көрсете отырып, эмитенттің басқару органын (байқаушы кеңесін), атқарушы органын (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаны) сайлау, сондай-ақ эмитенттің басқару органының (байқаушы кеңесінің), атқарушы органының (атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) құрамындағы өзгерістер; *2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

3) эмитенттің дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызын иеленетін акционерлердің құрамындағы өзгерістер; *2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-1) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

3-1) эмитенттің қатысу үлестерінің он және одан көп пайызын иеленетін қатысушылардың құрамындағы өзгерістер; *2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

4) эмитенттің директорлар кеңесі қабылдаған немесе акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің мынадай шешімдерді қабылдауға уәкілеттік берілген тиісті органы қабылдаған:

акционерлердің (қатысушылардың) жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру;

жарияланған акцияларды орналастыру (өткізу), оның ішінде олардың саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы;

егер қоғам сатып алатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының бір пайызынан асып түссе, эмитенттің орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы;

облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығару;

ірі мәмілелерді және (немесе) бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: акционерлік қоғамның оларды жасасуға мүдделігі бар және акционерлік қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны акционерлік қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер;

5) акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) өзге де ақшалай міндеттемелерін акционерлік қоғамның жай акцияларына конвертациялау;

б) акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғамның акцияларының басқа түріне айырбастау;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 6-1) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

6-1) акцияларды бөлшектеу;

7) эмитент әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан көп пайызын иеленетін ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 8) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

8) акционерлік қоғамның ірі мәмілелерді және (немесе) бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: акционерлік қоғамның оларды жасасуға мүдделілігі бар және акционерлік қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны акционерлік қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелерді жасауы туралы мәліметтер түсініледі.

Нәтижесінде акционерлік қоғам активтері мөлшерінің он және одан көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен шарттары туралы мәліметтер, сондай-ақ болған кезде, мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс;

9) эмитентті мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі;

10) эмитенттің мүлкін осы эмитент активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомаға кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ эмитенттің мүлкін осы эмитент активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомаға кепілден (қайта кепілден) шығару;

11) құны эмитент активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің мүлкіне тыйым салу (мүліктен тыйымды алу);

12) эмитент активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде эмитенттің қарыз алуы, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есепке жазылған сыйақыны толық өтеу туралы;

13) солардың нәтижесінде баланстық құны эмитент активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құраған эмитенттің мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;

14) сотта корпоративтік дау бойынша істі қозғау;

15) бірінші санаттағы рұқсаттарды алу (тоқтату, тоқтата тұру);

16) мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитентінің негізгі қызмет түрлерін өзгертуі;

17) эмитенттің жарғысына және эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне сәйкес эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) және (немесе) инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы мәліметтер түсініледі.

6. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жариялаудың (бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына жеткізудің) өзге мерзімдері көзделмеген жағдайда, эмитент осы ақпаратты ол туындаған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде жария етеді.

Эмитент қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интрнет-ресурсында осы баптың талаптарына сәйкес ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде жария етуді қамтамасыз етеді.

7. Эмитенттің ақпаратты жария ету тәртібі, эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Эмитенттің ақпаратты жария ету тәртібі, жария етілуге жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ ақпаратты қор биржасының интернет-ресурсында жария ету мерзімдері қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 7-1-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

7-1. Осы баптың 2 және 3-тармақтарының талаптары тек қана жеке орналастыруға жататын, қор биржасының ресми тізіміне енгізілмеген облигацияларды шығаруды жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қолданылмайды.

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 7-2-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)*

7-2. Осы баптың 2-тармағының талаптары «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асырған Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарына қолданылады.

8. Осы баптың талаптары Қазақстан Республикасының бейрезидент-эмитенттеріне және халықаралық қаржы ұйымдарына қолданылмайды.

### **103-бап. Лицензиаттың ақпаратты ашып көрсетуі**

Лицензиат:

1) шартқа сәйкес өз клиентінің алдында оның құқықтары мен мүдделері қозғалатын ақпаратты ашып көрсетуге;

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред. қара)*

2) клиентке қаржы құралдары мен эмитенттер туралы лицензиаттың қолында бар ақпаратпен (бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық құпияны және заңдармен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда) танысуға мүмкіндік беруге;

*2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

3) өзінің клиентін осы клиенттің бұйрығы бойынша қаржы құралдарымен мәміле жасасу және (немесе) оған инвестициялық консультация беру жөніндегі қызметтерді көрсету процесінде мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндіктері мен фактілері туралы хабардар етуге;

4) өзінің клиентін қаржы құралдарымен жасалады деп жорамалданып отырған мәмілелерге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен ерекше талаптар туралы хабардар етуге;

5) өзінің клиентіне оның бұйрығын орындаудан бас тартылу себептерін түсіндіруге;

6) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңдарында ашып көрсету міндетті болып белгіленген қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты, сондай-ақ өз бұйрықтары бойынша осындай мәмілелер жасалған клиенттер туралы ақпаратты табыс етуге;

7) эмитенттерден алынған және таратуға арналған ақпаратты клиенттердің назарына жеткізуге;

8) клиенттердің алдында лицензиат қызметіне қатысты ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген көлемде және тәртіппен ашып көрсетуге;

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 8-1) тармақшамен толықтырылды*

8-1) комиссиялық сыйақы мөлшерін бекіткен лицензиат органының атауын, лицензиат органының оларды бекіту туралы шешімінің күні мен нөмірін көрсете отырып, бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру шеңберінде қызметтер көрсеткені үшін клиенттерден - жеке тұлғалардан алынатын комиссиялық сыйақының мөлшері туралы

ақпаратты интернет-ресурста немесе клиенттердің танысуы үшін қолжетімді орында орналастыруға және оны жаңартылған қалпында ұстауға;

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 9) тармақша өзгертілді (бұр.ред. қара)*

9) лицензияны алу кезінде табыс етілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтыруларды уәкілетті органның назарына мұндай өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде жеткізуге міндетті.

#### **104-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушының ақпаратты ашып көрсетуі**

1. Сауда-саттықты ұйымдастырушы кез келген мүдделі тұлғаның алдында өзінің тізіміне енгізілген бағалы қағаздар және олардың эмитенттері туралы өзінде бар мәліметтерді (бағалы қағаздар рыногында қызметтік және коммерциялық құпияны құрайтын ақпараттарды қоспағанда) ашып көрсетуге міндетті.

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2024.19.06. № 94-VIII ҚР Заңымен (2024 ж. 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара) 2-тармақ өзгертілді*

2. Сауда-саттықты ұйымдастырушы осы баптың 1-тармағына сәйкес ашып көрсетуге тиіс ақпаратты ол «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында және (немесе) сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін қолжетімді әдістермен таратады.

3. Сауда-саттықты ұйымдастырушының осы баптың 1-тармағына сәйкес ашып көрсетуге жататын ақпаратты осы сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшелерінің арасында тарату тәртібі және өзіндегі аталған ақпарат бар құжаттардың көшірмелерін мүдделі тұлғаларға табыс ету тәртібі сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарымен белгіленеді.

#### **105-бап. Инвестордың және тіркелген тұлғаның ақпаратты жария етуі**

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Тіркелген тұлға орталық депозитарийге (нақтылы ұстаушыға) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі және (немесе) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі өз деректерінің өзгерістері туралы мұндай өзгерістер туындаған кезден бастап он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

*2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2. Орталық депозитарий (нақтылы ұстаушы) тіркелген тұлғадан бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіндегі және (немесе) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі деректердің өзгерістері туралы мәліметтер алмауы немесе уақтылы алмауы салдарынан келтірілген шығын үшін тіркелген тұлғаның алдында жауапты болмайды.

3. Қазақстан Республикасының заң актілерінде инвестордың (бағалы қағазды ұстаушының) эмиссиялық бағалы қағаздарға инвестицияларды жүзеге асыру кезінде өзі және өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты мемлекеттік органдардың алдында ашып көрсетуге міндетті екені белгіленуі мүмкін.

**106-бап.** 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

*2005.08.07 ж. № 72-III ҚР Заңымен 107-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 107-бап өзгертілді (бұр.ред. қара); 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 107-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара); 2019.02.04. № 241-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара); 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара) 107-бап өзгертілді*

#### **107-бап. Уәкілетті органның ақпарат алу құқығы**

Уәкілетті органға жүктелген функцияларды сапалы және уақтылы орындауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ ақша-кредит статистикасын қалыптастыру, экономикалық ахуалды талдау мақсатында уәкілетті орган, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз құзыреті шегінде эмитенттен, лицензиаттан және өзін-өзі реттейтін ұйымнан, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалардан қажетті (оның ішінде бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын) ақпаратты алады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы [заңнамасында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда, алынған мәліметтер жария етуге жатпайды.

Осы Заңда белгіленген жарияланған акциялар шығарылымын тіркеу мерзімдерінің сақталуын бақылау мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы және (немесе) әділет органдары уәкілетті органға оның сұрау салуы бойынша акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында тіркелген заңды тұлғалар туралы ақпарат ұсынады.

## 20-тарау. Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін бақылау

*2018.02.07. № 168-VI ҚР [Заңымен](#) 108-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

**108-бап. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушыларының, кәсіби ұйымдар мен эмитенттердің қызметін тексеру**

1. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушыларының, кәсіби ұйымдар мен эмитенттердің қызметіне тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

2. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларды, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларын, кәсіби ұйымдар мен эмитенттерді тексеруді уәкілетті орган дербес не басқа мемлекеттік органдарды және (немесе) ұйымдарды тарта отырып жүргізеді.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметіне тексеру жүргізген кезде уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың үлестес тұлғаларының қызметін тек олардың бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметіне әсер ету дәрежесі мен сипатын айқындау мақсатында ғана тексеруге құқылы.

**109-бап.** 2008.23.10. № 72-IV ҚР [Заңымен](#) алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

*2018.02.07. № 168-VI ҚР [Заңымен](#) 110-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

**110-бап. Эмитенттің қызметін бақылау және қадағалау**

Эмитенттердің қызметін бақылау және қадағалау тексеру жүргізу нысанында және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де нысандарда мынадай мәселелер бойынша жүзеге асырылады:

*2022.12.07. № 138-VII ҚР [Заңымен](#) 1) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред. қара)*

1) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы шарттарында және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген, оның ішінде мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеу тәртібі жөніндегі шарттарды сақтауы;

2) ірі мәмілелерді және жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу кезінде Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын сақтау;

3) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің өз қызметі туралы ақпаратты жариялауы жөніндегі осы Заңда белгіленген талаптарды сақтау;

4) бағалы қағаздарды ұсатушылардың құқықтары мен мүдделерін сақтау;

5) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсынған, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеген, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті және акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті [бекіткен](#) кезде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын сақтауы.

### **111-бап. Лицензиаттың қызметін бақылау**

Уәкілетті орган бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін лицензиатқа мынадай мәселелер:

1) бағалы қағаздар рыногында жүзеге асырылатын қызметтің Қазақстан Республикасының заңдарына, өзін-өзі реттейтін ұйымның және лицензиаттың ішкі құжаттарына сәйкестігі;

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)*

2) лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыру процесінде клиенттердің құқықтары мен мүдделерін сақтау;

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)*

3) лицензиаттың қаржылық тұрақтылығының пруденциялық нормативтерін және өзге де көрсеткіштерін немесе өлшемдерін (нормативтерін) сақтау;

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)*

4) ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен бап 5) тармақшамен толықтырылды*

5) лицензияны ерікті түрде қайтаруына байланысты лицензияның қолданылуын тоқтату мәселелері бойынша тексеру жүргізуге құқылы.

### **112-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметін бақылау**

Өзін-өзі реттейтін ұйымға қатысты бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін уәкілетті орган:

1) кәсіптік ұйымның қызметі туралы, сондай-ақ оның мүшелерінің қызметі туралы ақпарат табыс етуді талап етуге;

2) өзін-өзі реттейтін ұйымға орындалуы міндетті ұйғарымдар жіберуге және олардың орындалуы туралы есеп табыс етуді талап етуге құқылы.

## **21-тарау. Қорытынды ережелер**

*2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2020.29.06. № 351-VI ҚР Заңымен (2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 113-бап өзгертілді*

### **113-бап. Уәкілетті органның шешімдеріне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасау**

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарының бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының [заңдарына](#) сәйкес жауапты болады.

Уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың кәсіби қызметін реттеу саласындағы әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты қадағалап ден қою шараларын (қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларынан басқа)

және (немесе) санкцияларды қолдану туралы шешіміне шағым жасау шағым жасалып отырған шешімнің немесе әрекеттердің (әрекетсіздіктің) орындалуын тоқтата тұрмайды.

*2005.08.07 жс. № 72-III ҚР Заңымен 113-1-баппен толықтырылды*

**113-1-бап. Акциялар эмиссиясы осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін тіркелген акционерлік қоғамдарда акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп не акциялар эмиссиясы жасалмады деп танудың салдарлары**

1. Акциялар эмиссиясы осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін тіркелген акционерлік қоғамдарда акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп таныған жағдайда осы акционерлік қоғам акцияларының барлық эмиссиясы жойылуға тиіс.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қоғамның акциялар эмиссиясы жасалмады деп танылған жағдайда қоғам акцияларының эмиссиясы жасалмады деп тану туралы шешім негізінде бұл эмиссия жойылуға тиіс.

**113-2-бап.** 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(2021 жс. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

**114-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*2012.12.01. № 538-IV ҚР Заңымен 1-1-тармақпен толықтырылды*

1-1. Осы Заңның 22-бабы 1-тармағының екінші бөлігі 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 5, 52-құжат; № 12, 184-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 15-16, 238-құжат; 2003 жылғы 23 мамырда «Егемен Қазақстан» және 2003 жылғы 21 мамырда «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2003 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2003 жылғы 10 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ипотекалық кредиттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы);

2) «Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы» 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 5, 53-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 17-18, 224-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 238-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; 2003 жылғы 23 мамырда «Егемен Қазақстан» және 2003 жылғы 21 мамырда «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2003 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы).

**Қазақстан Республикасының  
Президенті**

**Н. Назарбаев**

Астана, Ақорда, 2008 жылғы шілдедегі 2-і.  
№ 461-II

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)